

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘЛЕМДІК САЯСАТ ЖҮЙЕСІНДЕ**

*Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде*

**2-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

ӘОЖ 323(574)=512.122  
КБЖ 66.3(5 Каз)=632.4  
Қ 18

**ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен.**

**Құрастырушы авторлар:** Байжабагинова Г.А., Матвеевкова Л.Г., Волкова А.В., Сламбекова А.К., Смағұлов Н.К., Шаймұханова С.Д., Даниярова А.Е., Сүлейменова М.Ж., Әбдірахманова А.А., Ошанов Н.З., Мақалақов Т.Ж., Нұғман Б.Ғ., Тлеуғабылова Қ.С., Жетпісбаев А.О., Есенжолов Е.С.

**Қ 18 Қазақстан Республикасы әлемдік саясат жүйесінде.** Студенттік топтар кураторларына көмек. 2-кітап./ ҚР ҰҒА академигі А.М.Ғазалиевтің редакциясымен. – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 98 б.

Жинақ Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу жолындағы тарихи жағдайлардың күрделілігі мен алуан түрлілігін айқара ашатын мақалалардан тұрады, еліміздің әлемдік қоғамдастыққа кіру процесін көрсетеді және жеке елдермен де, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен де ынтымақтастықтың алуан түрлері мен әдістерін бөліп қарастырады.

Жинақ қазақстандық жас ұрпақтарды патриоттық және саяси-идеялық тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру мақсатында оқушыларға және студент жастарға, сондай-ақ академиялық топтардың кураторларына арналған.

ӘОЖ 323(574)=512.122  
КБЖ 66.3(5 Каз)=632.4

© Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті, 2011



## Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметінің қалыптасуындағы Президент Н.Ә.Назарбаевтың рөлі

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Смағұлов Н.К.*

Қазақстан Республикасы, ең алдымен аумақтық тұтастық пен егемендікті, азаматтардың саулығы мен олардың конституциялық құқықтарын астарлай отырып, өзінің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін қорғау саясатын өзгеріссіз жүргізіп келеді. Қазақстанда болып жатқан ірі әлеуметтік-саяси және экономикалық түрленуді ескере отырып, Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның сыртқы саясатының ұзақ мерзімдік мақсаты ретінде ел ішінде реформаны табысты өткізудің, Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының қолайлы жағдайларын қалыптастыру мен қолдауын анықтады.

Мұндай белгілеу, оның сыртқы прагматизміне қарамастан, дипломатиялық жұмыс саласының изоляционизміне немесе тарылуына шақыруын білдірмейтіндігі аян. Керісінше, ішкі реформаларды табысты жүргізудің шұғыл жағдайы ретінде Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа, барлық мүдделі елдермен екі жақты ынтымақтастықты және халықаралық ұйымдардағы белсенді жұмыстарын дамыту жолымен лайықты ену міндеті қойылды.

Қазақстан өзінің геосаяси жағдайының ерекшеліктеріне қарай көп векторлық саясатын, еуропалық, сондай-ақ азия елдерімен тепе-теңдік қатынастардың даму бағытын жүзеге асыра отырып, ұстанады.

Наполеон Бонапарттың, «мемлекет саясаты оның географиясымен анықталады» деген белгілі ой-пікірі қазақстандық сыртқы саясат үшін де толық қабылданарлық, оған Н.Ә.Назарбаев көп көңіл аударады. Бұл түсінікті де. Сыртқы саясат мәселелері әрқашан ұлттық үкіметтердің көз жазбай көңіл аударатын заты болып табылады.

Атап айтқанда, Қазақстанның көп векторлық сыртқы саясаты – бұл Н.Ә.Назарбаевтың субъективтік қалауы немесе «доктринасы» емес, тәуелсіз жас мемлекеттің географиялық орналасуының, Орталық Азия аймағындағы әлемдік саясаттағы жаңа геосаяси шындығының пайда болуының салдары.

ТМД елдерінің аудандары бойынша (Ресей Федерациясынан кейін) екінші болып табылатын Қазақстан Еуразия материгінің ортасында орналасқан. Республика аумағы батысында Жайықтың төменгі ағысынан бастап шығысында Алтайға дейін 3000 км-ге, солтүстігінде Солтүстік-батыс жазықтығынан бастап оңтүстігінде Тянь-Шянь тау жоталарына дейін 1600 км-ге созылып жатыр. Шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың км асады, оның

12600 – құрғақ жерлер, 3000 км-ден астамы – сулы. Батысы мен солтүстігінде Қазақстан Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде – Түрікменстанмен, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен, батысында Қытаймен шекараласады. Қазақстан аумағының жалпы ауданы 2717,3 шаршы км. Қазақстан аумағына Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия және Финляндияны бәрін бірге алғанда сыйып кетер еді.

Мемлекет көлемі көп нәрсенің куәсі: біріншіден, үлкен аумақтық кеңістіктер, олар Кеңестер Одағы құласымен-ақ бір сәтте бірқатар, оның ішінде шектес мемлекеттердің, «май шелпегіне» айналып кетуі мүмкін еді; екіншіден, «алыс және жақын шетел» елдерінің Қазақстанға қатысты саясаты жеке қауіпсіздік мәселесінен туындай отырып, түрлі жоспарда болуы да мүмкін еді; үшіншіден, пайдалы қазбалар көлемі аумақтық шеңбердің қауіпсіздігі мен мемлекеттің аумақтық тұтастығына теріс әсер еткен болар еді. Осының бәрі және басқа да көптеген мәселелер мемлекет Басшысына, еліміздің қауіпсіздігінің барлық айқындалған және болжамды қатерінің оң нәтижелерін анықтаған, стратегиялық түрде маңызды шешімдерді қабылдауға таңба түсірді.

Еліміздің Президентінің кеңесшісі Ермұхамбет Ертісбаев, мемлекет Басшысының 1991 ж. бастап 2001 жылдар аралығындағы сыртқы саяси қызметіне талдау жүргізе отырып, «Қазақстанның жүргізіп отырған сыртқы саясатына әр түрлі қарауға болады. Оны тұтастай жоққа шығаруға, оның прагматикалылығы үшін одан бас тартуға, нақты әрекеттерін немесе ондайлардың болмауын әжуалауға болады. Басқа полюс – егемендіктен масаттану немесе зиянды жалған ұлылық, дәлелсіз әжуадан гөрі анағұрлым қауіптірек. Оппозиция Н.Ә.Назарбаевтың сыртқы саясатын, ішкісінен гөрі де қатал әжуалады, сондықтан да бұл демократиялық қоғам, ол пікірлердің плюрализмін көрсетеді. Алайда, Қазақстан сияқты суперпрезиденттік республикада сыртқы саясат мемлекет басшысының ерекше билігі болып табылатындығының дәлеліне сындарлы түрде таласу қолынан келетін адам табыла қоймас. Әрине, ҚР Қауіпсіздік кеңесі, Сыртқы істер министрлігі, халықаралық келісімдерді бекітетін Парламент, ішкі барлау, осыған сәйкес өздерінің тікелей, кейде кертартпа, бірақ қажетті ведомствалары бар. Бірақ стратегиялық шешімдерді қабылдау, концепциялық жолдары мен бағыттарын анықтау - Қазақстан Республикасының Президентіне заңды түрде бекітілген».

Соншалық ерекше дәрегей республиканың сыртқы саяси қауіпсіздігі тұрғысынан ғана емес, еліміздің ішкі саяси дамуындағы қатерлерді жою тұрғысынан да толық түсіндірерлік. Жетекші политологтар, тарихшылар, заңтанушылар өз еңбектерінде атап өткендей, Қазақстан ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында бұрынғы КСРО-дан жүктеме ретінде, шешімін талап ететін проблемалар мен мәселелердің тұтас қатарын алды: бұл 140-тан астам ұлт саны бар тұрғындардың көп ұлттық құрамы да, бұл оның поликонфессионалдығы, бұл бұрын еліміздің экономикасында одақтық және біртұтас біріккен республикалар кезінде болған өнеркәсіптік салаларының болмауы, бұл еліміздің басшыларының иығына «саяси конфронтациялар-дың» ауыр жүгі болып түскен КСРО қарулы күштерінің ядролық арсеналы және басқа да көптеген мәселелер.

Осыған байланысты, ірі еуроазиялық мемлекет, аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын – Қазақстан өзінің сыртқы саясатын қалай орнататыны, қандай басымдылықты алуға ниеттенгені және оның тек көрші елдермен ғана емес, сондай-ақ әлемдік қауымдастықпен де өзара қарым-қатынасы қалай қалыптасқаны туралы мәселе көптеген мемлекеттер мен зерттеу орталықтарын да толқытты. Бұл қызығушылық, ең алдымен біздің аумағымызда ядролық қарудың болуымен де қыза түсті, ол белгілі бір қаржылық және басқармалық күштерде әбден әрекетті болуы мүмкін еді. Біздің мемлекетіміздің ядролық әлеуетіне кейбір экстремисттік режимдер де үлкен үмітпен қарағаны құпия емес. Жекелеген елдерде «алғашқы мұсылмандық атом бомбасын» жасауға қызықтыру туралы да айта бастады. Осындай қауіпті мұра жауапсыз, болжамсыз саясаткердің қолына түскенде, ол ядролық бопса құралы болары мүмкін еді.

Президент Н.Ә.Назарбаевқа осы күрделі жағдайда толық көлемде саяси көрегендік және Қазақстанның стратегиялық мүдделерін байқау қабілетін танытқаны үшін тиісті бағасын беру керек. Қазақстандық басшы әлемдік қауымдастыққа – қару таратпаудың бұрынғы режимін бұзу, халықаралық шиеленісті тудыру, ядролық қарумен сес көрсету ойы жоқ екенін анық түсіндірді. Керісінше, Қазақстан барлық мүдделі елдермен конструкциялық ынтымақтастық бағытын таңдады.

1991 жылы 2 желтоқсанда президенттік сайлаудың қорытындысы бойынша пресс-конференцияда Президент Н.Ә.Назарбаев тұңғыш рет, Қазақстанның сыртқы саясатының жиегін сызды, оның көп векторлылығын анықтай отырып, Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы көпір болу керектігін, әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси байланыстарды дамытуды атап өтті. Қазақстан басшысы сыртқы саясаттың негізгі мақсаттарын: еліміздің жаһандық қауымдастыққа енуі, оның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Қазақстанның экономикалық дамуына ықпал ету, еліміздің азаматтарының құқықтары мен мүдделерін шетелдерде қорғау, өзара пайдалы қарым-қатынастарды, осыған мүдделі барлық мемлекеттермен дамытуды тұжырымдады.

Осындай мақсаттар, отандық дипломатия алдында қойылған мақсаттарды жаһандық қауымдастық түсіністікпен қабылдады, ол жас мемлекетті өзінің қолдайтынын хабарлады. Оқиғалардың осындай дамуындағы маңызды кезең – 1992 жылы 23 мамырда КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық шабуылға қарулануды қысқарту және шектеу туралы Келісім-шартының Лиссабондық хаттамасына қол қойылуы болды. Осы құжатта Қазақстан, Белоруссия және Украинамен қатар, ядролық қаруды таратпау туралы 1968 жылғы 1 маусымдағы Келісім-шартқа, ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде қосылуға дайындығын хабарлай отырып, аталған келісім-шарт бойынша бұрынғы КСРО міндеттерін өздеріне алды.

Сонымен, Қазақстан халықаралық қауіпсіздік режимін нығайтуда, қолданыстағы әлемдік тәртіпті сақтауда жауапкершіліктің жоғарғы дәрежесін жариялады. Қазақстандық басшының осы ұстанымы жаһандық қауымдастықта біздің мемлекетпен жан-жақты ынтымақтастықты қалыптастырудың сигналы

ретінде ерекше оң қабылданды. Шынында да, соңғы үш жыл Қазақстанды дипломатиялық мойындаудың өсімтал валының, біздің елімізде инвестициялық қызметтің теңдессіздік шуының, жоғары деңгейдегі кездесулер мен келіссөздерінің белгісімен өтті, олардың қорытындысы ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынастарды дамытудың іргетасын қалады.

Қазақстаннан бастау алатын оң импульстарға жауап ретінде жетекші ядролық державалар біздің елімізге қауіпсіздік кепілдігін беру туралы шешім қабылдады. 1994 жылдың желтоқсанында Будапештте Саммит ЕҚЫМ барысында Меморандумға қол қойылды, онда АҚШ, Ұлыбритания және Ресей ядролық қаруды таратпау туралы Келісім-шартқа Қазақстанның қосылуын құптап, біздің еліміздің өз аумағынан барлық ядролық қарулануды жою туралы міндеттемелерін ескере отырып, өздерінің «Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігін және қазіргі шекараларын құрметтеуге» дайын екендігі туралы хабарлады. Аталған мемлекеттер «Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күшпен қауіп төндіруден немесе оны қолданудан тартынуға» міндеттенді. Меморандумда, ядролық державалар «Қазақстан Республикасына қарсы, БҰҰ Жарғысына сәйкес тек өзін-өзі қорғау немесе қандай да бір басқа мақсатта болмаса, басқа ешқандай қару қолданбайтыны» көрсетілді. Ядролық клуб мүшелері біздің елімізді экономикалық мәжбүрлеуден тартыну ниеттері туралы, сондай-ақ Қазақстанға, егер ол агрессия актісінің құрбаны немесе ядролық қару қолданған агрессия қаупінің нысаны болғанда көмек көрсету бойынша БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің кідіргестен әрекет етуіне қол жеткізетінін хабарлады.

1995 жылы Қазақстан қауіпсіздігі кепілдігіне екі ядролық державалар – Қытай мен Франция қосылды.

Қазақстандық дипломатияның осы ірі табысынан Президент Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық қауіпсіздікті нығайтуда қосқан салмақты үлесін жаһандық қауымдастықтың мойындауы өзінің іске асырылу жолын тапты. Әлемдік көшбасшылардың бағалары бойынша қазақстандық басшы бір сәттік мансапқұмарлық менмендіктен жоғары болып шықты, жаһандық саясат көкжиегін көре білді, Қазақстан оның бөлінбес бөлшегіне айналды.

1996 жылы, яғни тәуелсіздікті алғаннан 5 жылдан кейін Қазақстанда, практикалық түрде, барлық жетекші шетел мемлекеттері мен халықаралық ұйымдарының өкілдігі аккредиттелді. Шетел өкілдіктерінің саны бойынша біздің еліміз ТМД Ресей мен Украинадан кейін үшінші орынға шықты.

Жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша біздің дипломатияның әрекеті туралы айта келе, 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясы барысында Н.Ә.Назарбаев сөз сөйлеген бастамасын назарсыз қалдыруға болмайды. Қазақстандық басшы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің көшбасшыларының алғашқысы болып азия континентінде қауіпсіздік құрылымын ұйымдастыру туралы ұсыныспен сөз сөйледі. Мәселе Азиядағы (СВМДА) өзара әрекеттесу және сенім шаралары бойынша Мәжіліс сайлауында көзделген көп жоспарлы жұмысы туралы болды. Берілген бастама қазіргі халықаралық қатынастарда айтарлықтай рөл атқаратын барлық азия мемлекеттерінде практикалық түрде қолдау тапты. Әсіресе, Қазақстан үшін

Мәскеу, Пекин, Дели, Анкара, Исламабад, Улан-Батордың, сондай-ақ Орталық Азия аймақ бойынша көршілері – Қырғызстан мен Тәжікстанның оң реакциясы үлкен мәнге ие болды. СВМДА процесінде Иран, Египет және Израиль сияқты саяси антогонистер де белсенді араласты.

Қазақстан 1992 жылы ЕҚЫҰ қатысушысы болды және осылайша, осы ұйымның құжаттарында белгіленген құндылықтардың жалпы жүйесіне негізделген қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына қосылды.

1992 жылы біздің еліміз Солтүстік Атлант ынтымақтастығының кеңесіне – Батыс Еуропа мен бұрынғы КСРО жаңа тәуелсіз мемлекеттерімен ынтымақтастықты жолға қою мақсатында құрылған арнайы органға енді (1997 жылдан бастап – Еуроатланттық серіктестік). 1994 жылы Қазақстан, НАТО мен оның серіктестері арасында қауіпсіздік саласындағы жаңа қатынастар қалыптастыру мақсатында құрылған «Серіктестік бейбітшілік үшін» бағдарламасының қатысушысы болды.

Әлемдік қоғамдастық тарапынан құрмет пен мойындау Қазақстанның ядросыз статуска деген талпынысын тудырды және біздің еліміздің СНВ-1 Келісім-шартына, ядролық қаруды таратпау туралы Келісім-шартына (ЯҚТК), ядролық сынаққа жан-жақты қамтылған тыйым салу туралы Келісім-шартына (ЯСЖҚТ) қол қойды. Жалпыға бірдей ядролық қарусыздану идеясының жақтаушысы болып табылатын Қазақстан Ресей мен АҚШ-тың ықпал етуімен 1995 жылы 26 мамырда демонтаж, кәдеге жарату және өз аумағынан ядролық қаруды шығаруды жасады.

Қазақстанның сыртқы саясатында көрші мемлекеттер – Ресеймен, Қытаймен, Орталық азия мемлекеттерімен, барлық елдермен - ТМД мүшелерімен екі жақты қарым-қатынасты дамыту басымдық орын алды және алып келеді.

Алғашқы сыртқы саяси қадамдарынан бастап Қазақстан Президентіне, аймақ шеңберінде қалып қоюға болмайтындығы анық болды. Сондықтан еліміздің басшылығы басынан бастап әлемнің барлық елдерімен, ең алдымен АҚШ-пен, Еуропалық одақ елдерімен, Жапониямен және басқа да Азия-Тынық мұхиты аймағының, Таяу және Орта Шығыс мемлекеттерімен қарым-қатынасты дамытуға талпынды.

Қазақстан үшін ислам әлемінің мемлекеттерімен қарым-қатынас бекіту және дамыту үлкен мәнге ие болды. Осыған орай Қазақстан басшылығы, біздің еліміз мұсылман елдерімен қарым-қатынасты идеологиялық немесе діни негізде емес, өзінің мемлекеттік мүдделерін басшылыққа ала отырып және халықаралық құқықтың жалпы мойындалған қалыптарына сүйене отырып, қалыптастыратыны туралы атап айтты.

Сонымен, 90-жылдардың бірінші жартысында еліміздің басшылығы қалыптастырған сыртқы саяси доктринасы мен ұлттық қауіпсіздік концепциясы негізінде қазақстандық дипломатия Қазақстан Республикасының жаңа егеменді мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа лайықты ену – басты міндетін шешті. Сондай-ақ түбегейлі реформаны өткізу үшін сыртқы жағдайлар қамтамасыз етілді.

Екінші және үшінші мыңжылдықтың шекарасында адамзат, қалыптасқан әлемдік тәртіпті жаһандық қайта орнатуға байланысты жаңа күрестер мен мәселелерге жолықтырды. Жаһандандырудың өзіне тән сипаттары – мемлекет аралық және қоғам аралық қатынастарды тереңдету, жаһандық сауда мен қаржылық ағымдардың қарқынды өсуі, түрлі мәдениеттер арасындағы байланыстарды күшейту, әлемдік ғылымның әмбебаптығы, біртұтас ақпараттық кеңістік сияқты позитивті факторлар болса, сондай-ақ қоршаған ортаны ластау, планета климатының өзгеруі, әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы өсімтал диспропорция, ұйымдастырылған қылмыс, агрессиялық этникалық және діни радикализм, халықаралық терроризм, есірткілердің заңсыз айналымы сияқты жағымсыз факторлар болып табылады. Осыған орай жаһандандудың позитивті және жағымсыз факторлары, сондай-ақ оның экономикалық, саяси және әлеуметтік салдарлары өзара байланысқан және өзара өрбіскен. Бірақ егер жаһандану жетістіктерін бұрынғыдай жоғары дамыған мемлекеттердің шамалы тобы ғана пайдаланатын болса, онда Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы, дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылық күшейе түседі. Бұл сөзсіз ұлттық және діни негізде барлық осыдан шығатын салдармен бірге қарама-қайшылыққа алып келеді. Жер шарының түрлі мекендеріндегі жүз мыңдаған адамдардың өліміне әкелетін жергілікті және кіші соғыстар, этникалық және діни жанжалдар – осының сендірерлік дәлелі.

ҚР Қауіпсіздік кеңесінің жағдайды өзгертуін ескере отырып, 2001 жылы 15 наурызда Қазақстанның сыртқы саясатының жаңа Концепциясы қабылданды. Концепцияның басымдық бағыттары - шоғырланған және аймақтық процестердің (Еуропалық экономикалық қоғамдастық, «Шанхай бестігі») 2001 жылы 14 маусымнан бастап Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарт, Орталық Азия экономикалық одағы – 2001 жылы 28 желтоқсаннан бастап Орталық Азия ынтымақтастығы, Азиядағы сенім шараларын қалыптастыру жөнінде мәжіліс) дамуын ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның басты серіктестері деп анықталған мемлекеттермен – Ресей, Қытай, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен, АҚШ, Еуропалық одақ елдерімен, Жапониямен, Үндістанмен, Түркиямен, Иранмен екі жақты ынтымақтастықты тереңдетуді анықтады.

Сонымен, Егеменді Қазақстанның сыртқы саясатының қалыптасу процесін бағалай отырып, республика екпінді түрде әлемдік қауымдастыққа енді, барлық әлем мойындады, өз салмағы бар, орнықты сыртқы саяси ресурсы – ішкі тұрақтылық пен экономикалық өсуге ие. Қазақстандық дипломатияға бірегей және өте жылжымалы геосаяси ландшафт аясында әрекет етуге тура келгенмен, бірақ Н.Ә.Назарбаев анықтаған сыртқы саяси бейімделулер айқын: олар - біртіндеп өзінің ұлттық мүдделерін сақтап қалу, басқа мемлекеттермен конструкциялық өзара әрекеттердің бағыттарын жалғастыру, халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті, қазақстандық мемлекеттіліктің демократиялық негіздерін нығайтуға ықпал ету.

Әсірелеусіз-ақ, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа екпіндеп енуі, оны барлық әлемде тез мойындауы, халықаралық аренада саяси салмақ алуы –



осының бәрі айтарлықтай шамада Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың белсенді сыртқы саяси қызметіне байланысты деуге болады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Внешняя политика Казахстана: Сборник статей / Под ред. Н.Ж. Даненова, Б.Ш. Надирова и В.М. Ковлева. Алматы – Москва: МИД Республики Казахстан, 1995. 3 с.
2. Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. Астана: Елорда, 2001. 462 с.
3. См. анализ в трудах: Назарбаев Н.А. На пороге 21 века. Алматы: Өнер, 1996. 288с.; Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология. Алматы: КИСИ – ИАЦ «Континент», 1999. 208с.; Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. Астана: Елорда, 2001. 552с.; Сулейменов Т.Е. Первые шаги казахстанской дипломатии // Мысль. 1994. № 1; Токаев К.К. Казахская дипломатия: первые шаги, новые задачи // Мысль. 1995. № 5; Абен Е.М., Жоламан Р.К. и др. Потенциальные территориальные споры и конфликты в контексте безопасности Центрально-азиатского региона // Евразийское сообщество. 1998. № 4.
4. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. Астана: Елорда, 2001. 4 с.
5. Политика и интересы мировых держав в Казахстане /Под ред. Б. Султанова. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 4 с.
6. См.: Выступление Президента Н.А. Назарбаева на Совещании по вопросам внешней политики (Алматы, 15 февраля 1995 г. // Внешняя политика Казахстана: Сборник статей / Под ред. Н.Ж. Даненова, Б.Ш. Надирова и В.М. Ковлева - Алматы – Москва: МИД Республики Казахстан. 1995. С.5-17.
7. Подробнее см.: Амреев Б. Казахстан и Саудовская Аравия. Астана: Елорда, 2003. Амреев Б. Аравийские монархии и их место во внешнеполитических приоритетах Казахстана. Астана: Елорда, 2004.

## Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі принциптері

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі,  
т.ғ.к., доцент  
Смағұлов Н.К.*

1991 ж. желтоқсанда мемлекеттік егемендікті жариялау Қазақстан Республикасының алдына, өзінің сыртқы саясатының жалпы принциптерін қалыптастыруға байланысты міндеттер қойды. Бұл елімізге халықаралық қатынастар жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік берді және Қазақстанның стратегиялық мүдделеріне сай келді. Бұның іргетасы - әлемдік саясаттың, геосаясаттың және геостратегияның, XX ғасырдың аяғына қарай қалыптасқан және мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттейтін жалпы принциптері болды.

Түрлі елдердің саяси мүдделерінің арақатынастарын белгілеуге мүмкіндік беретін сыртқы саясат принциптері барлық адамзат тарихы бойында қалыптасып келді. Ежелгі заманнан «...адамдар өз көршілерімен өзара қатынастар жасауға талпынған. Анағұрлым жоғары мемлекеттік құрылымдардың тектерінің, ұрпағының жақсы жағдайы өзара түсіністік пен сенім деңгейіне байланысты болды. Бұрынғылардың, кез келген бейбітшіліктің соғыстан артық екендігі туралы нақыл сөздері ақиқат, бірлесіп азап шегілген екендігі айқын». Алайда құжаттық рәсімделуін олар XX ғасырдың екінші жартысында ғана, анағұрлым беделді халықаралық ұйымдардың құжаттары – Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы, 1970 ж. Халықаралық құқық принциптері туралы декларация, сондай-ақ 1975 ж. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі мәжілістің Хельсинктік Қорытынды актісі қатарынан тапты.

Сыртқы саясат пен халықаралық қатынастардың негізгі принциптері дегеніміз – жоғары императивтік заң күштері бар анағұрлым жалпы, маңызды және іргелі нормалар. Ережеге сай, халықаралық актілерде мәселе келесі он принцип туралы жүреді: мемлекеттердің егемендік теңдігі; күш немесе күшпен қауіп төндіруді қолданбау; шекаралардың бұзылмауы; мемлекеттердің аумақтық бүтіндігі; таластарды бейбітшілікпен шешу; ішкі істеріне араласпау; адам құқығы мен негізгі еркіндікті құрметтеу; халықтардың өз тағдырларын шешу теңдігі мен құқығы; мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық; халықаралық құқық бойынша міндеттерін адал орындау.

Аталған принциптердің мазмұнына талдау жүргізіп және олардың бейнесін Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты концепциясында да, оның практикалық сыртқы саяси қызметінде де бақылап көрейік.

**1. Мемлекеттердің егемендік теңдігінің принципі** БҰҰ Жарғысында: «Ұйым өзінің барлық мүшелерінің егемендік теңдігі принципіне негізделген»

деп жазылған жерінде бекітілген. Бұл принцип мемлекеттік егемендікті құрметтеу және БҰҰ барлық мемлекет мүшелерінің тең құқықтығы мен олардың өз тағдырларын шешу құқықтарын мойындау дегенді білдіреді.

Мемлекеттік егемендік мемлекеттің негізгі бөлінбес белгісі болып табылады. Барлық мемлекет, оның ішінде Қазақстан, әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшелері болып табылады. Егемендік теңдік принципі дегеніміз - тіпті ең кіші әлсіз дамыған мемлекеттің халықаралық істерді шешуде ең ірі және жоғары дамыған мемлекет сияқты өз дауысы болады, әрбір мемлекет халықаралық аренада егемендік құқық ала отырып, халықаралық қауымдастықтың басқа қатысушыларындағы осындай егемендік құқықтарды құрметтеуге міндетті.

Бұл принцип Н.Ә.Назарбаевтың негізгі назар аударатын мәселесі. Көрегендік, әрі оптимистік түрде қалыптасқан саяси көшбасшы бола тұра, ол «тек .... әлемдік тәртіп негізіне өзара тәуелділік және халықаралық қауымдастық мүшелерінің егемендік теңдігінің принципін қоя отырып, елдердің әлеуеттерін жаңа заман күресіне лайықты жауап беру үшін біріктіруге және ұлттық мүдделер мен халықаралық әрекеттердің қиылысуының тиімді механизмдерін құруға болады... Нақ осындай тәсіл біртұтас халықаралық процес шеңберінде тең мүмкіндіктерді, тең қауіпсіздікті және барлық мемлекетке олардың көлемдеріне, күштердің геосаяси орналасуындағы орындарына және рөлдеріне қарамастан, лайықты орынды максимум қамтамасыз етуге мүмкіндік береді».

**2. Басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұқпау принципі егемендік теңдік принципімен байланысқан.** БҰҰ Жарғысы бойынша «маңызы бойынша кез келген мемлекеттің ішкі құзыретіне енетін істерге» қол сұғуға тыйым салынады. 1970 ж. Халықаралық құқық принциптері туралы декларацияға сәйкес қол сұқпау принципі, мемлекет өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жүйелерін басқа мемлекеттердің қол сұғуысыз анықтау құқығы бар екенін білдіреді және керісінше – бірде-бір мемлекет қандай түрде болмасын немесе қандай себеппен болмасын басқа мемлекеттердің ішкі және сыртқы істеріне интервенция немесе интервенцияны жүзеге асыруға немесе қол сұғуға құқығы жоқ.

Республиканың сыртқы саясаты алдында тұрған міндеттерді табысты жүзеге асыру жағдайларының бірі – жайлы халықаралық жағдай болып табылады. «Сондықтан сыртқы саясат саласында, - деп хабарлайды Президент Н.Ә.Назарбаев, - басымдық желісі Қазақстанның тәуелділігі мен егемендігін дамыту және нығайту болып қалады. Біздің еліміз, келесі жүз жылдықта әлем - көп полюсті, күштер орталығы мен бөлуші сызықтардан, конфронтация мен қарсы келуден, ішкі істеріне қол сұғудан және саяси орнатуларға мәжбүрлеуден еркін мемлекеттердің пікірлеріне қосылады».

**3. Мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастық принциптері мыналармен шектеледі:**

- мемлекеттер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мақсатында бір-бірімен ынтымақтасуға міндетті;

- мемлекеттердің ынтымақтастығы олардың әлеуметтік жүйелеріндегі айырмашылыққа тәуелді болмауы керек;

- мемлекеттер экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуде ынтымақтасуы керек.

**4. Халықаралық міндеттерді адал атқару принципі.** Осы принциптің негізінде бұрынғы заманнан келе жатқан «келісім-шарттар сақталуы керек» деген белгілі қарапайым норма жатыр. БҰҰ Жарғысының 2-бабында оның мүшелерінің өздеріне қабылдаған міндеттерін адал орындау міндеттілігі туралы айтылады. Барлық мемлекеттер БҰҰ Жарғысынан шығатын міндеттемелерді сақтаулары керек. Бірде-бір мемлекет БҰҰ Жарғысы әрекеттерінің шектерімен өздерін шектей алмайды, ал халықаралық құқықтық принциптерден, сондай-ақ олармен жасалған халықаралық келісім-шарттардан шығатын барлық міндеттемелерді қалтқысыз орындауға міндетті.

Қазақстан өзінің келісім-шарттық тәжірибесінде халықаралық міндеттемелерді адал орындау принципін басшылыққа алуға талпынады. Оның үстіне, Қазақстанның келісім-шарт мәтіндеріне келісім-шарттан шығатын келісім-шарттар мен міндеттемелерді сақтау механизмін қарастыратын мақалалар енеді. Осы принципке сәйкес Президент Н.Ә.Назарбаев, 1995 ж. 15 ақпанында Алматыда Сыртқы саясат мәселесі бойынша мәжілісте сөйлеген сөзінде осыған сәйкес органдардан мынаны талап етті: «қолдағы келісім-шарт базасын жүзеге асыру жөніндегі күнделікті тақырыптық жұмысты орнына келтіру. Мемлекеттік аппараттың барлық деңгейдегі қызметкерлеріне: егер мемлекет басшысы оның араласуы барысында шетелде ынтымақтастықтың нақты бағыттарының немесе жобаларының пайдасына пікір айтқан болса, онда жоғары деңгейде қол жеткізгендерді орындау жөнінде кез келген сарсаңға түсу қатаң жазалануы керек».

Президенттің осы талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясына арнайы норма енгізілді, оған сәйкес «Республика бекіткен халықаралық келісім-шарттардың оның заңдары алдында басымдығы бар және халықаралық келісім-шарттан оны қолдану үшін заң шығаруды талап ететін жағдайлардан басқасы, тікелей қолданылады».

**5. Күш немесе күшпен қауіп төндіруді қолданбау принципі.** БҰҰ Жарғысында: «Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері халықаралық қарым-қатынаста күшпен қорқытуға немесе кез келген мемлекеттің аумақтық қол сұғылмауына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күш қолдануға бармайды», деп жазылған. Күш немесе күшпен қорқытуды қолданбау принципі - жаңа заманғы халықаралық құқықтың игілігі. Оның мәнісі – мемлекеттердің соғысу құқығына тиым салды, ол агрессиялық соғысты халықаралық қылмыс деп білдіреді. Бірақ осыған орай ел агрессорына қарсы қарулы күш қолдану, күш қолданбау принципіне қарсы келмейді. Оның үстіне, БҰҰ Жарғысының 51-бабына сәйкес, шабуылға ұшыраған мемлекет жеке немесе ұжыммен өзін-өзі қорғауға құқығы бар.

**6. Шекара тұтастығының принципі.** Халықаралық құжаттарға сәйкес берілген принцип күш қолданбау принципінің құрамды бөлігі болып табылады. Ол Хельсинки Қорытынды актісінде 1975 ж. дербестік алды, онда «әрбір

мемлекет күшпен қорқытуға немесе оны басқа мемлекеттің бұрыннан келе жатқан халықаралық шекараларын бұзу мақсатында қолданудан аулақ болуы тиіс». Актіге сәйкес шекараларды зорлық әдістермен бұзуға болмайды. Бірақ келіскен жақтардың келісілген, өз еріктері бойынша шектес мемлекеттер арасындағы шекарадан өтуді өзгертуге тыйым салынбайды.

Қазақстан басқа да бейбітшілік сүйгіш мемлекеттер сияқты, шекараның бүтіндік принципін ұстанады. Бұл, жеке алғанда, Қазақстан-Қытай шекарасының режимі бойынша Қытаймен қол жеткізген келісімшіліктен өз бейнесін тапты.

**7. Мемлекеттердің аумақтық бүтіндігі принципі** Хельсинки Қорытынды актісінде дербес халықаралық принцип ретінде бекітілді. Осы құжатта, мемлекеттер БҰҰ Жарғысына қарама-қайшы тұрған және мемлекеттердің аумақтық бүтіндігіне қарсы бағытталған кез келген әрекеттерден аулақ болулары керек.

Аумақтық бүтіндік принциптері мен шекараның тұтастығы өздеріне, XX ғ. 90-жылдарының басында кеңес үкіметінен кейінгі кеңістікте құрылған жас тәуелсіз мемлекеттердің ерекше назарын аударды. Олар ТМД мүше мемлекеттердің кездесулері мен бірнеше рет талқылауының құралы болды.

Егемендікті, аумақтық тұтастықты және ТМД қатысушы мемлекеттердің шекараларына қол сұғылмау туралы 1994 ж. 15 сәуірдегі Декларациясында – ТМД мүше мемлекеттердің басшылары, халықаралық құқықтың жалпы мойындалған нормаларын, БҰҰ Жарғысының, Еуропада қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі келісімнің мақсаттары мен принциптерін басшылыққа ала отырып, аумақтық бүтіндік, шекара тұтастығын дәлелдей отырып, құқыққа қарсы, аумақтық алымдардан және басқа да бөтен аумақты бөлшектейтін кез келген әрекеттерден бас тартуда, сондай-ақ әскери, саяси, экономикалық немесе блокаданы қосқанда, кез келген қысым түріне, әрі қандай да бір достастыққа қатысушы мемлекеттерінің бірінің аумақтық бүтіндігі мен қол сұғылмауына қарсы сепаратизмін қолдауға және пайдалануға бармайды. Қазақстан сыртқы саяси бағыттың шынайы бейбітшілік сүйгіштігін жариялайды, сондықтан оның шекарасының периметрі бойынша, берік саяси және халықаралық-құқықтық негізге негізделген сенімдік, адал көршілестік пен достық белдеуі қалыптасты.

**8. Халықаралық таластарда бейбітшілік жолымен шешу принципі** дегеніміз – мемлекет өздерінің арасындағы таластарын, халықаралық қауіпсіздік пен әділдікке қауіп төндірмес үшін зорлық құралдарымен және әдістерімен емес тек бейбітшілік жолымен шешуі тиіс. Бұның айқын дәлелі ретінде 1962 ж. Кариб дағдарысының шешімі қызмет етеді, мұнда екі жоғарғы державаның (КСРО мен АҚШ) келіссөз жүргізуі арқылы бүкіл әлем ядролық апат аузында тұрды.

Қазақстан бұрын Таулы Қарабахтағы оқиғаларға байланысты Азербайжан мен Армения арасындағы таластарды реттеу мақсатында делдалдықты жүзеге асырды. Қазіргі кезде Пәкістан мен Үндістан, Израиль мен Иранның өзара қарым-қатынастарындағы талас тудыратын мәселелерді шешуде өз қызметін ұсынады. 2000 жылы БҰҰ мың жылдығы Саммитіндегі сөйлеген сөзінде

Қазақстан Президенті БҰҰ қызметін жетілдіруді ұсына отырып, былай деді: «оның құрылымында жағдайды жаһандық талдау негізінде толғағы жеткен жанжалдар туралы алдын-ала ескерте алатын, белгілі бір жағдайға ерте кезден араласуға арналған ұсыныстар қалыптастыратын және сақтандыру дипломатиясын тиімді пайдалана отырып, жанжалдарды шешудің әскери әдістерін болдырмайтын институттарды дамыту мақсатты болған болар еді».

**9. Халықтар мен ұлттардың өзін-өзі анықтау принципі.** Осы принципке сәйкес барлық халық еркін, сырттан қол сұғусыз және қысымсыз өзінің саяси статусын анықтауға және өзінің дамуын жүзеге асыруға құқығы бар. Әрбір халық және әрбір этнос өз даму жолдарын таңдауда еркін. Осы принципті практикада жүзеге асыру капиталистік, отарлық жүйелері сияқты, социалистік жүйенің: бірінші – XX ғасырдың 50-60 жж., ал екіншісі 80-90 жж. құлдырауына әкелді.

КСРО құлағаннан кейін, Қазақстан халқы егеменді, тәуелсіз мемлекет құру түрінде өзін-өзі анықтауда өз құқығын жүзеге асырды.

**10. Адам құқығы мен негізгі еркіндігін құрметтеу принципі** - соңғы он жылдықта (Адам құқықтарының бүкіл әлемдік декларациясы 1948 жылы қабылданды) дербестігін ала түскен халықаралық құқық принциптерінің негізін қалаушы принциптерінің бірі. Хельсинки Қорытынды актісіне сәйкес 1975 ж. адам құқығы мен негізгі еркіндігін құрметтеу принципі – барлық мемлекеттер өздерінің аумақтарында тұратын барлық тұлғалардың құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеуге тиіс, практика жүзінде адамның саяси, азаматтық, экономикалық, әлеуметтік құқықтарын ешбір кемсітушіліксіз жүзеге асыруға міндетті.

Адамның құқығы мен негізгі еркіндіктерін құрметтеу принципі нақты жеке тұлғаны мемлекеттің заңсыз әрекеттерінен қорғауды болжайды; өз елінің нақты тұлғасы, кез келген адамы халықаралық құқықтың дербес субъектісі болатын ережені бекітеді. Қоғамдық құндылықтар жүйесінде бірінші жоспарда адамның жеке тұлғасы алға қойылады.

Демократияның өз бұлжымастығы мен адам құқығын құрметтеу туралы Қазақстан бірнеше қайталап айтып келеді. «Біз бұл жолды стратегиялық мақсатқа жету – тұрақты даму және халықтың жайлы тұрмысын жақсарту үшін өз еркімізбен таңдадық», - деп мәлімдейді Президент Н.Ә.Назарбаев. Осы негізін қалаушы принциптер басымдық алуда және барлық халықаралық келісім-шарттар мен келісімдерде, мәлімдемелерде, декларацияларда және Қазақстанның мемлекеттік билігінің жоғарғы органдарының қаулыларында көрініс табуда. Қазақстан БҰҰ мүшесі, ЕҚЫҰ қатысушысы бола тұра, өзінің сыртқы саясатын халықаралық құқық принциптері негізінде қалауда, өзінің сыртқы саясатында 1975 ж. Хельсинкиде қабылданған Қорытынды акті декларацияларының 10 принципіне сүйенеді.

Қазақстанның сыртқы саясатын толықтыратын және түзететін бірқатар басқа да принциптер бар.

**1. Сыртқы және ішкі саясаттың тығыз байланысу принципі.** Адамзат тарихы, кез келген мемлекеттің саясаты сыртқы және ішкі саясатқа бөлінетінін, осыған орай олар тығыз байланысты екенін куәландырады.

Мемлекеттің ішкі саясаты, оның қоғамдық саяси жүйесінің тұрақтылығы, экономикасының тиімділігі, сөзсіз, халықаралық қатынастар саласында жобаланады. Сондықтан Қазақстанның сыртқы саясатының одан әрі дамуы елімізде жүргізілетін экономикалық реформаның табысымен тікелей байланысты. Өз кезегінде сыртқы саясат та еліміздің ішінде реформаны табысты өткізу үшін жайлы халықаралық жағдайлар жасауы керек.

## **2.Принциптіліктің және мығымдықтың икемділікпен үйлесуінде байқалатын принцип.**

Кез келген мемлекеттің сыртқы саясаты, ең алдымен ұлттық мүдделерді білдіреді, сақтайды және қорғайды. Берілген жағдайда принциптілік дегеніміз - мемлекет өзінің ұлттық мүдделерін сақтап қалудағы өз ұстанымдарында нығыз тұруы керектігін білдіреді; икемділік, керісінше, - мемлекет міндетті түрде басқа көзқарасты ескеруі керек және қиын мәселелерді шешу кезінде мәмілеге келе білу керек. Бұл қажет, себебі көптеген мемлекеттердің ұлттық мүдделері тоғысады, егер олардың бәрі өз мүдделерін толық көлемде қорғаса, олар ортақ шешімге келе алады.

**3.Баланстық пен көп векторлық принцип.** Осында, яғни Қазақстанның сыртқы саясаты принципінде толығырақ тоқталуға болады. Бұл принцип оның маңызын көрсетеді және Қазақстан Республикасы әлемнің барлық мемлекеттерімен бірдей қарқынды қатынастар жасайтынын білдіреді, яғни өзінің сыртқы саясатында сол немесе басқа мемлекетке ерекше ынта танытпайды. Көп векторлық – Қазақстан өзінің сыртқы саясатын көптеген бағытта және көптеген елдермен бір мезгілде орнатады дегенді білдіреді.

Қазақстан өзінің геосаяси орналасуы мен экономикалық әлеуетіне қарай тар аумақтық мәселелерде қалып қоюға құқығы жоқ. Бұл тек біздің көп ұлтты халқымызға ғана емес, барлық әлемдік қоғамдастыққа да түсініксіз болар еді. «Қазақстан болашағы – Азияда да, Еуропада да, Шығыста да, Батыста да».

2001 ж. сәуірде түркі тілдес мемлекеттердің басшыларының жетінші саммитінің жұмысы күндері өткізілген қазақстандық журналистерге арналған баспасөз конференциясында Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев саясаткерлер мен әлем қауымдастығының назарын тағы да, «Қазақстанның көп векторлығы халықаралық аренада өзгеріссіз қалуда. Біз үшін Ресеймен, Қытаймен және ислам әлемімен кең пейіл және жемісті қарым-қатынастар маңызы, түрік бауырластармен болғаннан кем емес. Және біздің бәрімен достықта және келісімде өмір сүруге талпынуымыз – қауіпсіздік және экономикалық мақсаттылық мәселесіне» аударуды қажет деп тапты.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының келесі 4-принципінің де – **қауіпсіздік тұтастығының принципінің** маңызы аз емес. Ол барлық элементтердің тығыз байланысын білдіреді. Қауіпсіздік бөлінбеу керек. Бұл - қауіпсіздікке қатысты барлық мәселелер кешенді түрде шешілуі керек дегенді білдіреді. Яғни ұлттық қауіпсіздікті - мемлекеттіктен, аймақтықты - континенттіктен, континенттікті - жаһандыққа бөлуге болмайды. Бұл, ең алдымен, әлем біртұтас және шоғырлану оның субъектілерінің дамуының басты бағыты болып келеді және қауіпсіздіктің барлық мәселелері өзара тығыз

байланысқан, олардың біреуін шешу басқасының алдын ала шешілуін талап етеді.

Осыған орай, барлық мемлекеттер бірдей дәрежеде жаңа заманғы қауіп-қатерден қорғалуы және олардың байқалуына ортақ жауапкершілік жүктеу маңызды. Осымен ұлттық және әлемдік прогреске бейімделген халықаралық қатынастар жүйесінің тұрақтылығы шектеледі. Н.Ә.Назарбаев – социализмнен кейінгі елдердің ішіндегі бірінші көшбасшыларының бірі -тәуелсіздік мемлекетінің басшысы ретінде өз міндетін - бейбітшілікті сақтау және халықаралық қауіпсіздікті нығайту деп білді.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының негізгі принциптерінің қарастырылған мазмұны - негізін қалаушы принциптер өзара қарым-қатынастардың құқықтық негізін салу шеңберінде қызмет етсе, онда соңғысы Қазақстанның сыртқы саяси және сыртқы экономикалық мүдделерін жүзеге асыру жағдайын, әдістері мен тәсілдерін құрайтынын білдіреді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев И.М. Дипломатия Казахстана: страницы истории. Алматы: Оркениет, 2001. С 11.
2. Устав ООН. Статья 2. Сборник документов по международному праву. Том I. Алматы, 1998. С. 15.
3. Назарбаев Н.А. Концепция внешней политики требует адаптации к современным условиям // Казахстанская правда. 2000. 3 октября.
4. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Внешняя политика Республики Казахстан: Монография. Алматы: КазГЮА, 2001. С.37.
5. См.: Устав ООН. Статья 1. Сборник документов по международному праву. Т. 1.
6. Выступление Президента Н.А. Назарбаева на Совещании по вопросам внешней политики. В кн.: Внешняя политика Казахстана: Сборник статей / Под ред. Н.Ж. Даненова, Б.Ш. Надирова и В.М. Ковалева. Алматы-Москва, 1995. С.10.
7. Конституция Республики Казахстан (с изменениями и дополнениями, внесенными Законом Республики Казахстан от 7 октября 1998 года). Алматы, 2007.
8. Заключительный акт Совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе. Хельсинки, 1975.
9. Назарбаев Н.А. Выступление на Саммите тысячелетия ООН //Казахстанская правда. 2000. 8 сентября.
10. Назарбаев Н.А. Укреплять международные позиции Казахстана //Казахстанская правда. 1998. 15 сентября.
11. Рахметова Г. Президенты «сверили часы» // Казахстанская правда. 2001. 29 апреля.





## Қазақстан Республикасы және Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)

*Қарағанды мемлекеттік  
Техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
профессоры, т.ғ.к.  
Шаймұханова С.Д.*

Біріккен Ұлттар Ұйымы Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін 1945 жылы 24 қазанда құрылды.

БҰҰ басты міндеттерінің бірі – бейбітшілікті бүкіл әлемде қолдау және ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. БҰҰ көптеген жылдар бойы халықаралық дағдарысты болдырмауға ықпал етуде және ұласпалы жанжалдарды реттеуде басты рөл атқарып келеді. Ол бейбітшілікті орнату мен қолдауға және гуманитарлық көмек көрсетуге байланысты кешенді операцияларды жүзеге асырып келеді. Оған өріс алып келе жатқан жанжалдарды бірнеше рет басып тастауға тура келді. Жанжалдан кейінгі жағдайларда ол көбінесе үйлестірілген, зорлықтың түпкі себептерін жоюға және берік бейбітшілік үшін негізін қалауға бағытталған күштерді қолданады. Қазақстанның 1992 жылы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымына енуі маңызына қарай тарихи акция болып табылды, ол біздің еліміздің әлемдік қоғамдастыққа нақты тәуелсіз мемлекет ретінде енуінің белгісін білдірді.

Қазақстан БҰҰ әлемдік қауымдастықтың жаңа мүшесі ретінде емес, жаңа заманның ең өзекті халықаралық мәселелері бойынша белсенді ұстанымдағы, ядролық қарусыздану үшін қозғалыс авангардында тұрған мемлекет ретінде енді. 1991 жылы Семей полигонының жабылуы мен 1992 жылы Лиссабонда ядролық сынауды жалпы қамтылған тиым салыну туралы Келісім-шартқа (ЯҚНҚ) ядросыз мемлекет ретінде қосылу жөнінде міндеттеме қабылдауы Қазақстанға биік бедел және БҰҰ Бас Ассамблеясының биік мінбесінен халықаралық қауіпсіздік саласында өзіндік бастамасын алға қоюына моральдық құқықты қамтамасыз етті.

Қазақстандық делегация БҰҰ толық құқықты мүшесі ретінде қатысқан бірінші форум – БҰҰ Бас Ассамблеясының 1992 жылы күзде өткізілген 47-сессиясы болды. Осы сессияда Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның халықаралық саясаты туралы кеңінен сөз сөйледі.

1992 жылдан бергі өткен уақыт ішінде Қазақстан мемлекеттердің халықаралық қауымдастығына табысты шоғырланып қана қоймай, онда белгілі орын ала білді. Қазақстанның БҰҰ шеңберіндегі қызметінің басты міндеттері жаһандық және аймақтық қауіпсіздік саласындағы халықаралық аренада ҚР стратегиялық мүдделерін қамтамасыз ету, саясат пен экономикада әділ бейбітшілік тәртіпті орнату, әлемдік қауымдастық мүшелерінің арасында

қарым-қатынасты тұрақты дамыту мен үйлестіру шеңберін жасау жөнінде жұмыс жүргізу болып табылады.

Қазіргі кезде Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі Қазақстанда 15 ұйыммен берілген. ҚР белсенді араласуға кіріскен, анағұрлым маңыздысы: БҰҰДБ (БҰҰ Даму бағдарламасы), ЮНИСЕФ (БҰҰ Балалар қоры), ЮНПФА (Халықты орналастыру жөніндегі БҰҰ қоры), БҰҰЕ (БҰҰ еріктілері), ЮНИФЕМ (БҰҰ әйелдерінің даму қоры), ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы), ЮНЕСКО (БҰҰ Ағарту, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйым мандаты), БДҰ (Бүкіләлемдік денсаулық ұйымы), ЮНИДО (БҰҰ өнеркәсіптік даму ұйымы). БҰҰ жүйесінің агенттігі Үкіметпен, үкіметтік емес ұйымдармен және донор-серіктестермен белсенді ынтымақтаса отырып, өз қызметі мен қол жеткізген нәтижелеріне жыл сайын бағалау жүргізеді. Жақын болашақтағы міндеті – 2000 жылдан кейінгі және жаңа ғасыр мен мыңжылдықтың басындағы кезеңде жаңа асуларды алумен басымдықты жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстанның БҰҰ жүйесінің жұмысына қатысуы Қазақстанның көп жақты дипломатиясының басты бағыттарының бірі болып табылады. Ол біздің еліміздің егемендігінің нығаюына және тәуелсіздігіне ықпал етеді, әлеуметтік-саяси, экономикалық және қоғамдық өмірдің басқа салаларын одан әрі жанартуды жүзеге асыруда жайлы халықаралық жағдай жасайды.

### **БҰҰ даму бағдарламасы (БҰҰДБ)**

1993 жылы өзінің ашылу сәтінен бастап Қазақстанда БҰҰ даму бағдарламасы, әлеуметтік дамуға және кедейліктің тамырын жоюына, демократиялық процесс шеңберінде тиімді мемлекеттік басқаруға бірқалыпты экономикалық өсуге, сондай-ақ экологияны тұрақты басқаруға ерекше назар аударып отырып, өз бағдарламалары мен қызметін ұлттық стратегиялық мақсаттармен келістіреді. БҰҰДБ кеңес берушілері Үкіметке жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын қалыптастыруға көмектесті. Сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму жөнінде әрекеттердің Ұлттық жоспарын, әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі әрекеттердің Ұлттық жоспарын, Әлеуметтік дамуға ықпал етуді (ӘДЫ), Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағдарламасын, сондай-ақ басқа да жоспарларды реформалау және жүзеге асыру бойынша кеңес беру қызметтері көрсетілді. Тағы бір басым міндеттерінің бірі – мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру болды, БҰҰДБ көшбасшы донорлары санатында болды, олар Семей аймағындағы 40-жылдық ядролық қасіретке көңіл аударып отырып, Семей аймағының гуманитарлық және экологиялық ақталуы мен экономикалық дамуының Жан-жақты бағдарламасын жасады. БҰҰДБ ықпалымен Қазақстан БҰҰ бірнеше құқық қорғау құжаттарына қосылды.

### **БҰҰ балалар қоры (ЮНИСЕФ)**

БҰҰ балаларға көмек көрсету қорымен (ЮНИСЕФ) Қазақстан Үкіметі арасындағы ынтымақтастық бағдарламасына бес сала кіреді: ана мен бала денсаулығы, ана мен баланың тамақтануы, бастауыш білім, су ресурстары және санитария, сондай-ақ жоспарлау және түсіндірме-ағарту қызметі. Бағдарламада

ана мен баланың денсаулығына және тамақтануына негізгі көңіл аударылады. ЮНИСЕФ-тің Қазақстанға ықпал етуімен балалар өлім-жітімі деңгейінің өсуі тоқтатылды және соңғы жылдары балалар өлімі төмендеп келеді. Қазақстанның бала құқығы жөніндегі конвенцияны (БҚК) бекітуі ЮНИСЕФ-қа балалар құқығын қорғау саласында үлкен мүмкіндіктер берді. Қазақстанда ЮНИСЕФ бағдарламасына: Арал теңізіне вакциналар, шприцтер, негізгі дәрі-дәрмектер мен сыныптарды жарақтандыру үшін жабдықтарды жеткізу, мұғалімдерді оқыту, мектептерді таза ауыз суымен қамтамасыз ету, мектептердің санитарлық жағдайларын жақсарту жолымен экологиялық және аймақтық көмек Бағдарламасын (АСПЕРА) қолдау енгізілді. 2000 жылы ақпанда ҚР Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасында ынтымақтастық бағдарламасы бойынша Келісімге қол қойылды. Бағдарлама балалар құқығын қорғау негізінде, бұрынғыдай, бірақ көбінесе білім тұрғысынан алғанда, денсаулыққа, сондай-ақ ерекше қолдауды қажет ететін балаларға, жас өспірімдер мен балаларға заң мәселесінен, жастардың қоғам өміріне араласуына көмектесуге басты көңіл бөле отырып, құрылады.

### **БҰҰ халықты орналастыру жөніндегі қоры (ЮНФПА)**

БҰҰ халықты орналастыру жөніндегі қоры тарапынан Қазақстанға көмек 1992 жылдан басталды және содан бері көбінесе қалпына келтірілген денсаулық отбасын жоспарлау және қалпына келтірілген денсаулық саласында ИОК қолдау қызмет сапасын арттыруға бағытталған. 1993-1996 жж. ішінде ЮНФПА ана мен баланы қорғау және отбасын жоспарлау бойынша әр түрлі медициналық жабдықтар жеткізді (АҚШ 1,6 миллион доллары көлемінде). 1996 жылы Қазақстан Үкіметі ЮНФПА қалпына келтірілген денсаулық және отбасын жоспарлау саласында үш ірі жобасын мақұлдады, осының нәтижесінде жабдықтар берілді, оқыту орталықтары құрылды, медицина қызметкерлерін оқыту жүргізілді және тұрғындар арасына жергілікті НПО арқылы отбасын жоспарлаудың жаңа заманғы әдістері туралы ақпарат таратылды. 1998-1999 жж. 2030 дейінгі әлеуметтік стратегиялық жоспарға жауап ретінде ЮНФПА ҚР Үкіметіне халықты орналастыру саясатын тұжырымдауға көмек және Қазақстанда халықтың алғашқы санағын жүргізуде қолдау көрсетті.

### **Есірткілерді бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі БҰҰ Басқармасы (ЕБҚАБ)**

БҰҰ есірткілерді бақылау және қылмыстың алдын алу жөніндегі Басқармасы Қазақстанда бір ұлттық және бір аймақтық жобаларды жүзеге асырады. 1997 жылы шілдеде ЕБҚАБ «Қазақстанда институционалдық нығаю және есірткі айналымына қолданылатын шараларды жетілдіру» (АҚШ 775 мың доллар) Жобасы арқылы ҚР Үкіметіне есірткілерге бақылау жасау шаралары аймағында кеңес беру көмегі, есірткілерді бақылаушы органдардағы тренинг арқылы қолдау көрсете бастады. Басқа «Қазақстанда, Қырғызстанда және Тәжікстанда есірткі құрамды өсімдіктердің заңсыз өсіп-өну аумақтарын карталау» жобасы (АҚШ 742 мың доллары) 1997 жылы желтоқсанда басталды. Қазақстан Республикасы Президентінің өтініші бойынша ЕБҚАБ 1998 жылы

Үкіметке есірткілер мен ұйымдасқан қылмысты бақылау жөніндегі орташа жедел бағдарламаны (мастер-жоспар) жасауға көмек көрсетті. Осы жобаның жалпы бюджеті АҚШ 5,5 миллион долларын құрады. Жаңа ұлттық және аймақтық жобалар - ұлғайып келе жатқан қиындықтар мен өткендегі оң тәжірибені ескере отырып, көбінесе, жеткізу/тұтынуды төмендету және есірткілер контрабандасы мәселелерімен айналысады деп болжайды.

### **БҰҰ босқындар ісі бойынша Жоғарғы комиссарының басқармасы (БҰҰ БЖКБ)**

БҰҰ босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасы 1995 жылы қыркүйекте ҚР Үкіметіне және үкіметтік емес ұйымдарға босқындармен жұмыс жүргізу және оларға байланысты мәселелерді шешу үшін заң базалары мен институционалдық құрылымдарын күшейтуге қолдау көрсету мақсатында ашылды. Қазіргі кезде Қазақстанда 14500-ге жуық, әсіресе Тәжікстаннан, Ауғанстаннан, Шешенстаннан келген босқындар тұрады. Алматыдағы өкілеттік офис бірқатар жобалармен жұмыс істейді, олардың мақсаты – босқындарды қорғау және көмек көрсету, сондай-ақ босқындар туралы заңды жасауға көмектесу. Осы жобалар елімізде босқындармен жұмыс жүргізу жөніндегі кейбір өрлеуге ықпал етті, ол 1999 жылы қаңтарда Қазақстан Республикасының 1951 ж. Женева Конвенциясында, босқындар статусына, сондай-ақ босқындар туралы заң жобасын жасау, босқындар статусын анықтау бойынша мемлекеттік рәсімдерге қатысты сөйлеген сөздерінен көрінді. Сонымен қатар, БҰҰ БЖКБ босқындарға қатысты халықаралық құжаттар бойынша бірқатар семинарлар мен симпозиумдар өткізді, сондай-ақ адам мен босқындар құқығы туралы бірқатар құжаттар жариялауға қатысты. БҰҰ БЖКБ босқындардың ең осал топтарына Қазақстанның Қызыл крест және жарты ай өкілеттігі арқылы материалдық көмек көрсетеді. БҰҰ БЖКБ ұзақ мерзімді стратегия ретінде Алматыда, босқындардың ағылуына байланысты әлеуетті мәселелерді техникалық көмек беру жолымен тәуелсіз шешу аймағында Қазақстанның мүмкіндігін арттыруға, сондай-ақ үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға жалпы қолдау көрсетуге барлық күш-жігерін салды.

### **БҰҰ еріктілері (БҰҰЕ)**

БҰҰ ерікті мүшелері Қазақстанда өз жұмыстарын БҰҰДБ офистері арқылы 1995 жылы бастады. Осы уақыттан бері 50 ерікті мүшелер түрлі жобаларға қатысты, олардың көбісі Арал теңізі аймағының әлеуетін ақтау және өсіру Бағдарламасы шегінде: экологиялық жағдайын жақсартуға көмектесу, НПО мүмкіндіктерін арттыру және жұмыс орындарын құру жұмыстарын атқарды. 1999 жылдың аяғына қарай БҰҰЕ Бағдарламасы Қазақстанның 7 түрлі аймақтарында 10 жобаға қатысты, оған мамандандырудың түрлі: АИВ/ЖИТС-пен күрес және компьютерлік бағдарламалаудан бастап, су ресурстарын басқаруға дейінгі саласында еркімен келген мамандар қатысты. 1999 жылы қаңтардан бастап енген жаңалық – ұзақ мерзімді тұрақтылық әлеуетін, аралас команда негізінде мүмкіндіктер жасау арқылы, байыта және нығайта отырып,

жұмысқа еркімен келген ұлттық мамандарды тарту болды. Бүгінгі күні 10 ұлттық БҰҰЕ жұмыс істеуде және тағы 10 еркімен келгендер жақында жұмысқа қабылданады.

### **БҰҰ әйелдерді дамыту қоры (ЮНИФЕМ)**

БҰҰ әйелдерді дамыту қоры (ЮНИФЕМ) әйелдер құқығын қорғау, олардың экономикалық және саяси жағдайын нығайту, сондай-ақ гендерлік теңдік жөніндегі инновациялық бағдарламаларға қаржылық қолдау және техникалық көмек көрсетеді. Қазақстанда 1999 жылы шілдеде ашылған сәтінен бастап ЮНИФЕМ - БҰҰДБ, ЮНДГО және ЮНИФЕМ –мен бірлесіп, «БҰҰ Резидент-координаторының Әрекеттердің Пекиндік платформасын орындау қызметін қолдау» жобасын іске асырды. Бұл жобаның негізгі мақсаттары - әйел рөлін арттыруды қолдау және көмек көрсетумен, сондай-ақ гендерлік проблематиканы ескерумен, гендерлік саясат пен бағдарламаларды тұжырымдау мен жүзеге асыру, жоспарлауды үйлестіру. Әрекеттің Пекиндік платформасы стратегиясын орындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде БҰҰ агенттіктерімен азаматтық қоғам және үкімет арасындағы іскерлік және өнімділік қатынастарды дамыту, ЮНДАФ, ОСО және ССЗ сияқты БҰҰ материалдары мен құжаттарындағы гендерлік тәсілдерді ескеру, сондай-ақ ЮНИФЕМ түсіндірме-ағарту жұмыстарына ықпал етумен шектеледі.

### **Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ)**

Халықаралық еңбек ұйымының ҚР Үкіметіне көрсететін негізгі техникалық көмегі екі ірі жоба бойынша жүзеге асырылады: «Жергілікті экономиканы құрылымсыздандыру және жұмыспен қамтуды реттеу: депрессивті аудандарда жұмыс орындарын құру жөніндегі демонстрациялық жоба» (АҚШ 239 мың доллары) және «Өз ісінді баста да, жетілдір» (АҚШ 250 мың доллары). Өз қызметінің басынан бастап 1995 жылы ХЕҰ жалақылардың саясатын анықтау, жұмыспен қамту саясатын құру бойынша түрлі кеңес беру қызметтерін және т.б. көрсетті. Қазақстанда жұмыс орындарындағы қауіпсіздік техникасы мәселесі және кәсіптік аурулар, сондай-ақ үш жақты қатынас жүйесін енгізу жөнінде бірқатар семинарлар өткізілді. ХЕҰ түрлі заң жобаларына – еңбек, жұмыспен қамтылу және еңбек қорғау туралы комментарийлер мен ұсыныстарды енгізді. 1995-1996 жж. ХЕҰ БҰҰДБ басшылығымен Әлеуметтік даму стратегиясы шеңберінде «Қазақстанда өнеркәсіптік кәсіпорындарды құрылымсыздандыру» мәселесі бойынша зерттеу жүргізді, ХЕҰ еңбек қауіпсіздігі мен қорғауы және жұмысшылар денсаулығы, жұмыспен қамтылу саясаты жөніндегі бірнеше Конвенциясын ратификациялауда көмек көрсетті.

### **БҰҰ оқу ағарту, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Ұйымының мандаты (ЮНЕСКО)**

БҰҰ оқу ағарту, ғылым және мәдениет мәселелері жөнінде Ұйымының мандаты ұлттар арасында ынтымақтастықты - білім, ғылым, мәдениет және

коммуникация арқылы дамыту жолымен бейбітшілік пен қауіпсіздіктің, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітілген заң мен адам құқығын, сондай-ақ негізгі еркіндіктерін, әлем халықтарының нәсілдік немесе жыныстық белгісіне, тілі мен дініне қарамастан, бәрі бірдей құрметтеуіне ықпал етумен шектеледі. ЮНЕСКО офисі Алматыда 1994 жылы ашылды және содан бері Қазақстанда формалдық және формалдық емес білім саласында донорлық көмекті үйлестіруде жетекші рөл атқарып келеді. Сонымен 1995-1996 жж. ЮНЕСКО Қазақстанда бастауыш, орта, жоғары және кәсіптік-техникалық білімнің ұлттық талдауын АҚШ-тың 890,000 долларымен жалпы сомада басқарып, ұйқастырды. ЮНЕСКО ғылым саласында Арал теңізі аймағында ірі мониторингтік жобаны жүзеге асыруда, сондай-ақ Каспий теңізіне және бұрынғы Семей ядролық полигонына байланысты мәселелермен жұмыс істейді. ЮНЕСКО өзінің «Жібек жолы» аймақтық жобасы шеңберінде мәдениеттің дамуына белсенді ықпал етуде. Ең маңызды мысалдарының бірі, халықаралық және қазақстандық суретшілердің ынтымақтастығы шеңберін кеңейтетін «Көпір» бағдарламасы болып табылады. Офистің алғашқы жұмыс істеген жылдарынан бастап бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау және журналистік дамытуды көздейтін коммуникацияны дамытуға қолдау көрсетіле бастады.

### **Бүкіл әлемдік денсаулық ұйымы (БДҰ)**

Қазақстанда Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы бағдарламасының негізгі басымдықтары: денсаулық сақтау жүйесін реформалау, ана мен бала денсаулығы, мейірбике күтімінің жүйесін реформалау, тамақтанудың ұлттық саясаты, инфекциялық ауруларды бақылау, дәрі-дәрмектік саясатты дамыту, экология және денсаулық болып табылады. 1996 жылы Қазақстанда бірнеше жобалар басталды, олардың ішінде МЕКАКАР жобасы, осының нәтижесінде Қазақстанға полиомиелитке қарсы 2920000 вакцина жеткізілді, сондай-ақ орталық және жергілікті үкіметтерге, таза ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты бағдарламаларды шешуде көмек көрсететін, басқа донорлармен ынтымақтастықтағы «Сумен жабдықтауды жақсарту» жобасы. Қазіргі кезде Үкімет пен БДҰ арасында 2000-2001 жж. ынтымақтастықтың орташа жедел бағдарламасы жүзеге асыру кезеңінде тұр. 1996 жылдан бастап БДҰ ЦАРК халықаралық жобасын қолдауда, оған дені сау ана, төспен тамақтандыру, отбасын жоспарлау және бала жастағы ауруларды интегралдап жүргізуге (БЖАИЖ) қол жеткізуде көмек көрсетуде. Алдын ала алынған нәтижелер Орталық Азия және Қазақстан Республикаларында ана мен бала өлімін төмендетуге табысты үлес қосуды жариялады.

### **БҰҰ өнеркәсіптік даму ұйымы (ЮНИДО)**

Қазақстан БҰҰ өнеркәсіптік даму ұйымына 1997 жылы маусымда ресми түрде енді. 2000 жылы ЮНИДО Қазақстанда өзінің ресми өкілеттілігін ашты. Осыған қарамастан, Қазақстан осы ұйымға кірмей тұрып, ЮНИДО түрлі жобаларды орындады. 1995 жылы қарашада БҰҰДБ, ЮНИДО –мен бірлесіп, «Кіші және орта кәсіпкерлікті дамыту» жөніндегі жобаны бастады, ол бірінші кезеңде Текелі қорғасын-цинк комбинатын құрылымсыздандыру бойынша

көмек көрсетуді қарастырды. Жобаның екінші кезеңінде Алматыда Кеңес беруші бизнес-орталық (КБО) құрылды, ол 454-ке жуық кәсіпкерлер мен жеке кәсіпорындарға қызмет көрсетті, сондай-ақ бизнес бастамасы бойынша Алматы, Қызылорда, Қостанай, Текелі және Оралда 2300-ден астам адамға 38 семинар өткізді. Ұлттық кеңес берушілер 726 бизнес-жоспар құрастырды, оларды түрлі қорлар мен банктар қаржыландырды.

Алматы КБО осындай орталықтарды Текелі мен Атырауда құруға қолдау көрсетті. ЮНИДО БҰҰДБ басқа бағдарламалары мен жобаларына гендерлік даму, Арал теңізі жағалауын босату және мүмкіндіктерді дамытуға, сондай-ақ БҰҰ басқа агенттіктері бойынша көмек көрсетті.

Қазақстан БҰҰ бітімгершілік қызметі мен күш-жігерін бүтіндей қолдайды және БҰҰ резервтік келісімдері жүйесінің мандатын одан әрі кеңейту бойынша қабылданатын шараларды оң бағалайды. Қазақстанның осы қызметке белсенді араласуының куәсі – Қазақстандық бітімгершілік батальонын құру болып табылады, оның бөлімшесі қазіргі кезде Ирактағы тұрақтандырылған күштерінің құрамында (Қазбат) қызмет етуде.

2003 жылы БҰҰ дайындық іс-шараларының жүйесіне қосқан үлестеріне қатысты БҰҰ-мен өзара түсінушілік туралы Меморандумға қол қою отырып, Қазақстан осы кезеңде бітімгершілік операциялар үшін – қызметкер, бронетехника және бітімгершілік батальонының көлігін (Қазбат) беруге дайын, әрі бейбітшілікті қолдау жөніндегі операция үшін БҰҰ сатып алу жүйесіне анағұрлым белсенді араласуға мүдделі.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. Алматы, 1992.
2. Вербицкая Н. Вместе с ООН – в мировое сообщество // Казахстанская правда. 2001. 12 марта.
3. Зайцева О.Г. Международные межправительственные организации. М., 1992.
4. Елшибеков А. Деятельность Казахстана в Организации Объединенных Наций // Евразийское сообщество. 2004. № 1.
5. Сборник документов по международному праву. Т.2. Алматы: АО «САК», 1999.
6. Токаев К. Международная политика Казахстана: сотрудничество, интеграция, добрососедство // Казахстанская правда. 2001. 7 ноября.
7. Под патронажем ООН: по транзитным дорогам – к морю // Деловой мир. 2003. № 29.

## Қазақстан және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ)

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының  
профессоры,  
т.ғ.к.  
Шаймұханова С.Д.*

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ) – АҚШ-ты, Канаданы, практикалық түрде барлық Еуропа елдері мен бұрынғы кеңес республикаларын біріктіретін бірегей аймақтық форум.

ЕҚЫҰ жеке халықаралық ұйым ретінде кіріспе тарихы 1973 жылы басталды, КСРО өзіндік бастамасы бойынша Шығыс пен Батыс арасындағы қатынастардағы шиеленісті жеңіп шығу мақсатында Еуропада қауіпсіздік және ынтымақтастық жөнінде Мәжіліс құрылды. Оның жұмысына түрлі саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйелері бар АҚШ, Канада және Еуропа мемлекеттерінің көпшілігі қатысты. Қатысушы елдердің негізгі мақсаты – Еуропа континентінде халықаралық бәсеңдету мен тұрақтылықты нығайтумен, халықтар арасындағы өзара түсіністікті дамытумен және мәдениет саласында халықаралық жеке байланыстарды орнатумен шектеледі. ЕҚЫМ Будапешт Саммитінде 1994 жылы ЕҚЫМ-ды ЕҚЫҰ-ға өзгерту туралы шешім қабылданды. Сонымен, ЕҚЫҰ ЕҚЫМ логикалық жалғасы болып табылды. Сондықтан публицистика мен ғылыми әдебиетте ЕҚЫМ/ЕҚЫҰ деп халықаралық қатынастағы бірін-бірі органикалық түрде толықтырушы құбылыс ретінде жиі жазады.

ЕҚЫҰ саяси маңыздылығы, ең алдымен, Еуропадағы басқа халықаралық үкіметтік ұйымдармен салыстырғанда оның бірегейлігімен шектеледі. Бұл практикалық түрде, ерте ескертумен, жанжалдарды шешумен және дағдарыстық аймақтардағы дағдарыстан кейін қалпына келтірумен, сондай-ақ сақтандырғыш дипломатиямен, сайлауларды бақылаумен, Еуропадағы экологиялық қауіпсіздікпен тікелей айналысатын жалғыз ғана еуропалық ұйым.

ЕҚЫМ/ЕҚЫҰ негізін қалаушы құжат – 1975 жылы 1 тамызда КСРО, АҚШ, Канада және 33 еуропалық мемлекеттер қол қойған Хельсинки Қорытынды актісі болып табылады. Бұл құжат –Еуропа континентінде қалыптасқан «статус-кво»-ны нығайтуға және Батыс пен Шығыс арасындағы қатынастың шиеленісуін бәсеңдету жолымен одан әрі қозғалысын жалғастыруға арналған. Ол, қатысушы елдердің өзара қатынасы мен ынтымақтастық нормаларын анықтайтын базалық принциптерден тұрды және Мәжілістің негізгі міндеттерінің сандарына сәйкестенген үш тараудан (немесе үш «корзинадан») құралды.

Бірінші «корзина», Еуропа қауіпсіздігімен байланысты жалпы мәселелерге тиісті болды. Екінші «корзина» экология мен қоршаған ортаны



қорғау саласында экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық пен кооперация мәселелеріне арналды. Үшіншісіне гуманитарлық мәселелер мен адам құқығын қорғау мәселесі енді (VII, VIII және XI принциптері). Ол КСРО тарапынан ең үлкен кедергі тудырды, себебі мәселені осылай қою екі блоктар арасындағы идеологиялық жанжалды мүлдем басқа кеңістікке аударды. Азаматтардың саяси құқығы мен еркіндігін қорғау мәселесі кеңес жүйесінің «әлсіз буыны» болып табылды және Хельсинки Актісі, КСРО-да диссиденттік қозғалыс пен саяси оппозицияның болу құқықтары практикада жүзеге асырылмаған күйі халықаралық мойындау болып табылды. Көптеген аналитиктердің пікірінше, Қорытынды актіні қабылдау «бәсеңдету» кезеңін символдап қана қойған жоқ, сондай-ақ Шығыс пен Батыс арасындағы қарама-қайшылықты, адам құқығын сақтау кеңестігіне аударып отырып, «идеологиясыздандыруға» әкелді. Алайда, Мәжілісті шақыруының өзі ескі тұрғыда алаңдатушылықты жеңуге және пікірлерімен, ақпаратпен еркін алмасуына, сондай-ақ адамдардың еркін орын ауыстыруына қатысты режимінің орнығуына ықпал етті. Хельсинки актісі осы ұйымның барлық келесі базалық құжаттарын қабылдаудың негізі болды.

ЕҚЫМ/ЕҚЫҰ баршаға ортақ сипаты рәсімдік шаралармен, атап айтқанда: шешім қабылдау кезіндегі консенсус принципімен және қатысушы елдер теңдігінің принципімен қамтамасыз етілгендігі әбден айқын. Қорытынды Акт екі әскери-саяси блоктар (НАТО және ОВД) мен қосылмаған елдердің күштерінің қосынды баланстарының құжаттық дәлелі ретінде қарастырылды. КСРО құлдырауынан кейін және Шығыс пен Батыс арасындағы идеологиялық қарама-қайшылық біткеннен кейін бұрынғы қарсыластар ЕҚЫМ-ды (кейін ЕҚЫҰ) Еуропадағы қауіпсіздікпен, жанжалдарды шешумен, қарулануды бақылау жөніндегі жаңа келісімді дайындаумен, тура солай әскери салада сенімді нығайту жөніндегі шаралармен айналысатын жалпы еуропалық ұйымға айналдыру әрекетін қолданды. Нақ осы уақытта мынадай түйінді құжаттар – жаңа Еуропаға арналған Париж Хартиясы, Еуропадағы қарапайым қарулану туралы Келісім-шарт (ЕКҚК), Ашық аспан жөніндегі келісім-шарт, «сенім мен қауіпсіздікті нығайту жөніндегі шаралардың үшінші буыны» туралы құжаттар және т.б. келісімдер қалыптасып, оларға қол қойылды. Сонымен, қатысушы елдер ЕҚЫМ/ЕҚЫҰ-ын «суық қарулы соғыс» аяқталғаннан кейін, континентте қалыптасқан жаңа реалийге «бейімдеуге» тырысты.

XX ғасырдың аяғында ЕҚЫҰ қатысушыларының шеңберін айтарлықтай кеңейту болды. Ұйымның құрамына барлық кеңестік үкіметтен кейінгі мемлекеттер, сондай-ақ Бұрынғы Югославия аумағында қалыптасқан мемлекеттер қабылданды. Нәтижесінде қазіргі кезде 56 мемлекет ЕҚЫҰ мүшелері болып қабылданды. Бұл ЕҚЫҰ-на анағұрлым репрезентативтік сипат берді және сонымен қатар, Закавказье мен Орталық Азияда пайда болған жаңа мемлекеттердің әлемдік қауымдастыққа шоғырлануына ықпал етті. Сөйтіп, ЕҚЫҰ аймағы географиялық түрде Еуропа шегінен алыс кетеді.

Қазақстан Республикасы 1992 ж. қаңтарда ЕҚЫҰ мүшесі болды, ал 1995 ж. ЕҚЫҰ-да Вена қаласында Қазақстан Өкілеттігі ашылды. Осы ұйымға кіру Қазақстанның халықаралық қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін шешу жөніндегі

жалпы еуропалық іс-шараларына белсенді араласуға талпынысын білдірді. Осыған орай, Қазақстан өз еркімен адам құқығын қорғау, экономикалық даму, лаңкестікпен күрес және жан-жақты ынтымақтастықтың басқа да мәселелері саласындағы міндеттемелерді өзіне алды.

Қазақстан Республикасы қысқа мерзімде ЕҚЫҰ-ына енетін елдермен өзара қарым-қатынастың жоғары деңгейіне қол жеткізе білді. Бұған, сөзсіз, еліміздің табысты экономикалық дамуы, Қазақстан қоғамының қоғамдық-саяси өмірін ырықтандыру және оның саяси жүйесін демократиялау ықпал етті. 2004 жылы саяси реформалардың жалпы ұлттық бағдарламасы жарияланды. Осыдан кейін, ЕҚЫҰ стандарттарына максимум жуықтаған жаңа сайлау заңы қабылданды. Демократиялық реформалардың бағдарламаларын жасау мен нақтылау жөніндегі түрлі комиссия қызметіне көп көңіл бөлінді. ҚР Парламентінің Мәжілісінде саяси пікірталастарға арналған аймақ ретінде қоғамдық палата құрылды. Біртіндеп мемлекеттік басқарманы орталықсыздандыру жүзеге асырылуда, сот билігін реформалау және азаматтық қоғам институттарының одан әрі дамуы жүргізілуде. 2002 жылдан бастап Қазақстанда адам құқығы бойынша уәкілеттік институты қызмет етуде (омбудсмен). 2003 жылы Азаматтық және саяси құқықтар жөнінде Халықаралық пактқа және адамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтары туралы Халықаралық пактқа қол қойылды, сондай-ақ өлім жазасына мораторий жарияланды, бұл Қазақстанның демократия принциптері мен адам құқығын қорғауға бұлжымастығының куәсі. Біздің елімізде біртіндеп жүргізілетін демократиялық түрлендірулердің қорытындысы – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесі арқылы мемлекеттің қолдауын пайдаланатын көп партиялы саяси жүйе, 6 мыңнан астам ҰСҰ болуы болып табылады.

Демократиялық түрлендірулерді жүргізудегі айтарлықтай қадам – мемлекет басшысының бастамасымен орындалған 2007 жылы жазда Қазақстанды президенттік-парламенттік республикаға ауыстырған конституциялық реформалары болып табылады. Басымды түрде Парламенттің төменгі палатасына сайлаудың мажоритарлық жүйесі пропорционалдыққа ауыстырылды, бұл партияның рөлін саясат жүйесінде арттырды. Сонымен қатар, үкіметті қалыптастыру тәртібі өзгерді, ол үкіметтің заң шығару тармағының алдында есеп беруші болды. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру саласында, мемлекеттік басқарманы одан әрі орталықсыздандыруға және биліктің жергілікті сайлау құрылымдарына, ең алдымен аймақтық өкілетті органдарға (мәслихаттарға) максимум түрде өкілеттікті беруге жол салынды.

Барлық конституциялық өзгерістердің негізінде бір сәттік мақсаттар емес, елдің айқын және ұзақ мерзімді мүдделері жатқандығын атап өткен жөн. Қазақстан өз кандидатурасын ЕҚЫҰ Төрағалық постына жылжыту ниеті туралы хабарлама жасады, оны ТМД қатысушы елдері қолдады. 2007 жылдың қарашасында ЕҚЫҰ қатысушы елдерінің Сыртқы істер Министрлерінің Кеңесінде Қазақстанға 2010 жылы ЕҚЫҰ Төрағасының постын беру туралы шешім қабылданды. Бұл мемлекеттің үлкен, әрі өнімді жұмысының логикалық түрде аяқталуы және либералдық нарықтық экономикасы бар демократиялық қоғамын құруда еліміздің шынайы жетістіктерін мойындау болып табылады.

Берілген шешім тарихи болып саналады. Бұрын ЕҚЫҰ төрағалары арасында Батыс Еуропа өкілдері, Еуроодаққа мүшелер немесе кандидаттар басымдық алатын. Тұңғыш рет ЕҚЫҰ тарихында оны Азияда орналасқан түрік мемлекеті басқарады.

Халықаралық Еуропа ұйымының соншалық жоғары постына сайлау Қазақстанның сыртқы саясатында еуропалық векторды жандандыруда, қазақстанның өзіндік бастамаларының одан әрі алға басуы үшін еуропалық саясат талдауына күш салуға түрткі болды.

Соңғы кездері қазақстан-еуропалық өзара әрекеттесу мәселелері өздеріне барған сайын еуропалық қоғамдастықтың да, сондай-ақ Қазақстан жұртшылығының да үлкен қызығушылығын тудырып отыр. Алайда әлемдегі, оның ішінде Еуропадағы геосаяси жағдай көп нұсқалы болып келе жатқанын, туындайтын маңызды ішкі саяси, экономикалық факторлар мен бір елдерге немесе нақты елдердің біріне белгілі бір сыртқы әсеріне қарай түрлі азимуттер бойынша кездейсоқ даму жолына түсетінін байқамауға болмайды. Сондықтан ҚР жеке рөлі мен мемлекеттің ұлттық мүдделерін жалпы еуропалық саясат шеңберінде ойлануы керек.

Әрине, төрағалық ету кезеңінде әрекет ету еркіндігі объективті факторлармен шектелген және бір жыл ішінде көп нәрсе жасап үлгеру қиын, алайда бұл ЕҚЫҰ қатысушы мемлекеттер үшін ең үлкен қызығушылық тудыратын шұғыл мәселелерді қою құқығын жоққа шығармайды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға шығуға ниеттенген мәселелер тақырыбы анағұрлым кең: ЕҚЫҰ белсенділігінің бірқалыпты емес географиялық таралуында болатын, әсіресе, кеңес үкіметінен кейінгі елдер кеңістігіне қатысты «қосарлы стандарттарды» игеру. Қазақстан ЕҚЫҰ-ның ислам әлемімен ынтымақтастығын кеңейту мүмкіндігін талқылауға ниетті. Ол ислам елдерін 2010 жылы ЕҚЫҰ қызметінің күн тәртібін қалыптастыруда белсенді араласуға шақырады және ОИК пен ЕҚЫҰ арасындағы жалпы жанасу нүктелерін қарастыруды ұсынады, сонымен Еуропа елдерінде мұсылман қауымының көші-қоны мен шоғырлану мәселелерін, тұтас алғанда – Батыс пен мұсылман Шығысы арасындағы сұхбатты шешудің басын ашты.

Сонымен қатар, Қазақстан ЕҚЫҰ алдына шешу үшін келесі мәселелерді қойды: ЕҚЫҰ кеңістігінде демократиялық институттардың дамуы үшін жағдай жасау жөнінде әрекетті жалғастыру; ЕҚЫҰ мемлекеттері мен еуразиялық трансконтиненттік көліктік коридорлардың транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту; экологиялық мәселелерді шешу; Қазақстанның бейбітшілікті, қауіпсіздікті және ядролық қарусыздануды қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отырып, сенім мен аймақтық қауіпсіздік шараларын нығайту; ЕҚЫҰ қызметіндегі қауіпсіздіктің әскери емес аспектілерін, жеке алғанда лаңкестікпен, экстремизммен, есірткі заттарының заңсыз айналымымен, ұйымдастырылған қылмыспен, қаруды және адамды саудаға салумен күресу шеңберінде дамыту, сондай-ақ Ауғанстанды - ЕҚЫҰ серіктес ел қалпына келтіру.

Сондай-ақ маңызды міндет – қауіпсіз, тұрақты және гүлденген Орталық Азияны орнату, тартымдылықты, оның ішінде экономикалық, арттыру барысында ЕҚЫҰ әлеуеті мен құралдарын пайдалану болып табылады.

Сонымен Қазақстанға, ЕҚЫҰ төрағасы ретінде, 2010 жылы ұйымның барлық құрылымдарының қызметтерін үйлестіру жөнінде салмақты және тынымсыз жұмыс атқару керек.

Қазақстанды ЕҚЫҰ Төрағасы етіп сайлау - беделді халықаралық ұйымның өзі үшін де, республиканың өзінің дамуы үшін де маңызды. ЕҚЫҰ төрағалық ҚР-на оның әлеуеті мен оны жүзеге асыру мүмкіндіктерін біршама толығырақ ашуға мұрша береді деп күтуге болады. Сондықтан Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағалығы кезеңіндегі міндеттерінің ішінде – Еуропа елдерінің экономикалық саясатының Еуропа нарығындағы Қазақстанның экономикалық мүдделерін жүзеге асыруға ықпал етуіне талдау жүргізу, Қазақстан кәсіпкерлерін отандық өнімдерді Еуропа нарығында алға жылжыту үшін ақпараттандыру мақсатында, Еуропа елдерінде сауда заңдары мен сыртқы сауда қызметінің шарттарын зерделеу, Қазақстан экспортының құрылымын Еуропа елдеріне диверсиялау болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Итоговый документ Венской встречи представителей-государств-участников СБСЕ. М.: Политиздат, 1986.
2. Гольдин Г.Г. ОБСЕ и Приднестровье: Учебное пособие. М.: Дип. Академия МИД РФ, 2000.
3. Казахстанские лейтмотивы в ОБСЕ //Деловой мир. Астана. 2008. № 6 (59).
4. Кортунув А.В. Россия и Запад: модели интеграции. М., РНФ-РОПЦ, 1994.
5. Петраков М. «Учителя» и «ученики» в ОБСЕ // Международная жизнь. – 2001, № 9.
6. Смутс М. Международные организации и неравноправие государств. //Международный журнал социальных наук. 1995.
7. От Хельсинки до Будапешта: история СБСЕ/ОБСЕ в документах (1973–1994). М.: Наука, 1997.



## Қазақстанның өзара әрекеттесуі және Солтүстік Атлантикалық келісім ұйымы (НАТО)

*Қарағанды мемлекеттік  
Техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті,  
т.ғ.к.  
Даниярова А.Е.*

Солтүстік Атлантикалық келісім ұйымы (НАТО) – бұл 1949 ж. 4 сәуірде АҚШ-та құрылған әскери-саяси блок. НАТО-ның Мемлекеттік мүшелері: АҚШ, Канада, Исландия, Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Нидерланды, Люксембург, Норвегия, Дания, Италия және Португалия болды.

НАТО-ның басты мақсаты – БҰҰ Жарғысының принциптеріне сәйкес Еуропа мен Солтүстік Америкадағы өзінің барлық мүшелерінің еркіндігі мен қауіпсіздігіне кепілдік береді. Осы мақсатқа жету үшін НАТО өзінің саяси ықпалы мен әскери әлеуетін, оның мүше мемлекеттеріне кездесетін қауіпсіздіктің қажеттілік сипатына қарай қолданады.

1999 ж. жарияланған қолданыстағы Стратегиялық концепция НАТО бірінші дәрежедегі міндеттерін келесі түрде анықтайды:

- Еуроатлантикалық аймақтағы тұрақтылық негізі болу;
- қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес берулер жүргізудің форумы ретінде қызмет ету;
- НАТО мүше мемлекеттердің кез келгеніне қарсы агрессияның кез келген қатерін бөгеу және одан қорғауды жүзеге асыру;
- жанжалдарды тиімді түрде болдырмауға ықпал ету және дағдарыстық реттеуге белсенді араласу;
- Еуроатлантикалық аймақтардың басқа елдерімен жан-жақты серіктестікті, ынтымақтастықты және сұхбаттасуды дамытуға ықпал ету.

НАТО-ның жоғарғы саяси органы Солтүстік Атлантикалық кеңес (НАТО кеңесі) болып табылады, ол барлық мүше мемлекеттердің өкілдерінен құралады және өзінің отырыстарын НАТО-ның төрағалық етуімен жүргізеді. Солтүстік Атлантикалық кеңес өз кездесулерін сыртқы істер министрлері мен мемлекеттер және үкіметтердің басшылары деңгейінде өткізеді. Кеңес шешімдері бір ауыздан қабылданады. Сессиялар арасындағы кезеңде НАТО Кеңесі қызметін НАТО-ның тұрақты Кеңесі атқарады, оған блоктың барлық қатысушы елдерінің елшілер дәрежесіндегі өкілдері енеді.

1966 жылдың желтоқсанынан бастап Әскери жоспарлау комитеті ұйымның жоғары әскери-саяси органы болды, ол жылына екі рет, қорғаныс министрлері деңгейінде, ал қағаз жүзінде тұрақты өкілдерден тұратын, өз сессияларына жиналады. Сессиялар арасындағы кезеңде Әскери жоспарлау комитетінің қызметін Әскери жоспарлаудың тұрақты комитеті атқарады, оның

құрамына блоктың барлық қатысушы елдерінің елшілер дәрежесіндегі өкілдері енеді.

НАТО-ның жоғарғы саяси органы - НАТО мүше елдердің бас штабтарының бастықтары мен тұрақты қарулы күштері жоқ және өз отырыстарына жылына кем дегенде екі рет жиналатын Исландияның азаматтық өкілінен тұратын Әскери комитет болып табылады. НАТО-ның негізгі органдарына – әдетте өз отырыстарын қорғаныс министрлері деңгейінде жылына екі рет, НАТО Кеңесінің отырысының алдында өткізетін Ядролық жоспарлау тобы да жатады. Исландия Азаматтық бақылаушының ядролық жоспарлау тобында берілген.

Қазақстан Республикасы мен НАТО арасындағы ынтымақтастықтың басы біздің еліміздің 1992 жылы Солтүстік Атлантика кеңесінің ынтымақтастығына енуі болды, ол 1997 ж. Еуроатлантикалық серіктестік кеңесі (ЕАСК) болып өзгерді. ЕАСК Қазақстанға НАТО-ға мүше елдермен және еуразиялық кеңістіктегі елдермен халықаралық қауіпсіздіктің анағұрлым өзекті мәселелері бойынша жемісті сұхбаттасу жүргізуге мүмкіндік береді. Ынтымақтастықтың маңызды құраушысы – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер және ЕАСК қорғаныс министрлерінің жыл сайынғы мәжілістеріне қатысуы болып табылады.

1994 жылы қаңтарда НАТО әскери ынтымақтастығының «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы құрылды. Бағдарламаға қатысушылар ішінде: Әзербайжан, Армения, Австрия, Белоруссия, Босния және Герцеговина, Грузия, Ирландия, Қырғызстан, Македония, Мальта, Молдова, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина, Финляндия, Черногория, Швеция, Швейцария. Қазақстан 1994 жылы 27 мамырда НАТО-мен саяси сұхбатты тереңдету және әскери ынтымақтастық мақсатында «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қосылды.

«Бейбітшілік үшін серіктестік» - НАТО-ның ірі масштабты бастамасы, оның мақсаты - тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, серіктес мемлекеттердің әрқайсысы мен НАТО арасындағы нақты серіктестікке жету болып табылады. Бұл бағдарлама жаңа заманғы қауіпсіздік сәулетінің маңызды және бөлінбес бөлшегі болды.

НАТО және Қазақстан арасындағы қатынас бүгінгі күні өзара қолайлы сипат алуда. Осы ынтымақтастықтың бірнеше аспектілерін бөліп қарастыруға болады.

Біріншіден, әскери-техникалық аспект. Қазақстан, НАТО бағдарламаларына өзінің қатысуын пайдалана отырып, қарулану партиясы мен әскери техника алу ниеті бар. Осыған ұқсас тәсіл, НАТО-ға енген кейбір елдерге қысқа уақыт аралығында әскери техника паркін, Солтүстік Атлантика блогының стандарттарына сәйкес, айтарлықтай түрлендіруге мүмкіндік берді. Мысалы, Балтия елдері, өздерінің қарулы күштерінің аз санына қарамастан, практикалық түрде 100 пайызға қайта қаруланудан өтті және бүгінгі күні НАТО стандартына толық сәйкес келеді. Бұл өз кезегінде Балтия елдеріне НАТО-ның түрлі іс-шараларына белсенді араласуға мүмкіндік берді.

Қазақстан да берілген бағытта қадамдар жасады. Сонымен, НАТО-ның «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы бойынша республика жыл сайынғы күзгі және көктемгі оқуларға теңіз жаяу әскерінің америка базасы аймағында да, сондай-ақ Орталық Азияда да қатыса бастады.

Қазақстанның екінші қадамы – 2002 жылы НАТО-ның «Жоспарлау және талдау процесі» бағдарламасына қосылуы болды. Берілген бағдарлама шеңберіндегі ынтымақтастық - республикаға қарулы жанжалдар аймағында бейбітшілікті қолдау жөнінде бітімгерлік миссиялары мен іс-шараларына қатысу, сондай-ақ НАТО стандарттарына сәйкес әскери техника мен қару алуға мүмкіндік берді.

Екіншіден, ынтымақтастықтың қаржылық аспектісі. Республика НАТО бағдарламасына қатыса отырып, қарулы күштерге қалай болса, өнеркәсіптің кейбір салаларына да солай бағытталған (мысалы, атомдық) қаржыландыруды алуға талпынуда.

Сонымен, НАТО-ның Еуропалық командованияесінің «Инвестиция және қауіпсіздік» бағдарламасына қатыса отырып, Қазақстан бағдарлама мүмкіндігін республиканың түрлі аймақтарындағы әскери инфрақұрылымды жетілдіру үшін, оқу-шынықтыру орталықтарын, байланыс және ақпарат жүйелерін құруды енгізе отырып, пайдалануға тырысады.

Басқа мысалы – Қазақстан мен НАТО-ның «Ғылым бейбітшілік үшін» бағдарламасы шеңберінде өзара әрекеттесуі болып табылады. Берілген жағдайда НАТО тарапынан айтарлықтай назар аудартқан - Семей, Арал теңізі және құбыр жүргізу мәселелері.

Үшіншіден, сыртқы саясат аспектісі. Қазақстан, НАТО елдерімен бірлескен іс-шараларға қатыса отырып, аймақтағы республикаларға, күштің негізгі полюстерінен дистанциялауға және кідірту мен қарама-қарсылық механизмдерін пайдалануға негізделген өзінің түрлі векторлық саясатын жариялайды.

Қазақстан мен Солтүстік Атлантикалық Ұйым ынтымақтастығы (НАТО) Еуроатлантикалық серіктестік кеңесінің (ЕАСК) шеңберіндегі сұхбаттасу арқылы практикада жүзеге асырылады. Кавказ және Орталық Азия бойынша НАТО-ның бас хатшысының арнайы өкілі елші Роберт Ф.Симмонс Қазақстан басшылығымен саяси сұхбатты жоғары деңгейде қолдайды және елімізге үнемі келіп тұрады, Орталық Азиядағы байланыс және өзара әрекеттесу жөніндегі НАТО қызметкері мезгіл сайын Астанаға барып, үкіметпен бірге ынтымақтастық мәселелерін қарастырады.

НАТО мен Қазақстан аймақтарының бірқатарында Серіктестік әрекетінің жеке жоспары (СӘЖЖ) арқылы практикалық ынтымақтастықты дамытады, оны тараптар бірлесіп екі жылдық кезеңге бекітеді.

НАТО мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың негізгі аймақтары – қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық, қорғаныс және қауіпсіздік секторының реформасы, азаматтық төтенше жоспарлау, ғылым және қоршаған орта, жұртшылықты хабарландыру.

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық. Әуе-десанттық күштері құрамынан Қазақстан бітімгершілік батальонын бөліп алды, ол НАТО-ның

басшылығымен және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің мандатына сәйкес бейбітшілікті қолдау жөніндегі операцияларын жүргізу үшін толық ашылуы мүмкін. Бітімгершілік батальон бөлімшелері НАТО мемлекеттерімен бірге әскери оқулардың бірқатарына қатысты. ПАРП шеңберіндегі маңызды жобалардың бірі – осы күштердің құрамын бригадаға дейін кеңейтуден тұрады (ҚАЗБРИГ) Қазақстанның берілген бағытта әрекет ету нәтижесі – қазақстандық жеке батальон құру болды, оны Солтүстік Атлантика блогының стандарты бойынша жаратқандырды. Сонымен қатар, жеке батальон құру Қазақстан армиясы НАТО елдерінің қарулануына көшті деуге болмайтынын ескерген жөн.

Қазақстан, өз аумағында оқу дайындығы мен БҰС оқуын ұйымдастыра отырып, сондай-ақ басқа елдерде өткізілетін осындай іс-шараларға қатыса отырып, белсенді рөл атқарады. НАТО-ның мүше мемлекеттерінің келісімімен Қазақстан БҰС аймақтық оқу орталығын құру жөнінде жұмыс жүргізеді және НАТО елдерімен, сондай-ақ аймақтық серіктестермен әскери дайындық пен шет тілдеріне дайындық саласында өзара әрекеттесуді жалғастырады.

Лаңкестікке қарсы күрес жөніндегі Серіктестік әрекеттерінің жоспарына араласа отырып, Қазақстан осы күреске өз үлесін қосады. Бұл НАТО-мен барланған және аналитикалық дайындамалармен алмасуды, контртеррористік қызметке қажетті ұлттық әлеуетті жетілдіруді және шекара қауіпсіздігін нығайтуды болжайды. 2006 және 2007 жж. Қазақстан өз аумағында «Степ Игл» («Степной орел») ірі контртеррористік оқуын өткізді. Бұл оқулар КАЗБИРГ-тің және Солтүстік Атлантика одағының оперативтік сыйымдылығын арттыруға ықпал етті. Оқу нәтижесінде бөлімшелер өрістетуге мүмкіндігі үшін НАТО сертификаттауынан өтті.

Қорғаныс және қауіпсіздік секторының реформасы. НАТО, Қазақстанда болып жатқан және ИПАП құжатында мазмұндалған демократиялық және институционалдық реформа процестерін жүзеге асыруға көмектеседі. Жеке алғанда, қорғаныс және қауіпсіздік секторының реформасы аймағында НАТО және жеке мүше елдерде Қазақстан пайдалана алатын айтарлықтай тәжірибе мен машықтары бар.

НАТО мүше мемлекеттермен кеңесе отырып, Қазақстан қауіпсіздік пен қорғаныс секторының реформасына арналған концептуалдық шеңберді құрастыруды және Қорғаныс министрлігінде реформалардың негізгі жобаларын алға жылжытуды жалғастырады.

Қазақстан қорғаныс институттарын құру жөніндегі серіктестік әрекетінің жоспарының мақсатын қабылдау фактісі осы жұмысқа жақсы тірек болды. Бағдарлама, қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы түрлі органдар үшін тиімді соттық қадағалау мен басқарудың тиісті механизмдерін құрастыруға көмектеседі.

Қазақстанның Жоспарлау және талдау процесіне 2002 жылдан бастап араласуы, еліміздің қарулы күштерінің НАТО-мен өзара әрекеттесу қабілетін дамытады. Қазақстан, өзінің қарулы күштер бөлімшелері мен НАТО елінің қарулы күштері оперативті түрде үйлес болуына талпынады. Қазіргі кезде аэромобильдік күштер мен ӘТК көңіл бөлінуде. Бітімгершілік батальонын одан



әрі дамытуда бірлескен жұмысы жалғасуда, ол Солтүстік Атлантика одағының мүше мемлекеттерімен бірге әрекет етеді.

НАТО елдері мен Қазақстан, Қазақстанның Каспий теңізіндегі ӘТК дамытуға бағытталған ірі жоба бойынша ынтымақтастық жүргізуде. ӘТК жалпы стратегиялық құжаттарын жасау жалғасуда және осымен қатар Қазақстанның ӘТК әскери қызметкерлері толық көлемде оқу дайындығын НАТО стандарттары мен тәсілдеріне сәйкес өту үшін барлық қажетті шаралар жасалуда.

Азаматтық төтенше жоспарлау. НАТО-мен ынтымақтастықта және табиғи апат пен зілзалаға жауап беру Еуроатлантикалық үйлестіру орталығы ұйымдастыратын іс-шараларға қатысу арқылы Қазақстан азаматтық ТЖ мен зілзала салдарларын жоюға жауап берудің ұлттық әлеуетін дамытады.

Ғылым және қоршаған орта. НАТО-ның ғылыми бағдарламасы НАТО ғылыми комитетін құру кезінде 1958 ж. негізін қалады. НАТО ғылыми бағдарламасының бағыттары: ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық, ғылыми стипендиялар бөлу, зерттеу инфрақұрылымын қолдау, бейбітшілік үшін ғылым.

«Ғылым бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін» бағдарламасының желісімен Қазақстан ғылым мен экология саласында ынтымақтастықтың жиырмаға жуық жобасын жүзеге асыруға грант алды. Жобаларға: Орталық Азияда радиологиялық қауіпсіздікті зерттеудегі ынтымақтастық, су ресурстарын кешендік басқару және жер сілкінуге тұрақты үй құрылысының жаңа технологияларын жасауды енгізеді.

Қазақстан «Виртуалды Жібек жолы» жобасына да қатысады, оның мақсаты – Кавказ бен Орталық Азия елдеріндегі жоғары оқу орындарының қызметкерлері мен ғылыми қызметкерлері үшін спутниктік желіні пайдалану есебінен Интернетке қол жеткізуді жақсарту. «Виртуалды Жібек жолы» жобасын жүзеге асыру үшін Қазақстанда Қазақстанның «Қазрена» ғылыми-компьютерлік желісін пайдаланушылар Қауымдастығы құрылды. Қазіргі кезде Алматыдағы мекемелердің көпшілігі осы желіні пайдаланады. Барлық елімізде басқа қалаларда да қосылу мүмкіндігін кеңейту үшін дайындық жұмыстар жүргізілуде.

Жұртшылықты ақпараттандыру. Ынтымақтастықтың тағы бір түйінді бағыты – ақпаратқа қол жеткізуді жақсарту және жұртшылықтың НАТО туралы және НАТО мен Қазақстанның ынтымақтастығының пайдасы туралы мәліметтілігін арттыру болып табылады. Алматы мен Астанада НАТО-ның бірнеше депозитарлық кітапханаларының құрылысы жүруде. 2007 жылы НАТО мен Қазақстан бірлескен семинар өткізді, ол БАҚ саласының қазақстандық қызметкерлерін дайындау мен жұртшылықты хабарландыруға өз үлесін қосты. Жұртшылықты ақпараттандырудың кең стратегиясын құру жөнінде бірлескен жұмыс атқарылуда.

Сонымен, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап өзінің жан-жақты және екі жақты өзара қатынастарын кеңейтуде. Халықаралық ұйымдар жаңа егеменді мемлекеттің халықаралық қатынастардың әлемдік жүйесіне енуі мен қосылуына ықпал етуде және

бірлескен бағдарламалар мен жобалар арқылы тиімді қатынастар мен оң нәтижелер беруде. Ал бұл, өз кезегінде, Қазақстан Республикасының, аймақтағы жауапты және стратегиялық серіктес ретіндегі имиджін қалыптастырудың одан әрі даму процесіне әсер етеді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Болдырев В. И. Основные сведения об Организации Объединенных Наций: Справочник. М.: Международные отношения, 2000.
2. Бейсенбина А. Механизм реализации инвестиционного потенциала Казахстана в условиях модернизации экономики // Саясат. 2007. № 11.
3. Вильбертс Р. "Новый дух" сотрудничества // Новости НАТО. 2004. № 3.
4. Иванова Е. И. Международный терроризм // Вестник НАТО. 2003. № 2.
5. Кузнецова Е. НАТО. Тенденция к размыванию альянса // Международная жизнь. 2004. №4.
6. Международное право: Учебник. 3-е изд., доп. и перераб. / Отв. ред. Ю.М. Колосов, В.И. Кузнецов. М., 2003.
7. Митрофанов А.В. Шаги новой геополитики. М., 2000.
8. Научная программа НАТО // Промышленность Казахстана. 2003. №3.

## Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметіндегі халықаралық экономикалық және қаржы институттары

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті,  
т.ғ.к.  
Даниярова А.Е.*

Жаңа заманғы Қазақстан біртіндеп нарықтық түрлену жолымен келеді. Практикалық түрде жекешелендіру аяқталды, мүлдем жаңа салықтық заң қабылданды, жаңа заманғы банктық жүйе негізделді, отандық кәсіпкерлік қалыптасты, ауылдарда экономикалық қатынастар қайта құрылды, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы реформасы жүргізілді, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылды.

Қазақстанның тиімді экономикалық дамуы мақсатында республикада, оның егеменді мемлекет ретінде дамуының басынан бастап заң шығару шаралары мен ашық демократиялық саяси жүйелерді қалыптастыру көмегімен ақиқатқа негізделген инвестициялық климат қалыптастыру жөнінде шешім қабылданды. Осы мақсатта Қазақстан қаржылық, көліктік және телекоммуникациялық секторларда құрылымдық реформалар қолданды. Инвесторлар үшін Қазақстанның қуатты минералдық-шикізат базасы, сондай-ақ ауыр өнеркәсіп және жеткілікті түрде маманданған еңбек ресурстары анағұрлым тартымды болып табылады.

1998 ж. Қазақстан Республикасының Президенті кезінде Қазақстан биліктері мен шетел инвесторлары арасында сұхбаттасу құралы ретінде Шетел инвесторлары кеңесі (ШИК) құрылды. ШИК мүшелеріне тиісті мәселелер өзінің пішіні мен мазмұны бойынша әр түрлі:

1. Ең алдымен, бұл –құқықтық және сот климатымен байланысты мәселелер. Әдетте оларға әрекеттегі және құрастырудағы заңдарды, сондай-ақ заң ішілік актілерді талдау енеді;

2. Салық салу да ШИК мүдделерінің негізгі салаларының бірі болып табылады;

3.Жұмыс істеуге тура келетін инвестициялық климат қызығушылықтарының басқа да салаларын табиғи түрде қамтитын тағы бір анағұрлым кең аясы болып табылады. Үнемі көңіл бөлінетін басты мәселесі мұнда келісімдердің мызғымастығы болып отыр;

4. Имиджін жақсарту ШИК қызметінің маңызды мәселесі болып табылады. Әкімшілік тиімділік, инвесторлар үшін визалық рәсімдерді жеңілдету және сыбайластықпен күрес – осы салада қарастырылатын негізгі мәселелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының сәйкес халықаралық ұйымдармен байланыс арнасы ретінде Қаржы министрлігі белгіленді.

«Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорындағы, Халықаралық қайта құру және дамыту банкіндегі, Халықаралық қаржы корпорациясында, Халықаралық даму қауымдастығында, Инвестиция кепілдігінің жан-жақты агенттігінде, Еуропалық қайта құру және даму банкінде, Халықаралық инвестициялық таластарды шешу жөніндегі орталығында, Азия даму банкінде, Ислам даму банкіндегі мүшелігі туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

– ХВҚ қаражатын, олармен сатып алу түрінде айналысуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы атынан ХВҚ сомасымен төлем жүргізуді Қазақстан Республикасының ХВҚ-дағы мүшелігіне және ХВҚ келісім баптарына жататын резолюция шарттары мен ережелеріне сәйкес қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ХВҚ қарыз алудың арнайы құқығы департаментінің қызметіне қатысуына байланысты төлемдер жүргізуге уәкілетті;

– ҚР Үкіметімен келісім бойынша басқа халықаралық ұйымдардан қарыздар алуға, қарыздарды алудың қаржылық жағдайларын анықтауға және осындай қарыздар бойынша өз бетінше келісімге отыруға құқықты;

– ХВҚ келісім баптарына сәйкес бірінен-біріне берілмейтін кез келген қарыздық міндеттемелерді, Қазақстан Республикасының ХВҚ-дағы мүшелігіне қажетті немесе сәйкес болуы мүмкін сыйақысыз жіберуге уәкілетті;

– Қазақстан Республикасы атынан, ХВҚ келісімі баптарының ережелерінде қарастырылған барлық операциялар мен мәмілелерді орындауға уәкілетті;

– ХВҚ, ХҚДБ, ХҚК, ХДҚ, ИКЖА құру жөніндегі Конвенция, ЕҚДБ, АДБ құру жөніндегі келісімі, ИДБ Құрылтай келісім-шарты баптарының ережелерінде қарастырылған барлық операциялар мен мәмілелерді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының төлеміне немесе Қазақстан Республикасына төлеуге жататын сомаларды аударуды жүзеге асырады;

– Қазақстан Республикасы Үкіметімен бірлесіп Қазақстан Республикасы міндеттемелерін орындау кезінде туатын мәселелер жөнінде қажетті шараларды қабылдайды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы келесі халықаралық қаржы ұйымдарының мүшесі болып табылады:

1. Халықаралық валюта қоры (ХВҚ);
2. Халықаралық қайта құру және дамыту банкі (ХҚДБ);
3. Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК);
4. Халықаралық даму қауымдастығы (ХДҚ);
5. Инвестиция кепілдігінің жан-жақты агенттігі (ИКЖА);
6. Халықаралық инвестициялық таластарды шешу жөніндегі орталық (ХИТШО);
7. Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ);
8. Азия даму банкі (АДБ);
9. Ислам даму банкі (ИДБ).

**Халықаралық валюта қоры (ХВҚ)** – Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) арнайы агенттігі. Бұл, мүше мемлекеттер арасында валюталық-кредиттік қатынастарды реттеуге және төлемдік баланстың жеткіліксіздігінен туатын валюталық қиыншылықтар кезінде шетел валютасымен қысқа және орташа мерзімдегі кредиттер беру жолымен оларға қаржылық көмек көрсетуге арналған үкімет аралық ұйым. Қор, практикалық түрде, әлемдік валюта жүйесінің институционалдық негізі болып қызмет етеді.

ХВҚ 1945 жылы 27 желтоқсанда, 1944 жылы 22 шілдеде БҰҰ валюта-қаржылық мәселелер жөніндегі Конференциясында жасалған келісімге 28 мемлекет қол қойғаннан кейін құрылды. ХВҚ Жарғысына 44 елдің өкілдері қол қойды. 1946 жылы қор өзінің қызметін бастап, Бреттон-вуд валюта жүйесінің органикалық бөлігі болды. ХВҚ штаб-пәтері Вашингтонда (АҚШ) орналасқан.

Бас кезінде ХВҚ бекітілген валюта курстары жүйесін бақылау механизмі ретінде ойланды, бірақ біртіндеп халықаралық ұйымға ауысты, оның негізгі мақсаты – халықаралық экономикада тұрақтылыққа қол жеткізу болды. ХВҚ қызметі экономикалық қызметті реттеуге монетарлық тәсілге негізделген, бұл ұйымға келесі негізгі қызметтерді орындауымен қол жеткізіледі:

- 1) ақша саясатында халықаралық ынтымақтастыққа ықпал ету;
- 2) әлемдік сауданы кеңейту;
- 3) кредиттеу;
- 4) ақша айырбастау курстарын тұрақтандыру.

Сонымен қатар, ХВҚ қызметтері - валюта курстарын бекіту аймағында және мүше елдер саясатын және онымен байланысты макроэкономикалық саясатты бақылауды жүзеге асыру құқығын ұйымдастыруды қарастыратын қадағалау; төлемдік балансты қаржыландыруда қиыншылық түскен және ХВҚ-ға үкіметтің осы қиыншылықтарды жеңу жөніндегі ниеттерін байқататын реформа бағдарламасын тапсырушы мүше елдердің ХВҚ қаржылық ресурстарын қолдануы ретінде түсіндірілетін қаржылық көмек және ХВҚ-ның ақша, валюта саясаты мен банктік қадағалау, бюджеттік және салық саясаты, статистика, қаржылық және экономикалық заңдар дайындау, әрі кадрлар даярлау саласында мүше елдерге ықпал ету болатын техникалық көмек болып табылады.

Қазақстанның Халықаралық валюта қорымен ынтымақтастығы 1992 жылы, республика егемендігін жариялап, өз бетінше халықаралық аренаға шыққан кезде бастау алды. Қазақстан ХВҚ-мен жүйелік өзгертулерді қаржыландыру бағдарламасы (STF), «Стэнд-бай», кеңейтілген кредиттеу (EFF) бойынша келісімге келді. 2000 жылдың мамырында Қазақстан, ТМД мен Шығыс Еуропада жалғыз өзі ХВҚ алдындағы өзінің қарыздарын өтеді. Қазіргі кезде Қазақстан ХВҚ-мен экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша өзара түсіністікке қол жеткізді және ХВҚ-мен ынтымақтастықты жалғастыру елімізде инвесторлар мен кредиторлардың жақсы қарым-қатынасына ықпал ететін қосымша құраушысы болып табылады.

Бүкіл әлемдік банк тобына - Халықаралық қайта құру және дамыту банкі (ХҚДБ), Халықаралық даму қауымдастығы (ХДҚ), Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК), Инвестиция кепілдігінің жан-жақты агенттігі (ИКЖА)

енеді, ол саяси қауіптерден сақтандыруды қамтамасыз етеді. Қазақстан 1993 жылы қыркүйекте ХҚДБ, ХДҚ, ИКЖА, ХҚК мүше болды.

**Халықаралық қайта құру және дамыту банкі (ХҚДБ)** – Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған қаржы мекемесі болып табылатын, Бүкіл әлемдік банкке енетін халықаралық кредиттік ұйым. ХҚДБ негізгі міндеттері: мүше елдердің экономикалық дамуын ынталандыру, халықаралық сауданың дамуына ықпал ету, төлемдік баланстарды қолдау болып табылады. Банк қаражаты мүше елдердің оның акциясына, қарыз қаражатына, несие беру капиталдарына жазылу жолымен жасалған жарғылық капиталынан тұрады. ХҚДБ-ның негізгі қызметі – мемлекеттік, сондай-ақ жеке кәсіпорындарға да олардың басқару кепілдігі болуына қарай ұзақ мерзімді кредиттерді беру.

Банк институционалдық негіздерді нығайтуға, мемлекеттік секторды дамыту үшін әлеуметтік қызметтердің тиімділігін арттыруға күш салуда, орташа мерзімдік болашақта институционалдық реформаны және құрылымдық түрленулерді дамыту процесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазақстанда жүзеге асырылатын Институционалдық реформа мен денсаулық сақтау саласына жаңа технологияларды енгізу жобасы осы қызмет аймағында халықаралық стандарттарды енгізуге жәрдем етті.

ХҚК басымдық міндеттерінің санына инвестиция көлемінің инфрақұрылымға ұлғаюы және агроөнеркәсіптік кәсіпорындар, микро, кіші және орта кәсіпорындардың қаржыландыру көздеріне кеңінен қол жеткізуі, климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерді жеңілдету, тұрақты дамуға ықпал ету және аймаққа инвестиция ағылуына түрткі болу жатады.

30 маусымда аяқталған 2008 қаржы жылы бойы ИКЖА Орталық Азия аймағы елдері мен Кавказ аймағына кепілдік немесе саяси қатерлерден сақтандыру түрінде 1,2 млрд. АҚШ долларын бөле отырып, тоғыз жобаны қаржылауға қатысты. Осы жобалардың ішінде – Қазақстан банктарының біріне қолдау көрсету лизингтік қызметтің дамуына ықпал етуі және елімізде орта және ұзақ мерзімдік қаржыландыруды ынталандыруы керек еді.

**Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ)** 1991 жылы Орталық және Шығыс Еуропада коммунистік режим талқандалып жатқанда, ал кеңестік блоктың бұрынғы елдеріне демократия жағдайында жаңа жеке сектор құруға қолдау қажет болған кезде құрылды. Бүгінгі күні ЕҚДБ инвестициялық құралдары – Орталық Еуропадан бастап Орталық Азияға дейін 30 елде нарықтық экономика мен демократияны орнату мақсатында қолданылады.

ЕҚДБ рөлі – Қазақстанның экономикалық түрленуіне инвестициялық қаржыландыру мен кеңес беру арқылы ықпал етумен шектеледі. ЕҚДБ үшін маңызды басымдық - Қазақстанның кіші және орта бизнесін қолдау бағдарламасы сияқты бағдарламаларды жүзеге асыру болып табылады.

Банк көрсететін техникалық көмек, ережеге сай, ЕҚДБ акционер елдерден берілетін арнайы ресурстардан алынған грант түрінде қаржыланады. Табысты мысалдар ретінде аймақтық электрэнергетикалық тарату компанияларын жекешелендіруде ЕҚДБ-нің кеңес беру техникалық көмегі, сондай-ақ ҚР Көлік және коммуникация министрлігіне телекоммуникациялық қызметтің нормативтік базасын жетілдіру жөнінде көмегі болып табылады.

**Ислам дамыту банкі (ИДБ)** - 1973 жылы желтоқсанда Джидда қаласында (Сауд Аравиясының Корольдігі) өткізілген мұсылман мемлекеттердің Қаржы министрлері конференциясында қабылданған Ниеттері туралы декларациясына сәйкес құрылған халықаралық қаржы институты болып табылады. Қазіргі кезде 55 ел банк мүшесі болып табылады. 2003 ж. қыркүйекте Ислам даму банкі басқармаларының жылдық жиналысы Алматыда өткізілді. ИДБ валютасы ислам динары болып табылады.

ИДБ миссиясы – ИДБ мүше және ИДБ мүше емес елдердегі экономикалық даму мен әлеуметтік жетістіктерге ықпал ету; ИДБ мүше елдер арасындағы тілектестік пен өзара ынтымақтастықты көтермелеу; ислам экономикасының, қаржысы мен банктік ісінің дамуына ықпал ету. ИДБ техникалық көмегі техника-экономикалық негіздемелерді дайындауға немесе жобаларды жүзеге асыруға ықпал ету, мамандандырылған зерттеулер жүргізу, сондай-ақ ұлттық агенттіктер мен ұйымдардың институционалдық мүмкіндіктерін нығайту мақсатында көрсетіледі. Техникалық көмек грант немесе жеңіл қарыздар түрінде бөлінеді. Арнайы көмек ИДБ мүше болып табылмайтын елдерге ғана беріледі.

Банкте Рабат қаласында (Марокко), Куала-Лумпур қаласында (Малайзия) және Алматы қаласында - үш аймақтық өкілдік бар. Алматы қаласындағы аймақтық өкілдігі 1997 жылы тамызда ашылды және ИДБ мүше елдерде - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Әзербайжан, Албания, Өзбекстанда ИДБ мүддесін қорғайды, сондай-ақ Ресей Федерациясында, Украинада арнайы техникалық көмек жобасына қызмет көрсетеді.

ИДБ Алматы қаласындағы аймақтық өкілдігі және Астана қаласындағы өкілдігі аймақтағы осы топтың біріккен қаржыландыру және жобаларды орындау мониторингі мәселесіндегі қызметіне ықпал етеді. АҚГ-ның Қазақстандағы бірлескен алғашқы жобасы ИДБ-ның, Сауд Аравиясы даму қорымен, Абу-Даби даму қорымен бірлесіп қаржылауымен Астана –Қарағанды жолын салу. ИДБ Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасын қаржыландырады. Президент Н.Ә.Назарбаевтың ресми сапарларының қорытындысы бойынша БАЭ және КСАға СФР мен ФРАД Астана-Бурабай жолдарын 2-категориядан 1-ге қайта құру жобасын бірге қаржыландыруға қатысуы жоспарланған (жол төсемдерін кеңейту).

Ислам даму банкымен бұрын қол қойылған келісімді жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Қазіргі кезде бірқатар Қазақстан жобалары жүзеге асырылды немесе аяқталу кезеңінде тұр. Мына жобалар жүзеге асырылды: Қазкоммерцбанк, Халық банкі, «ТұранӘлем» банкі арқылы Сызғанов атындағы институтқа (он миллион доллар), Гүлшат — Қарағанды автожолы (он миллион доллар), Осакаровка — Вишневка автомобиль жолының бөлігін салу (20 миллион доллар), кіші және орта бизнесті қолдау (15 миллион доллар).

Банк басшылығымен байланыс - олардың республикамен өзара пайдалы қатынастарын дамытуға мүдделілігінің көрнекті куәсі. Ислам даму банкінің ынтымақтастықты нығайту жөніндегі шынайы ниеті – 2003 жылы Алматыда Ислам банкінің басшыларының 28-отырысы өткенінің дәлелі, ол «Ислам конференциясы» ұйымының және Ислам даму банкінің ТМД елдеріндегі

осындай деңгейдегі алғашқы іс-шаралары болып табылды. Қазақстан Республикасының Президенті Ислам банкінің президенті М.Әлимен кездесуінде атап өткендей: «Қазақстан Ислам банкімен экономиканы индустрияландыру жоспарларын жүзеге асыру жөніндегі үміттерін дамыту арқылы байланысқан. Біз инфрақұрылым құрылысында және еліміздің ауыл шаруашылығын көтеруде де осындай ынтымақтастықты қалар едік».

ӘТЖ байланысты мәселелер бойынша көмек маңайында Ислам даму банкі ӘТЖ жөнінде келісім бойынша семинар-кеңес берулер, сондай-ақ ИДБ мүше елдерінің, Қазақстанмен қоса, үкімет өкілдеріне арналған сауда саясаты бойынша курстар өткізеді. ИДБ тағы да «Қазақстанға ӘТЖ енуге ықпал ету» жобасы бойынша техникалық көмек көрсетіледі.

**Азия даму банкі (АДБ)** – Азия Тынық мұхиты аймағында даму жобаларын ұзақ мерзімді кредиттеуге арналған аймақтық қаржы ұйымы. БҰҰ ұйымының бастамасымен 1965 жылы Азия Тынық мұхиты аймағындағы елдерге көмектесу мақсатында, ең алдымен кедейлікпен күресу үшін құрылған. АДБ штаб-пәтері Манила (Филиппин) орналасқан.

Бас кезінде АДБ 31 мемлекет мүше болды. 2005 ж. қарай олардың саны 64 дейін өсті. БҰҰ экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Азия Тынық мұхит елдерінің Комиссиясы және Азия аймағындағы басқа елдер үшін (басқа аймақтардағы дамыған елдер), олар БҰҰ немесе мамандандырылған агенттіктердің бірінің мүшесі болса, АДБ-ға да мүшелікке жол ашық.

АДБ жоғары органы - әрбір мүше елден бір басқармадан (өкілден) болатын басқармалар кеңесі. Басқармалар кеңесі, сессияға жылына бір рет жинала отырып, АДБ президентін 5 жыл мерзімге сайлайды, үнемі қызмет ететін директорлар (12 мүше) кеңесінің жұмысын бақылайды, оны басқармалар кеңесі 2 жыл мерзімге тағайындайды. Банк Жарғысы бойынша президент пен он екі директордың сегізі аймақ елдерінен болуы керек.

Қазақстан 1994 ж. бастап АДБ мүшесі болды. АДБ Қазақстанның Орталық Азия аймағында экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі күшін қолдайды. АДБ ауыл шаруашылығы, білім, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, көліктік инфрақұрылымды дамыту және Қазақстан халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету саласындағы инвестициялық жобаларын қаржыландыруда белсенді араласады. Азия даму банкі (АДБ) Қазақстан Республикасына Қазақстан шекарасында Хоргостан бастап Алматы мен Шымкент арқылы Қытайдан бастап Ресей Федерациясымен батыс шекараға дейін ірі автомобиль жолын қайта құруға көмек көрсету үшін 700 миллион доллар бөлді. Сонымен қатар, АДБ Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарында ауылды сумен жабдықтау жобасын қаржыландырады. Қазіргі кезде Бурабай-Көкшетау-Петропавл жолдарын АДБ-мен бірлесіп қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Осылайша, әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында халықаралық қаржылық-кредиттік институттардың әлемдік экономикадағы рөлі төмендеп қана қоймай, анағұрлым маңызды болып келеді. Олардың қызметі валюталық-есептеу қатынастарының қызмет етуіне қажетті реттеуші бастау және белгілі



тұрақтылық енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар елдер арасында валюталық-есептеу қатынастарын жайғастыру құралы ретінде қызмет етеді.

Елімізде жүргізілетін реформалар мен халықаралық экономикалық және қаржы институттарының қызметіне тиімді араласу арқасында Қазақстан тұрақтылығын сақтап қалды. Өзінің инвестициялық саясатында шетел инвесторларына қолайлы жағдай жасауға бейімделе отырып, Қазақстан Республикасы соңғы он жылдықта инвестициялау процестерін өзгерту жолына түсті – инвестицияны қалыптастыру көздері, қызықтырудың ұйымдастырушылық түрлері және тарату әдістері немесе қаржы ресурстарының қайта құйылуы өзгерді, инвестициялық қызметті жүзеге асырудың барлық тәсілдері мен принциптері түгелдей қайта құрылды, осы процеске қатысушылар саны көбейді. Осының бәрі әлемдік қаржы дағдарысының жағымсыз салдарын жеңуге ықпал етті. Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі мен жағдайының жақсаруы біздің мемлекетіміз үшін маңызды үш тұғырлы міндеті болып қалады. Бүгінгі мәселелер және біз оларды қалай атқаратынымыз - бұл біздің қоғам мен мемлекеттің кемелденуі мен тұрақтылығының емтиханы. Біз бұл емтиханнан өтеміз деп ойлаймын. Бізге өз дамуымыздың жаңа кезеңіне кіру және өз жетістіктерімізді еселеу алдымызда тұр. Қойылған мақсаттарға жету үшін біздің халқымыздың бірігуі қажет... Біз бүкіл әлем болып жаһандық әлемдік дағдарысқа ендік, енді осы жаһандық Кілтті дағдарыстан бұрып әкету үшін біз тағы да бүкіл әлем болып бірігуіміз қажет. Бәрі тек өзімізге байланысты».

### Әдебиеттер тізімі:

1. Закон Республики Казахстан от 06.12.2001 года № 264-ІІ «О членстве Республики Казахстан в Международном Валютном фонде, Международном банке реконструкции и развития, Международной финансовой корпорации, Международной ассоциации развития, Многостороннем агентстве гарантий инвестиций, Международном центре по урегулированию инвестиционных споров, Европейском банке реконструкции и развития, Азиатском банке развития, Исламском банке развития».
2. Мельников В.Д., Ильясов К.К. Финансы: Учебник для ВУЗов. Алматы, 2001.
3. Международный валютный фонд. Пресс-релиз № 07/295. 2007. 19 декабря.
4. Моисеев А.А. Международные финансовые организации: правовые аспекты деятельности. М., 2006.
5. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. «Через кризис к обновлению и развитию» // Индустриальная Караганда. 2009. 7 марта.
6. Шреплер Х.А. Международные организации: Справочник. М.: МО, 1995.



## Қазақстан және «Ислам Конференциясы» ұйымы

*Қарағанды мемлекеттік  
Техникалық университеті  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті,  
т.ғ.к.  
Сүлейменова М.Ж.*

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап, жан-жақты бастау алуды нығайтуды және мемлекеттердің жаһандық мәселелерді шешуге ұжымдық жауапкершілік принципін жақтаушы бола тұра, күш балансы мен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалғыз ғана мүмкін формуласы ретінде көп полярлы әлемді жасауға және дамытуға теңдестірілген сыртқы саяси бағыт жүргізеді.

Біздің еліміздің сыртқы саяси мүдделері мен оның ұлттық мүдделерін қамтамасыз етудің кең спектрінде Қазақстанның мұсылман әлемімен ынтымақтастығы ерекше орын алады. Жаһандандыру және күштердің жаңа орталықтарын дамыту дәуірінде саяси түрлі бағыттарда әр тараптандыру, ұстанымдарды нығайту – еліміздің тұрақты дамуының объективті қажеттілігі.

1995 жылы Қазақстан Республикасы «Ислам Конференциясы» Ұйымына (ИКУ) енгеннен кейін, оның көп қырлы қызметі мен іс-шараларына қатысады, «Ислам Конференциясы» Ұйымының жаңа замандағы рөлі мен маңызын нығайтуда, оның мұсылман әлемінде тиімді, әрі беделді форумға айналуын жақтай отырып, өзінің позитивті үлесін қосуға талпынады.

«Ислам Конференциясы» Ұйымының тарихы 1926 жылдан басталады, ол кезде «Бүкіл әлемдік Ислам конференциясы» құрылған болатын. 1953 жылы осы ұйым базасында «Ислам Конференциясы форумы» және конференция аясында басқа бірқатар ұйымдар мен құрылымдар құрылды. Алайда объективті себептерге байланысты олардың біреуі де халықаралық саяси процестерге жеткілікті әсер ете алмады. Бұл қалыптасу және өзара әрекеттесу механизмдерін белсене іздеу, әрі қызмет рәсімдерін келістіру сатысы болды.

Мұсылман әлемінде ол барлық ислам мемлекеттерін, әлемдік масштабтағы жаңалықтарға ықпал ету мақсатында, біртұтас исламдық саяси платформаға негізделген, тығыз ынтымақтастыққа біріктіре алатын осындай ұйымның қажеттілігі айқынырақ біліне түсті. 1962 жыл ұйым тағдырының бұрылысты жылы болып шықты. Белгісіз адамдар Иерусалимде барлық мұсылмандар үшін қасиетті «Аль-Акса» мешітін жағып жіберді. Бұл жаңалық барлық ислам әлемін толқытты, сол жылдың қыркүйегінде Сауд Аравиясының королі Фейсалдың бастамасымен Рабатта (Марокко) 26 мұсылман мемлекеттерінің басшылары жиналды, олар негізгі мақсаты исламды барлық әлемде қолдау болуға тиіс жаңа құрылымды ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Осы келісімнің

қорытындысы ретінде 1970 жылы мәжіліс құрылды, онда жаңа халықаралық құрылым - «Ислам Конференциясы» Ұйымының пайда болуы арнайы түрде бекітілді.

«Ислам Конференциясы» Ұйымының негізгі мақсаттары – ислам ынтымақтастығын күшейту және мүше мемлекеттердің саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда кең масштабты ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен әрекеттері мен негізін салушы канондардан бастау алатын және ислам құндылықтарын сақтауға бағытталған бітімгершілік саясат жүргізу, сондай-ақ еркіндік пен тәуелсіздікті қорғауда мұсылман халықтарын қолдау болып табылады. Жеке алғанда, Палестина халқын, оның аумағында тәуелсіз мемлекетті құру және исламның қасиетті заттарын сақтау жөнінде қолдау.

«Ислам Конференциясы» Ұйымы жұмысындағы басты басымдық – мұсылман елдерінің бәсекелестікке қабілеттілігін жан-жақты дамыту үшін экономикалық, инфрақұрылымдық, білімдік жаңаруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметі болып табылады. Осыған орай ислам конференциясы ұйымның басты принципі ретінде көмек қажет ететін мемлекеттерге ықпал етудің тиімді сауда-инвестициялық, технологиялық, әлеуметтік және басқа бағдарламаларын жүзеге асырумен көрінуі керек.

«Ислам Конференциясы» Ұйымының негізгі принциптері – толық теңдік, әрбір халықтың өзін-өзі анықтау құқығын құрметтеу, ішкі істеріне қол сұқпау, егемендігін, тәуелсіздігін және мемлекеттердің аумағының тұтастығын құрметтеу, «Ислам Конференциясы» Ұйымының мүше мемлекеттері арасындағы талас тудыратын мәселелерді сөйлесу, делдалдық немесе арбитраж арқылы, күш жұмсамай немесе оны қолдану қаупісіз бейбітшілік жолымен шешу. Осының бәрі толық шамада БҰҰ қызметінің ең негізгі принциптерімен келісіледі.

Бүгінгі күні «Ислам Конференциясы» Ұйымы ең ірі және анағұрлым ықпалды ресми үкімет аралық мұсылмандық халықаралық ұйым болып табылады. Қазіргі кезде ол 1,4 миллиард тұрғыны бар 57 елді біріктіріп отыр. «Ислам Конференциясы» Ұйымы қатысушы мемлекеттер саны бойынша әлемдегі БҰҰ кейінгі екінші институционалдық ұйым болып табылады. «Ислам Конференциясы» Ұйымының қызметі БҰҰ тарапынан мойындалды. Сонымен ол Бас Ассамблеяның сессиялары мен жұмысына бақылаушы ретінде қатысуға шақырылды. Осы екі ұйымның басты аспектілерінің бірі – бірлескен бітімгершілік күштері.

Қазақстанның «Ислам Конференциясымен» ынтымақтастығы үдемелі дамуда. Қазақстанның осы ұйымның жұмысына қатысуы және республиканың мұсылман қауымдастығындағы оң имиджі қарым-қатынастың екі жақты және көп жақты форматын одан әрі нығайтуға арналған маңызды болжамдары болып табылады.

Ислам ынтымақтастығы принципін ескере отырып, берілген ұйымдағы Қазақстан мүшелігі қазақстандық сыртқы саяси бастамаларын жүзеге асыруға ықпал ету мүмкіндігін береді. «Ислам Конференциясы» Ұйымының мүше мемлекеттері экологиялық мәселелерді шешуде Қазақстанмен дәстүрлі түрде бірге. Бірқатар БАҚД Ұйымдары барысында Қазақстанның «Ислам әлемі

аймағында, жеке алғанда Арал теңізі бассейні мен Семей аймағында экологиялық апаттардан зардап шеккендер» жағдайы бойынша бастауымен «Ғылым және технология» резолюциясын қолдау жөнінде айтылып өтті.

Сонымен қатар, ислам ынтымақтастығы принципі, қазақстандық кандидатураны басқа халықаралық құрылымдарда, жеке алғанда БҰҰ органына жылжытуда «Ислам Конференциясы» Ұйымының мүше елдерінің қолдауына сену мүмкіндігін береді. Жоспарлы түрде «Ислам Конференциясы» Ұйымының жетекші институттарының бірімен – Ислам даму банкымен ынтымақтастық дамуда.

«Ислам Конференциясы» Ұйымымен білім, мәдениет, ғылым және технология саласында ынтымақтастықты арттыру басымды болып көрінеді. Осыған орай Ислам ұйымымен білім, ғылым және мәдениет жөнінде тығыз әрекеттестікті (ИСЕСКО) орнату Қазақстанға мәдени мұра ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру, ислам әлемі тілдерін, тарихы мен мәдениетін үйрену және оқыту саласында тәжірибе алмасу сияқты ұлттық жобаларын табыспен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Түрлі мәдениет пен өркениеттің құндылық бейімделуінде болатын қарама-қайшылықтарды жою мәселелерінің өзектілігі жағдайында Ұйымды қазіргі кезде әлемде болып жатқан реалийлерге сәйкестікке келтіру мақсатында қайта реформалау маңызы аз орын алмайды.

Қазақстан «Ислам Конференциясы» Ұйымының мұсылман әлемінің тиімді және беделді форумы ретінде нығаюына қолдау көрсетеді, оны исламның гумандық принциптерінде әлемдік дін және прогресс ретінде реформалау мен түрлендіру жөнінде қазіргі күштерін қолдайды. Қазақстан «Ислам Конференциясы» Ұйымының сенімділігі мен беріктігінің, оның болашаққа талпынуының символы болатын жаңа жарғысын құрастыруды қолдайды.

Министрлердің Угандада соңғы мәжілісі барысында біздің республика мұсылман елдерінің бір дауыстан қолдауына ие болды және 2011 жылы осы Ұйымның Сыртқы істер министрлері кеңесінің төрағасы болады да, Астанада 38- БАҚД өткізеді. Сонымен қатар, берілген ұйым шеңберінде сөйлесу қорытындысы бойынша Қазақстан делегациясы Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне 2011-2012 жылдар кезеңінде тұрақты мүшесіне, БҰҰ бітімгершілікті орнату жөніндегі Комиссиясына 2008-2010 жылдар кезеңінде мүшелікке кандидатурасына қатысты барлық мүше мемлекеттердің қолдауына сенім білдірді.

Мұсылман елдерінің өкілдері біздің еліміздің 2010 жылы ЕҚЫҰ–на төрағалығының фактысын шабыттана қабылдағанын атап өткен жөн, берілген мәселені «Ислам Конференциясы» Ұйымының ЕҚЫҰ–мен, әсіресе ксенофобия және исламофобия, нәсілдік төзбеушілік көріністерімен күрес, есірткі трафигімен және заңсыз көшірумен күрес маңайында, мұсылмандардың батыс қоғамдарда бейімделу салаларында кең ынтымақтастығын орнықтыру мүмкіндігі ретінде қарастырды. Жеке алғанда, 2008 жылы қазанда Астанада ҚР Президентінің бастамасы бойынша мұсылман және батыс елдерінің Сыртқы істер министрлерінің «Ортақ әлем: алуан түрлілік арқылы прогреске» Форумы өтті, онда Астана декларациясы және ксенофобияны игеру жөнінде және

мұсылман қауымдастығының батыс қоғамдарда бейімделу жолдарының бірқатар практикалық шешімдері қабылданды.

Қазақстандық бастама 2009 жылы қазанда Астанада мұсылман және батыс елдерінің Сыртқы істер министрлерінің «Ортақ әлем: алуан түрлілік арқылы прогреске» Форумын ұйымдастыруы жоғарғы бағасын алды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылды Мәдениет жақындастығының халықаралық жылы деп хабарлауын мұсылман елдерінің басшылары қолдап, оң көзбен қабылдады. 2008 жылы қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының III Съезін 2009 жылы Астанада БҰҰ қатысуымен және техникалық ықпал етуімен өткізу туралы резолюция қабылданды. Бұл шешім, мезгіл сайын әлемде туындап тұратын этника аралық және конфессия аралық жанжалдар аясында бірегей қазақстандық тәжірибе жаһандық деңгейде талап етілген болып шықты. Астана әлемдік қауымдастықтың діни көшбасшыларының кездесу орындары мен сұхбаттасу алаңына айналғаны тегін емес.

Мұсылман елдерімен экономикалық қатынастар спектрін кеңейту мен серіктестік қатынастарды орнықтыруға Қазақстан Республикасында 2011 ж. жетінші Бүкіл әлемдік исламдық экономикалық форумды өткізу ықпал етеді.

Конференция шеңберінде Қазақстанға көп жақты форматта ғана емес, сондай-ақ екі жақты қатынасты орнықтыру жөнінде ынтымақтастық географиясын кеңейтуге мүмкіндік туады. Осының практикалық мысалы ретінде «Ислам Конференциясы» Ұйымының 2008 жылы іс-шара барысында Қазақстанның Угандамен, Мозамбикемен, Суданмен және Сенегалмен дипломатиялық қарым-қатынасын бекіту туралы келісім жасасуы болып табылады.

Сонымен, Ұйым қызметіне араласуы және Қазақстан Республикасының БАҚД-ға төрағалығы «Ислам Конференциясы» Ұйымдары 2011 жылы Қазақстанға әлемдік саясатқа одан әрі белсенді әсер ету, халықаралық жанжалдар мен таластарды шешуге ықпал ету, ұлттық мүдделерді алға қою, баға жетпес тәжірибе алу және жан-жақты дипломатия мектебінен өткен білікті қызметкерлерді даярлау мүмкіндігін береді. Қазақстан мұсылман әлемімен өзара қарым-қатынастың сапалы жаңа әлеміне көтерілді деп айтуға болады. Саяси жоспармен ислам елдерімен одан қарым-қатынасты жандандыру біздің еліміздің ұзақ мерзімді мүдделеріне жауап береді және ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының ережелеріне сәйкес келеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Критическое десятилетие. Алматы: Атамұра, 2003.
2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на съезде мировых и традиционно-национальных религий 23 сентября 2003 г. // Вечерний Алматы. 2003. 24 сентября.
3. Послание Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию» //Казахстанская правда. 2009. 6 марта.
4. Бойко В. Религий много, планета одна //Казахстанская правда. 2009. 18 июня.

## Посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестер

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті,  
т.ғ.к.*

**Сүлейменова М.Ж.**

Кез келген мемлекеттің сапалы дамуының табысы ішкі және сыртқы өсу көздеріне оның әсер ету қабілетімен айқындалады. Еліміздің жоғары бәсекеге қабілеттілігі осы мемлекеттің маңызды мақсаты болуы тиіс. Бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды құралы ірілендіру және интеграциялау процестері болды. Аймақтық және субаймақтық интеграция корпоративтік деңгейден ұлттық деңгейге дейінгі жаһандану жағдайында басым үрдістер болып қалыптасуда. Интеграция бойынша серіктестердің өзара қарым-қатынастары, бәрінен бұрын, нарықтың объективті экономикалық заңдарымен анықталуы тиіс. Осы заңдарға бағыну интеграциялану процесінің жекелеген қатысушылары үшін ерекше, бір жақты құқықтарға жол бермейді.

Осы жоспардағы міндеттер ТМД мемлекеттерінің де алдында тұр, өзіне келесі кезеңдерді енгізеді: экономика, тауар саудасы және ақпарат алмасу салаларында, шекараның ашықтығы, Достастық шеңберінде азаматтардың араласу еркіндігін өзара және тең құқықты ынтымақтастықта қамтамасыз ету. Посткеңестік мемлекеттердің интеграциялануының саяси нысаны ретінде посткеңестік кеңістікте КСРО ыдырағаннан кейінгі ретсіздікке жол бермейтін реттеуші функцияны орындады.

ТМД шеңберінде мемлекеттердің табысты интеграциялық ынтымақтастықтарының алғышарттары мыналар:

- ТМД-да көп жақты ынтымақтастықты дамыту қатысушы мемлекеттердің егемендігін ірілендіру процесіне қайшы емес;
- тоталитарлық өткеннен ажырауға бағытталған қоғамды өзгерту жолдарының ұқсастығы, нарықтық экономиканы, саяси демократияны құру, өндіруші күштерді және нарықтың кемелденуін дамытудың шамамен бірдей деңгейі;
- өте ауқымды адам ресурстары және қорғаныс әлеуеті, ауқымды аумақ, дамыған ғылымы және бай мәдениетінің болуы;
- әлеуметтік, гуманитарлық, ақпараттық салаларда ТМД елдері арасында тығыз байланыс орнату.

Алайда, осындай оң жағдайларға қарамастан ТМД интеграциялық ынтымақтастығында күрделенген проблемалар бар. Достастықтың дамуы экономикалық түрлендірулерге әртүрлі амалдар, қазіргі заманғы мемлекеттерді геосаяси реалияда қабылдау және сезіну, қазіргі заманғы әлеуметтік-саяси жүйеде өз орнын таба білу, сондай-ақ посткеңестік кеңістіктегі интеграция қатынасында әртүрлі айырмашылықтардың бар екенін байқатты.

Әлемдік экономикада және посткеңестік кеңістіктегі орталыққа ұмтылғыш және орталықтан тепкіш күштердің ара қатыстарында интеграциялық

процестердің сипаты геэкономикалық координаталар жүйесінде ТМД дамуының негізгі екі бағыты қалыптасты:

- ТМД жаһандану жағдайында әлемдік экономикада экономикалық кеңістіктерді біріктірудің эпицентріне айналуы және әлемдік экономиканың қажетті бөлігі ретінде тиімді қызмет етуге барлық мүмкіншілігінің болуы;
- жекеленуге ұмтылған және негізгі әлемдік экономикалық топтардың қарсы тұруы ТМД батыс және шығыс бөліктерін өзара итермелеуге апарды, ал орталық әлемдік экономикалық шет жағы болып қалады немесе әлемнің экономикалық шегі ретіндегі күрес аймағына айналады.

Бүгінгі күні көптеген сарапшылардың пікірі бойынша, ТМД аумағында экономикалық салаларда интеграциялық процестер тым баяу өтуде. Бұл ретте әртүрлі себептер бар. Көбінесе ұлттық элита позициясына, посткеңестік кеңістікті шоғырландырмау бойынша сыртқы күштердің мүдделеріне, ТМД елдері басшыларының көп векторлы саясатқа ұмтылуына, Достастық елдері арасындағы ресурстарды біркелкі емес бөлуге байланысты. Алайда бір уақытта ТМД елдерінің экономикалық интеграциясын қалыптастырғысы келетін басқа да түрлі объективті факторлардың да әрекет жасайтынын ұмытуға болмайды. Бұл өте үлкен әлеуетті рынок, ТМД барлық мүшелері үшін өмірде қажетті мемлекет қатарындағы табиғи ресурстардың бар болуы, біздің еліміздің экономикасының субъектілері арасындағы осы уақытқа дейін сақталып келген байланыстар, орыс тілінде мемлекет аралық қатынас жасау және т.б. Біздің көзқарасымыз бойынша, егер экономика саласы бойынша ТМД елдері арасындағы өзара байланысты объективті түрде бағалайтын болсақ, онда ұлттық экономикалық жүйелерді қалыптастыру процесі жалғасып жатқанын ескеру қажет. Ол объективті түрде және қайтарымысыз сипатта. Ол процесс әлі аяқталған жоқ. Әрбір ел экономикалық қатынастардың өз жүйесін қалыптастырады. Соның нәтижесінде посткеңестік кеңістікте ұлттық экономикалық модельдердің әртүрлі типтері қалыптасады.

Бұл қазіргі замандағы дағдарыс жағдайында анық байқалуда, Еуразиялық идея ролі артуда, оны іске асыру еуразиялық кеңістік бойынша геосаяси көршілермен сенімді байланыс орнатуға мүмкіндік туғызады. Посткеңестік кеңістікте интеграциялық процестерді оң дамытудың басқа факторы соңғы кезекте Достастық елдерінің дамуының экономикалық емес факторларын есепке ала отырып, әлемдік дамудың қазіргі заманғы прогресшіл үрдістерге негізделген бір типті экономикалық жүйелерін біртіндеп қалыптастыруға байланысты.

Экономикалық дамудың жалпы заңдылықтары экономикалық емес ерекшеліктермен қарама қайшы өзара әрекет жасайды. Бұл ретте Достастық елдерінің экономикасының ұлттық модельдерінің айрықша жалпы ерекшеліктері анықталады, олар мемлекеттің неғұрлым жоғары ролін және әлеуметтік тұрақтылықты талап етеді. Ресей және Қазақстан экономикасы үшін мемлекеттің ролі көбінесе табиғи ұқсас жағдайлардың барлығымен анықталады: үлкен аумақ, табиғи бай ресурстар, маңызды өңірлік өзгешеліктер. Осы жерден трансферттің үлкен үлесінен және экономикаға мемлекеттің қатысуы туындайды. ТМД елдерінің көпшілігінде күшті мемлекеттіліктің саяси

дәстүрі әлеуметтік проблемаларды шешуде мемлекеттің ерекше ролімен үйлеседі. Біздің еліміз әлеуметтік әділеттіліктің дамушы дәстүріне ие. Күшті әлеуметтік дәстүрлер оларды іске асыруға нарықтық негізгі экономика негізделген бірқатар өзгерістерді енгізуді талап етеді.

Бір типті ұлттық модельдерді қалыптастыру еліміздің саяси тәуелсіздігін жоққа шығармайды, бірақ экономикалық өзара әрекет етуге бірдей өлшемдер мен принциптерді қолдану және өзара серіктестікке негізделген олардың қатынастарының жаңа типтері үшін алғышарттар жасайды. Бұған мысал ретінде Қазақстан мен Ресей қатынастарын көрсетуге болады.

ТМД елдерінің тығыз экономикалық ынтымақтастығына және олардың ұзақ мерзімді перспективада интеграциясына балама жоқ. Экономикалық дағдарыс посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестерді күшейтеді, ТМД елдерінің бөлінуі әрбір мемлекеттің жеке дамуына қауіп төндіреді. ТМД елдері экономикасының тұрақты және берік сала аралық байланыстарының жүйелерін жасауды талап етеді, ал бұл нақты ұлттық экономикалық қауіпсіздік жүйесін, ішкі нарықты, халықты өңірлік интеграциялау енген еліміздің тіршілік әрекетін қамтамасыз етуге бағытталған салалардың түрліше мемлекет аралық кешенін құруға мүмкіндік береді. Интеграция базасында экономиканың нақты секторында мұндай кешеннің бөлінуі – бүгінгі күні посткеңестік кеңістікте интеграциялық процестерді дамытудың бірінші дәрежелі міндеті.

Өздігінен жетілу жағдайында жұмыс істеп жатқан ТМД елдерінің тұйық ұдайы өндіріс кешен тобын құру туралы сөз болуда. Мұндай тәсілді іске асыру үшін ең үлкен перспективалар ұлттық үйлестіру экономикалық орган бөле отырып ЕурАзЭҚ шеңберінде бірыңғай Кедендік одақ құру болып табылады. Аталған жағдай кеңінен мойындалуда және ТМД елдерінің достастығы проблемалары бойынша бірқатар қазіргі заманғы зерттеулерге негізделеді. Ресей, Қазақстан және Белоруссияның осындай одағын құру үшін қабылданатын экономикалық күштер әрине перспективалы. Бұл – қазіргі күнгі интеграцияның шешуші ролі. Кедендік Одақ құру туралы Н. Назарбаевтың сөзі басымдыққа ие, бірақ еуразиялық интеграцияның барлық шынайы жақтастарын қуанта алмайды.

Тату көршілік, тең құқықтық, таза ынтымақтастық – бұл ТМД елдерінің экономикалық интеграциясы үшін қажетті шарттар. Тек осы негізде ғана интеграциялық сипаттың басқа ұзақ мерзімді жобалары – бірлескен көліктік жобалар, инновациялық типтес ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту сияқты жобалар жүзеге асырылуы мүмкін.

Достастық елдері аумағында интеграциялық процестерді тиімді дамыту үшін жоғары технологиялық өндіріс ошақтарын, орташа және жоғары технологиялық деңгейдегі бірлескен кәсіпорындар (ТМД кеңістігінде) құру қажет. Меншікті ғылыми-техникалық әзірлемелерге қолдағы қаржылық ресурстарды бағыттау, ғылым, техника мен өндірістің нақты шоғырлануын іске асыру керек.

Қазіргі кезде бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру бойынша шаралар қалыптасты. Бұрында мұндай әрекеттер қолға алынды, бірақ олар 90-жылдардың ортасында тоқтап қалды, негізін қалаушы бірқатар құжаттар



әртүрлі мемлекеттердің мүдделеріне байланысты туындаған бірқатар себептерге байланысты жүзеге аспай қалды. Қазіргі кездегі дағдарыс әсерінен бұл процестер қайта қарауды талап етеді. 2009 жылы 21 сәуір күні Мәскеуде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі Әбілғазы Құсайыновтың Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасының бірінші орынбасары Игорь Шувальмен кездесуі болып өтті. Күн тәртібінде ЕурАзЭҚ шеңберінде кедендік одақтың құрылуы және оның құқықтық негіздері мәселелері талқыланды. Келешекте кедендік одақтың жұмыс істеуі 2010 жылдың ортасына қарай деп күтілуде. Осылайша, келешекте бірыңғай кедендік одақтың қалыптасуы ЕурАзЭҚ еуропалық экономикалық қауымдастыққа қарай жақындатудың қадамын жасайды деп сендіреді. Аймақтық резервтік валютаға есептеу ауысқан кезде және келешекте бірыңғай кедендік саясатты нығайту аймақтық бірыңғай ұлттық валютаға транзакциялау мүмкін.

ЕурАзЭҚ бірыңғай дағдарысқа қарсы қорын құру туралы Бурабайда өткен ТМД саммитінде қабылданған шешімдер дағдарысқа қарсы тұру шараларын өңдеуде ірі қадам болды. 2009 жылы 4 ақпан күні Мәскеу қаласында өткен кеңейтілген құрамда ЕурАзЭҚ мемлекет аралық кеңестерінің мәжілісінде Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа қатысушы мемлекеттер басшыларының 10 млрд. АҚШ доллары көлемінде Дағдарысқа қарсы қорды құру туралы келісімге қол қойылды.

Қазақстан әрдайым ТМД шеңберінде тәуелсіз және тең құқықты мемлекеттердің болашақ одағының өздерінің белгілі бір егемендік құқықтарын бөлгенге дейін интеграцияның жақтаушысы болып табылды. ТМД елдері қатарына енетін кейбір мемлекеттер поэзиясында осы мәселелер бойынша маңызды алауыздықтар байқалады. ТМД қызметіне қанағаттанбаушылығын Қазақстан басшысы бірнеше мәрте атап өткен болатын, ал бұл «Қазақстандық Президенттің Еуразиялық Одақ идеясын тудырды, баяу іске асырылуын күтпей-ақ ТМД шеңберінде интеграциялық процестердің қуатты катализаторы бола білді».

Н.Ә.Назарбаев Еуразиялық Одақтың маңызын атап өте отырып, еуразиялық кеңістікте интеграцияның: экономикалық, әскери-саяси, мәдени-гуманитарлық үш өлшеміне көңіл қояды.

Әскери-саяси өлшем туралы айта отырып, бұрынғы 15 одақтас республиканың 12-сін біріктіре алған ТМД құрылуы жалпы экономикалық және әскери-стратегиялық кеңістікті сақтай алуға, ал ең бастысы бұрынғы КСРО ядролық әлеуетінің тағдырын шешуге мүмкіндік берді. Ядролық саладағы шешімдер «Ядролық қару қатынасында бірлескен шаралар туралы келісім» және «Стратегиялық күштер бойынша келісім» Алматы декларациясында анықталды және атап өтілді. Ол ядролық әлеует орналасқан Ресей, Қазақстан, Украина, Белоруссия мемлекеттерінің арқасында болуы мүмкін, ядролық қаруды таратпаудың халықаралық режимін сақтаған жағдайда ядросыз немесе бейтарап болғысы келген тілектерін жариялаған тәуелсіз мемлекеттерінің мүдделері есебінен барлық инфрақұрылымды қайтадан құру шешімін қабылдады. Қазақстан үшін ТМД қалыптасудың кезеңдеріндегі

алғашқы міндет дүние жүзін қамтыған өте қиын жүйелік тұрақсыздық жағдайында меншікті қауіпсіздікті қамтамасыз ету болды.

Үшінші өлшем – мәдени-гуманитарлық – ТМД елдерінің білім кеңістігін дамытуды ұсынады. Бұл жоспарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев әлемдік тәжірибеден және тарихи естелікке байланысты ТМД елдерінің жалпы білім кеңістігін қалыптастыру бойынша іс жүзіндегі іс-шараларды ұсынады. Жоғары білім деңгейісіз экономика да, ХХІ ғасырдағы қоғам да бола алмайтыны барлығына белгілі. Қазақстан Президенті үшін бұл қарапайым шындық емес, іс-әрекетке көшуге басшылық жасау, осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев жалпы білім кеңістігі туралы мәселені жаңадан қою туралы өз ойын жариялады.

Бұл мәселенің жаңашылдығы неде? Біріншіден, бұл проблема еуразиялық мәдени-гуманитарлық интеграция жүйесінде қарастырылады. Екіншіден, «бай интеллектуалды мұраны байыту және жинақталған білімді барлық аймақ үшін табысты дамыту үшін пайдалану қажет. Оны жүзеге асыруға тоқтаусыз кірісу керек». Үшіншіден, Президент «мәдениет және тілдердің әр түрліктерінің жалпы құндылықтары негізінде бірыңғай еуразиялық сәйкестендіруді құру туралы ұмытуға болмайды» деп ескертеді. Бұл Мемлекет басшысының аузынан шыққан принципті сөз барлық еуразиялық кеңістікте білімнің даму перспективасын түсіну үшін көбінесе революциялық тұрғыға байланысты.

Еуразиялық идеяны нақты іске асыруды растайтын фактілерді атап өту, яғни ол объективті бірыңғай күш ретінде әрекет ететіндігін айғақтайды. ЕурАзЭҚ дамуы, еуразиялық деңгейдегі жаңа экономикалық институттар (Еуразиялық даму банкі, Дағдарысқа қарсы қор және т.б.), Кедендік одақтың құрылуы —интеграция прогресінің тікелей куәсі. Біз бұл пікірлердің Н.Ә. Назарбаевтың жеке іс-әрекетісіз пайда болуы мүмкін емес екенін білеміз.

ТМД қазіргі заманғы қауіпті қатерлер алдында тұр. Әлемдік қаржы дағдарысы бүгінгі күні дамыған және динамикалы даму үстіндегі елдердің экономикасына күшті соққы болды. Перманенттік инфляция жүйесінде құрылған әлемдік резервті валюта ретінде доллардың тұрақты бағамы және монополиялық түрде болудың бұрынғы қаржылық жүйесі өз-өзін тұралатты. Ұлттық және аймақтық қауіпсіздіктің сыртқы шаралары, бүгінгі күні көрсетіп отырғандай бірлескен іс-әрекеттерді шешуді талап ететін өзекті проблема болуы мүмкін. Терроризм қатері бір мемлекет шеңберінде шешілмеуі мүмкін. Мұндай жағдай интеграциялық процестер үшін осы проблемаларды шешудің, қалыптасқан жағдайдан бірлесе шығу және әрі қарай дамудың жаңа жолдарын іздеудің тәсілі ретінде ауқымды алғышарттарды ұсынады.

ТМД елдерінің аумағында интеграциялық процестердің тиімді дамуы үшін жоғары технологиялық өндіріс ошақтарын, орташа және жоғары технологиялық деңгейдегі бірлескен кәсіпорындар (ТМД кеңістігінде) құру қажет. Меншікті ғылыми-техникалық әзірлемелерге қолдағы қаржылық ресурстарды бағыттау, ғылым, техника мен өндірістің нақты интеграциялануын іске асыру керек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Жангуттина Г. Социально-экономические факторы динамизации и интеграционных процессов в Казахстане: Научное издание // Транзитная экономика. 2003. №4.
2. Искандаров А. Классические теории европейской политической интеграции и возможность их использования в интеграционных процессах в регионе ЦА: Научное издание // Казахстан спектр. 2006. № 4.
3. Кулешова Б. Интеграционные процессы в Республике Казахстан как факторы формирования интегрированных хозяйственных структур : общественно-политическая литература // Қаржы-Қаражат = Финансы Казахстана. 2003. № 5.
4. Ларионова М.В. Интеграционные процессы в образовании. Европейский опыт. Статья первая: Научное издание // Высшее образование сегодня. – 2006. № 2.
5. Онжанов Н. Республика Казахстан в интеграционных процессах на пространстве СНГ: Научное издание // Экономист. 2003. №11.



## Қазақстан және ЕурАзЭҚ

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Әбдірахманова А.А.*

**Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭҚ)** – бұл бірыңғай экономикалық кеңістікті құру және өзара ұтымды ынтымақтастықты жан-жақты дамытуды елдердің өркендетуін біріктіру арқылы қамтамасыз етуге шақырған посткеңестік кеңістікте барынша тиімді және динамикалы даму үстіндегі интеграциялық құрылым.

ЕурАзЭҚ халықаралық құқықтың басқа субъектілерімен өзара әрекеттесуге әрекет етуге мүмкіндік жасайтын заңды құқығы бар. ЕурАзЭҚ қауымдастыққа мүше елдердің мүдделерін қорғай отырып, біздің елімізді халықаралық сауда рыногына шығаруды және үшінші елдермен және олардың бірлестіктерімен өзара ұтымды келісім-шарттар жасауға мүмкіндік береді.

Аталған халықаралық ұйым оның құрамына енген жалпы кедендік шекараның қалыптасуына, бірыңғай сыртқы экономикалық саясат құруына, әлемдік экономикаға интеграциялау кезіндегі тәсілдерді үйлестіру және халықтың өмір деңгейін арттыру мүддесінде олардың әлеуетін тиімді пайдалану кезінде әлеуметтік-экономикалық келісімдерге байланысты функциялар бөлінген. ЕурАзЭҚ бұрын аталған мақсаттар мен міндеттерді іске асыру құралы ретінде экономикалық өзара әрекеттесуге және біздің азаматтарымыздың әл-ауқатының өсуіне жаңа қарқын беруі тиіс.

2000 жылы 10 қазанда Астана қаласында Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы келісім-шартқа Қазақстан, Белоруссия, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан басшылары қол қойды. Келісім-шартта келесі міндеттерді шешу қарастырылған:

а) сыртқы сауда және кеден саясаты саласында – еркін сауда режимінің толық көлемін ресімдеуді аяқтау, бірыңғай кедендік тарифті қалыптастыру; ДСҰ және басқа халықаралық экономикалық ұйымдармен өзара қатынастарды келісілген тұрғыда құру; валюталық реттеу және валюталық бақылаудың бірыңғайланған тәртібін енгізу; кедендік реттеудің жалпы бірыңғайланған жүйесін құру; сыртқы шекаралық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; сыртқы шекараны нығайту және көркейту.

б) экономикалық саясат саласында – экономиканың келісілген құрылымдық саясатын жүргізу; әлеуметтік-экономикалық дамытудың бірлескен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру; жалпы төлеу жүйесін құру; валюталық-қаржылық жүйенің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету; өндірістік және кәсіпкерлік қызметтер үшін тең жағдайлар жасау; көліктік

көрсетілетін қызметтердің жалпы рыногын, бірыңғай көліктік жүйені және жалпы энергетикалық рынокты қалыптастыру;

в) әлеуметтік-гуманитарлық салада – білім, ғылым мен мәдениеттің ұлттық жүйесін, әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін үйлестіру;

г) құқықтық салада – ЕурАзЭҚ шеңберінде тараптардың міндеттемелерінен туындайтын мәселелер бойынша мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамалық және басқа құқықтық нормативтік актілерін келісіп қабылдау механизмін құру; ЕурАзЭҚ шеңберінде жасалған келісім-шарттар бойынша мемлекет ішілік рәсімдердің орындалу мерзімдерін синхрондау; қауымдастық шеңберінде жалпы құқықтық кеңістікті құру мақсатында қатысушы мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету.

ЕурАзЭҚ осыған ұқсас құруларға қарағанда келешекке бағытталған саяси шешімнің нәтижесі болды. Сарапшылар ЕурАзЭҚ елдерімен экономикалық байланыс тығыз орнатылмаса да құрылымның даму әлеуеті өте жоғары деп бағалайды. Әзірше негізгі жобалар мемлекет қатысуымен ірі корпорациялар мен қаржылық-өнеркәсіптік топтар деңгейінде жүзеге асырылуда. Бұл жерде көп нәрсеге қол жетті және алда да көп міндеттер тұр. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Еуразиялық экономикалық форумда сөз сөйлегенде, ЕурАзЭҚ шеңберінде интеграцияның бес түйінді проблемасын атап өтті. Ол әлемдік рынокта қауымдастықтың қатысушы елдерінің өнімдерінің «бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, біздің әлсіздігімізді жоюға қабілетті неғұрлым маңызды артықшылықтарға бірге ие боламыз» деп атап көрсетті. Қазақстан Республикасының Президенті ЕурАзЭҚ барлық елдері үшін энергетикалық салада әлемдік рынокқа шығудың ұтымды бірыңғай саясатын бірлесіп әзірлеу және бірізділікті жүзеге асыру қажеттілігін көрсетті. Бұл жерде Мемлекет басшысының пікірі бойынша энергетиканың инфрақұрылымын құру тиіс, яғни ЕурАзЭҚ-қа қатысушы барлық елдер үшін ұтымды болып табылатын бірдей тарифтік мөлшерлемесі бар газ құбырларын, теңіз порттары мен терминалдарын салу және дамыту болып табылады. Н.Ә.Назарбаев транзитті әлеует туралы айта отырып, ЕурАзЭҚ елдері арасындағы үйлестірілген саясаттың жоқ екендігін атап өтті. Сарапшылардың берген бағасы бойынша, бүгінгі күні Еуропа мен Азия арасындағы жүк ағыны 100 миллион тоннаны құрайды. Сондықтан, Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, бұл жерде «осы ағынды өзіне қарай тартатын барлығына пайдалы үйлестірілген қуатты саясат қажет». Президент интеграция проблемасына «өзара сауданың меншікті салмағын азайту және өзара бірлестіру жағын біртіндеп арттыру» деп қарайды.

ЕурАзЭҚ шешетін осы үлкен проблемаларға басқа өте маңызды міндеттер қосылады. Қауымдастыққа қатысушы елдер алдында шағын және орташа экономикалық құрылымдарды белсендіру мәселесі тұр, онысыз интеграциялық процестер толық болмайды. Қазіргі күні ЕурАзЭҚ ұлттық экономика жағдайын топтастырады, жандандыру мен өсу ірі корпорациялардан басталады, онда шағын және орташа бизнес саласы

сияқты қажетті даму деңгейіне көтерілген жоқ. Демек, ЕурАзЭҚ болашағы көбінесе өзіне байланысты, қатысушы елдердің экономикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік саласы қаншалықты дамығанына және тұтастай осы сектор экономикадан қандай үлес алатынына байланысты.

Еліміздің даму Стратегиясы шеңберінде елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен – жақын арадағы он жылда әлемнің барынша дамыған бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру мақсаты қойылды және бұл мақсатқа қол жеткізу үстінде. 2000 жылдан бастап, біздің экономикамыздың орташа өсімі 10% құрайды, ал халықтың жан басына шаққандағы ішкі жалпы өсімі 40%-ға артты. Экономиканың өсуінің жоғары қарқыны 2008 жылы 2000 жылмен салыстырғанда ішкі жалпы өнімнің екі есе ұлғаюын есептеуге мүмкіндік береді, ал 2015 жылға қарай оның үш есе өсуіне қол жеткізу қажет.

Қазақстан бәсекеге қабілеттілікті арттыру, ДСҰ-на кіру, индустриалдық-инновациялық даму проблемасын шеше отырып, өз жоспарын осы бірлестіктегі серіктестерінің жоспарларымен байланысын қарай отырып ЕурАзЭҚ тәжірибесіне және әлеуетіне сүйенеді. Республика үшін маңызды принцип – Қауымдастықтың барлық елдері үшін нақты ұтымды болатын және экономикалық өсуіне мүмкіндік туғызатын интеграцияның деңгейіне ұмтылу.

Сірә, Қауымдастықтың табысты дамуы меншікті заңнамалық-нормативтік базасыз, ұлттық заңнамаларды үндестіруге және бір ізге салуға ұмтылмай мүмкін емес. Бұл тиімді интеграцияның тиісті шарттарының бірі болып саналады.

Бұл бағытта ұлттық заңнамаларды жақындастыру және үйлестіру бойынша белсенді жұмыс жүргізетін ЕурАзЭҚ Парламент аралық Ассамблеясы табысты жұмыс істеуде. Бірыңғай кедендік тарифтерді қалыптастыруда және тарифтік емес реттеу шараларының бірыңғай жүйесін құруда, тауарлар саудасы мен көрсетілетін қызметтердің және олардың ішкі нарыққа қатынасының жалпы ережелерін белгілеуде, көліктік көрсетілетін қызметтердің жалпы рыногын және бірыңғай көліктік жүйені құрудағы оның үлесі және интеграциялық процестерді дамытудың басқа нормативтік-құқықтық негіздерін бағалау қажет.

Парламент аралық Ассамблеяда құқықтық қатынастардың барлық негізгі салаларында 34 модельді заң, 22 заңнама актісінің типтік жобасы, 34 ұсыныс әзірленді және қабылданды. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер үшін экономикалық және гуманитарлық қатынастардың әртүрлі салаларында құқықтық реттеуден бастап бірыңғай белгіленген - көліктік заңнама, энергетика туралы заң, кедендік және бюджеттік заңнама, білім туралы заң сияқты Заң негіздерінің бірқатар басым Тұжырымдамасы әзірленді.

Өткен жылдарда Еуразиялық экономикалық қауымдастық шеңберінде 93 халықаралық келісім-шарт жасалды. Оның 74-і мемлекеттер ішіндегі рәсімдер орындалды, көбінесе, ратификациялау рәсімдері жүргізілді, осыған байланысты олар заңды күшіне енген. Тек 2006 жылы ғана бірқатар келісімдерге қол қойылды, соның ішінде ЕурАзЭҚ елдерінде өндірілген өнімдердің бірыңғай тауарлық белгісін енгізу туралы келісімдер бар, ол тауар тасымалы үшін транзитті оңайлатады және интеграцияланған валюталық рынокты ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық туралы келісімдер бар.

Қауымдастықтың заң шығарушы органдары өз қызметін жүзеге асыра отырып, бір-бірімен кеңінен байланысады, осыған байланысты оның қызметін ЕурАзЭҚ ПАА қызметімен қарастырады.

Бұл жұмыс Қазақстанда да жүргізілу үстінде, құқықтық реттеудің бірыңғай принциптері негізіндегі заңнамаларды жетілдіруге басты назар аударылуда. Қазақстан Республикасы Парламентінің заң жобаларын қарау кезінде ЕурАзЭҚ Парламент аралық Ассамблеясының нормативтік-құқықтық актілерінде қарастырылған негізгі ережелер мен нормаларға басты назар аударылады. Ассамблеяның ұсыныстары біздің еліміздің көптеген заңдарында, соның ішінде «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Электр энергетикасы туралы», «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Терроризммен күрес туралы», «Сараптық бақылау туралы», «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қол қою туралы» заңдарында, Қазақстан Республикасы Кеден кодексінде және басқа құқықтық актілерде толықтай немесе жартылай қолдау тапты.

«Инновация туралы» Модельді заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» заңын қабылдайтын кезде пайдаланылды. Ол заң индустриалдық-инновациялық даму Стратегиясын іске асыру, біздің экономикамызды оның диверсификациясы арқылы дамытудың қарқынын үдету және сапалы жақтарын арттыру, оның шикізаттық бағытын жеңу, жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру және дамытуды қарастырады. Сол заңдармен Қазақстандағы инновациялық қызметті ынталандырудың құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру негіздері белгіленеді және оны мемлекеттік қолдау шаралары анықталады.

Негізгі заңнама актілерінің бірі – Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінде – ЕурАзЭҚ мүше елдердің бюджеттік заңнама негіздерінің Тұжырымдамасымен анықталатын бірыңғай принциптер белгіленген.

Осылайша, модельді заңнамалармен қатар, Қазақстан Республикасының Парламенті өзінің заң шығару қызметінде ЕурАзЭҚ Парламент аралық Ассамблеясының тұжырымдамасы мен ұсыныстарын пайдаланады. Қазақстан Республикасының Парламент депутаттары ЕурАзЭҚ ПАА барлық іс-шараларына: оның тұрақты комиссиясымен жұмыстарға, конференцияларға және семинарларға, шығармашылық тәжірибе алмасуларға белсене қатысатынын атап өту керек.

Ұлттық заңнамаларда жеке модельді заңдардың нормалары көрініс табады, оларды Қазақстан тарапы әзірледі. Демек, ЕурАзЭҚ ПАА Қазақстан Республикасының Парламентіне «Салық заңнамасының негіздері», «Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы заңнама негіздері» әзірлеу міндетін жүктеді. Қазақстан тарапынан кеден, сыртқы сауда саясаты, әлеуметтік-гуманитарлық салалар да негізгі әзірлеуші ретінде анықталды. Бұл «Валюталы рынокты ұйымдастыру және жұмыс істеуінің жалпы принциптеріне», «Көрсетілетін сауда қызметтерінің жалпы принциптеріне»,

«Білім туралы заң негіздеріне», «Дәрілік құралдар туралы» заңнамаларға да қатысты.

Біздің елімізде кедендік заңнаманы жетілдіру мәселесіне басты көңіл аударылады. Біздің Кедендік кодекске ПАА бұрынғы заң жобалары ұсыныстарының біршамасы енгізілген. Онда біздің негізгі сауда серіктес мемлекеттердің кеден заңнамаларының тәжірибесі, сондай-ақ кедендік рәсімдерді үйлестіру және оңайлату бойынша Киот конвенциясының негізгі стандарттары мен ережелері ескерілген.

2004 жылы ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттердің басшылары соңғы жылдардағы Қауымдастық дамуының басым бағыттарын, соның ішінде кедендік және көліктік одақты, энергетикалық рынокты, әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты қалыптастыруды белгіледі.

Нақты Кедендік одақтың қажетті шарты Кедендік одақтың құрылуы болып табылады, көліктік инфрақұрылымсыз тауардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың, адамдардың еркін жылжуын қамтамасыз ету мүмкін емес. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер өз географиялық жағдайымен маңызды транзитті әлеуетке ие, бірақ бұл әлеует толық көлемде іске аспаған. ТМД Мемлекет аралық статистикалық комитеттің деректері мен ТМД бойынша орташа алғанда жүктерді тасымалдау көлемі 1991 жылдан кейінгі уақыт ішінде шамамен үштен бір бөлікке ғана өскен. ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерде бұл өсім әлі де аз (Қазақстаннан басқа, онда 61%-ға ұлғайды). ЕурАзЭҚ шеңберінде кедендік ережелерге және көліктік тарифтерге бірыңғай тәсілдерді қарастыра отырып, біздің әлеуетімізді толық шамада пайдалануға болады.

Энергетика және энергетикалық қауіпсіздік мәселелері әлемдік дамуда түйінді ұстанымды орын алады. Еуразиялық экономикалық қауымдастық та бұдан шет қалмайды. Біз энергетикалық саланы дамыту мәселесіне, Қауымдастық ішінде энергоресурстарды өркениетті саудасы мен өркениетті қатынастарын ұйымдастыруға жан-жақты қарап, прагматикалық және оңтайлы жолын табуға қаншалықты қарайтын болсақ, біздің интеграциямыздың деңгейі ғана емес, біздің мемлекет аралық қатынастарымыздың беріктігі де артады. Әзірше бұл саладағы қажетті амалдарға әлі жеткен жоқпыз. Қауымдастыққа кірген жекелеген елдер арасында энергия тасымалы және оларды тасымалдау мәселелеріне байланысты түсініспеушіліктер пайда болады. Алайда, бұл мәселелер өте күрделі болса да, біз ерікті күш-жігермен жеңетін боламыз. Бұған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер және ТМД басшылары қызығушылық танытуда. Жакында олардың арасында Қауымдастық шеңберінде жалпы энергетикалық рынокты құру идеясы қолдау тапты, Орталық Азияда сауда-энергетикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелері, сондай-ақ атом энергетикасы саласында өзара әрекет ету мәселелері қаралды.

Осыған байланысты Қазақстанда Республиканың электр энергетикалық кешенінің сенімді және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, электрлік және жылу энергиясы рыногы қатысушыларының құқықтарын қорғауға бағытталған «Электр энергетикасы туралы» заңды әзірлеу кезінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің энергетика туралы заң Негіздерінің Тұжырымдамасы



және энергетика бойынша ЕурАзЭҚ заңдарының негіздері бойынша заң жобаларының ұсыныстары ескерілгенін атап өту керек.

Интеграция флагмандары – инновация және жастар. Соңғы жылдары Еуразиялық идеяны посткеңестік елдердің көптеген интеллектуалдары қабылдады. Ғалымдардың еуразиялық клубы құрылды. Жалпы ақпараттық кеңістікте Еуразиялық Медиа-форум және Еуразиялық телевидение мен радио академиясы, Еуразиялық университеттердің білім қауымдастығы жұмыс істейді. Мемлекеттің қазіргі күнгі міндеті – интеллектуалдық бай мұраны байыту және барлық аймақ үшін инновациялық дамудың жинақталған білімін пайдалану. Қазіргі кездегі төтенше маңызды үшіншісі - еуразиялық интеграцияның мәдени-гуманитарлық өлшемі болып табылады. Негізгілердің қатарына білім мәселелері бойынша заңнамалық актілерді бірыңғайлау туралы мәселелер жатады. 2004 жылы қабылданған білім туралы заң Негіздерінің Тұжырымдамасы білім саласында құқықтық реттеудің жалпы бастамаларын белгілеу мақсатында осы саладағы мемлекеттік саясаттың жалпы принциптерін тұжырымдау және мемлекеттік білім стандартын бірыңғайлау міндетін қойды. Сондықтан Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында жалпы және кәсіптік білім жүйесі осы Тұжырымдамада ұсынылған бірыңғай білім бағдарламасымен үйлеседі.

Экология саласында Еуропалық одақ және әлемнің көптеген елдерінің заң шығарушы тәжірибесі, сондай-ақ ТМД ПАА әзірленген модельді Экологиялық Кодекстің беделді халықаралық ұйымдардың ұсыныстары Республиканың Экологиялық Кодексін қалыптастырған Қазақстанның экологиялық заңдарын әзірлеу кезінде ескерілді. Кодекс экология және экологиялық қауіпсіздік мәселелерін кешенді түрде шешуге деген амалдарды көрсетеді, табиғи ресурстарды аялап мұқият қарауды, экологиялық талаптарға деген жаңа стандарттарды қарастырады, осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін күшейтеді.

Біздің еліміздегі әртүрлі бағыттарды біріктіруде өзара әрекет етудің жоғары деңгейі мен интеграция қазіргі заманның үндеулеріне сенімді жауап беруге мүмкіндік береді. Біз қазір еуразиялық инновациялық бұзып жаруды іске асыруға, балансталған еуразиялық рынокты құруға, біздің еліміздің дамуының жоғары деңгейіне жету үшін гуманитарлық ресурсты пайдалана алуға қабілеттіміз.

Оң жетістіктерге қарамастан, ЕурАзЭҚ қызметінде бірқатар проблемалар бар, ол проблемаларды жеңу жолдарын еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынды:

1. Инновациялық дамуға жылдам көшу. Біз ғылыми қауымдастықтың осы міндеттерді іске асыруына көмектесуіміз керек. Сондықтан 2010 жыл ТМД-да Ғылым және инновация жылы деп жариялануы тиіс. Еуразиялық ғалымдар клубы шеңберінде ғылым қайраткерлерінің өзара әрекет етуін дамытуымыз қажет. Жоғары технологиялар орталығы және Жоғары технологиялар Еуразиялық Банкі ТМД кеңістігінде барлық қызығушылық танытқан зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық жасауға жол ашық болуы тиіс.

2. Бірлесе отырып, білім саласын жаңа сапалы деңгейге көтеру – іс жүзінде бірыңғай еуразиялық білім кеңістігін құру қажет. Осылайша, Қазақстан жоғары білікті мамандар дайындауға басты назар аударады. Біз тек «Болашақ» бағдарламасы аясында жыл сайын үш мыңға тарта студентті әлемнің жетекші жоғары оқу орнына жібереміз. Қазіргі кезде Ресейде - 422 стипендиат, Украинада – 28 стипендиат білім алуда. Ресейде 12 мыңнан астам қазақстандық білім алуда. Қазақстандық ЖОО да өз кезегінде ТМД студенттері үшін есігі ашық. Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан азаматтары үшін біз жыл сайын оқуға квота бөлеміз. Еуропалық одақта «Эразмус Мундус» бағдарламасы кең танымдылықпен пайдаланылады. Ол жоғары білім беру саласында ынтымақтастықты дамытуға және студенттер мен аспиранттар қозғалысының еркіндігіне бағытталған. Біз Еуразиялық кеңістік үшін осыған ұқсас бағдарлама жасай аламыз. Ол Лев Николаевич Гумилев деп аталады. ТМД елдерінің ЖОО-да «осы бағыт бойынша маманданып жатқан ғалымдар мен студенттерді біріктіре алатын еуразиялық кафедралар» құру идеясын іске асыруға болады. Еуразиялық Ұлттық университет әріптестеріне қажетті әдістемелік көмек бере алады. Классик: «Әлем тұтас алдыға жылжыса да, жастарға барлығын жаңадан бастауға тура келеді» деп айтқан.

3. Жастармен атқарылатын жұмысқа басты назар аудару керек.

Осы бағытта біздің еліміздің жас ұрпағы ешқандай күштерсіз біздің халқымызды біріктіретін көпір болуы мүмкін. Сондықтан 2009 жыл ТМД-да Жастар жылы деп жарияланған. Біздің елдердің арасындағы жастар алмасуларының әртүрлі нысандарын, жастар ұйымдары арасындағы және жастар көшбасшыларының өзара әрекет етуін жүйелі негізде қолдау қажет. Біздің университеттерімізде ТМД халықтарының тілдерін неге оқытпайды? Бұл барлық еуразиялық кеңістіктегі мәдениеттің бай қабатын біздің артымыздан келе жатқан ұрпақ жалғастырады деп сенемін!

4. Бірыңғай еуразиялық сәйкестендірудің мәдени және тілдік әртүрліліктерінің жалпы құндылықтары негізінде қалыптастыру керек екенін ұмытпау керек. Бұл дегеніміз – еуразиялық өлшемдердің әртүрлі мәдени жобаларын алға жылжыту: фестивальдар, шебер-кластар, көрмелер, конференциялар. Біздің қоғамда жоғары рухани және адамгершілік құндылықтарды нығайтуға камқор болудың жалпы маңызы бар. Бұл үшін тиісті бірлестік өкілдерінің кездесулері үшін диалогтық алаңдар құру қажет.

5. Біздің еліміздің азаматтарының алға жылжу еркіндігін максимум қамтамасыз ету қажет. Қазақстан өз кезегінде «Қарапайым адамдарға қарай қарапайым он қадам» бастамасын көтерді. Жақын арада біздің мемлекетіміздің халықтары өзара еркін әрекет етулері үшін тосқауылдарға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдау қажет. Бұл элементарлық ұсақ-түйек сияқты, бірақ іс жүзінде біздің еліміздің әрбір жеке азаматтары үшін маңызды: шекараны еркін қиып өту, барлық елдердің білім және медициналық қызметтеріне, ақпарат көздеріне қол жеткізу.

Қазақстан үшін ЕурАзЭҚ интеграция – дамудың барынша перспективалы жолы. Халықаралық интеграция экономикалық даму қарқынына оң әсер етеді, халықаралық сауда және өндіріс факторларының еркін қозғалуына қатысудан

түсетін пайданы қамтамасыз етеді, өндіріс масштабында үнемдеуге жол беріледі, ең алдымен шығындар қысқарады, еңбек өнімділігінің өсуіне және еңбекті халықаралық бөлу мен мамандануды тереңдету, бәсекелестік пен әлемдік масштабта инновацияларды үздіксіз енгізу нәтижесінде өндіріс тиімділігінің артуына мүмкіндік туғызады, шетелдік инвестицияларды тарту салдарынан табиғи ресурстарды неғұрлым толықтай игеруді қамтамасыз етеді, еліміздің индустриалдық-инновациялық дамуын және жаңа өндірістерді ұйымдастыру кезінде технологиялық бұзып өтулерді қамтамасыз ететін жоғары технологиялар орталығын құру саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайтады.

Интеграцияның ең жоғары саяси және экономикалық инфрақұрылымы, егер ол белсенді тұлғалардың күш-жігеріне бағытталмаса, іске жарамсыз болып табылар еді. Атап айтқанда, ол мемлекетті мыңдаған берік салалармен байланыстырады. Бұл күш-жігерді сақтап одан әрі дамыту – біздің басты міндетіміз. Тендікке, еріктілікке, прагматикалық мүдделерге негізделген Еуразиялық қауымдастық ХХІ ғасырдағы әлемдік экономика және саясаттың жаһандық факторы болуы мүмкін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жалимбетова Р. Труд в Казахстане: Проблемы. Факты. Комментарии. 2003. № 3.
2. Исмаилова А.С. ЕврАзЭС - итоги социально-экономического развития в условиях интеграции: Общественно-политическая литература // АльПари. 2004. № 4.
3. Куанышева А. Дальнейшие перспективы ЕврАзЭС : Научное издание // Қазақстан жоғары мектебі // Высшая школа Казахстана. 2005. № 4.
4. Султанов Б. Казахстан и институты международного сотрудничества : Научное издание // Евразийское сообщество. 2006. № 4.



## Еуразиялылық идея және Қазақстан

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Ошанов Н.З.*

Қазіргі кезде еуразиялық жаңа ғасырдың қоғамдық қозғалыстарының және барынша перспективалы интеллектуалдық ағымдарының бірі деп аталады. Қазіргі заманғы ірі еуразиялық тұлғалар арасында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев та бар. Н.Ә. Назарбаев Еуразия ұлттық университетінде оқыған дәрісінде «Еуразиялылық идея теория ретінде өткен ғасырда пайда болған. Бірақ, Еуразиялылық идея, жаңа өмірді ұйымдастыру практикасы ретінде осы ғасырда іске асатын болады. Еуразиялық – ХХІ ғасырдың басты идеяларының бірі. Еуразиялылық идеяның үш киті, Қазақстанның бастамасымен нақты түрде іске асырылған – бұл ЕурАзЭҚ, АӨСШК және ШЫҰ. Мұның барлығы – бір орталық, яғни Бірыңғай Еуразиялылық идеяның әртүрлі үш практикалық көрінісі» деп атап өтті.

Жаһанданған қазіргі заманғы әлемде тұрмыс пен тәртіпті жаңаша реттеудің іргетасы ретінде жалпы өркениетті құндылықтарды күшейту үрдісі өтуде. Еуразиялылық идея жаһандану идеясынан принципті түрде ерекшеленеді, коммуникациялар масштабы кеңейеді, бірыңғай әлемдік кеңістік құрылады, бірақ бұл ретте ұлттық әр түрліліктер басылып біраз уақыттан кейін бұзылуы мүмкін. Ал бұл тек жекелеген ұлттардың мәдениетіне төнген қауіп-қатер ғана емес, сонымен бірге тұтас әлемдік жүйеге төнген үлкен қатер. Мұндай перспективаға қарағанда, еуразиялық мәдениет пен ұлттық сәйкестіктерді сақтай отырып, қоғамның экономикалық дамуына және жаңаруына жол ашады. Еуразиялықтың әлеуеті бай, ол экономикада, саясатта, мәдениетте, ғылымда және білімде мемлекет аралық интеграциялаудың әр түрлі нысандарында материалданады.

Қазіргі заманғы жағдайда Еуразиялылық идея одан әрі өзектеніп түсуде. Ол әлемнің бір полярлық жаққа қарай дамуын көрсететін қатерлердің жалғыз баламасы болып табылады. Қазақстан еуразиялық бірлікті нығайтуды, көп полярлыққа қарай жылжуды қолдайды. Қазақстан Республикасының Президенті әлемді құрудың бір полярлы жүйесінен көп полярлы жүйесіне ауыстыру туралы тезисті ұсынады, онда аймақтандыру процесі күшейеді. Бұл әлемдегі Достастық елдерінің ұстанымдарын нығайтудың және посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестерді қарқындатудың қуатты факторы болар еді.

Н.Ә.Назарбаев аймақтық бірігу туралы идеяны алға тарта отырып, бірігудің аймақтық нысандары, егер ХХІ ғасырдағы экономикалық және

әлеуметтік даму заңдылықтарына, сондай-ақ қуатты өркениетті факторларға сүйенетін болса мызғымайтын болады деп атап көрсетті. Өткен кезең тарихына жататын мұндай факторлар біздің еліміз үшін өркениетті және еуразиялық кеңістікке қатысы бар болып табылады. Тек біздің еліміз бен халықтарымыздың мәдени-тарихи дәстүрлерін біріктіріп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа ғасырдағы қазіргі заманғы геосаяси ортаның жаңаша әсер етуін қалыптастыру мүмкіндігін анықтайды.

Еуразиялық идея елдердің бір-біріне тең және құрмет қатынасын қалыптастырады, өйткені ол бастапқы орында Еуразия кеңістігінде орналасқан халықтардың толық сәйкестігін мойындайды. Практикалық еуразиялылықтың бай әлеуеті жаһандық өзара байланыстырды күшейту мен әлемнің көп полярлығы арасындағы жаһандандырудың ішкі қайшылықтарын тең құқықтық және бірін-бірі құрметтеудің принциптік жаңа негіздерінде аймақтық бірлестіктерді құру арқылы шешеді.

Интеграция қажеттілігінің маңызды бірі бөлігіне тоқтала кету керек. Бұл біздің республикамыздың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын, әлемнің жетекші елдеріндегі және жақын мемлекеттердегі қауіпсіздіктің өзара байланысын көрсетеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Сындарлы он жыл» кітабында: «Қазақстанның Ұлттық Қауіпсіздігі Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін Орталық Еуразияның құрамдас қауіпсіздігі ретінде қарау ұсынылады. Орталық Еуразия өңірі қауіпсіздіктің жаһандық жүйесінің бір бөлігі болып табылатын Еуразия қауіпсіздігінің бірі бөлігі болуы тиіс».

Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, еуразиялылық идея практикалық толықтыруларға ие болып келеді. Бүгінгі күні ол Еуразиялық экономикалық қауымдастықты (ЕурАзЭК), Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ), сондай-ақ Азияда Өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша кеңесті интеграциялау арқылы іске асырылуы мүмкін. «Мен осы бірлестіктер бірігеді деп ойлаймын және армандаймын. Түбінде үлкен еуразиялық идея, еуразиялық контингент бірлігі міндетті түрде жеңеді». Еуразиялық идеяны біртіндеп жүзеге асыру бүгінгі күні, Еуразия кеңістігіндегі қазіргі заманғы елдер Еуразия негіздеріне өз қатынастарын айқын анықтауын талап етеді.

Еуразиялық интеграция идеясын тізбектен өткізеді және полиэтникалық мемлекетте этностарды интеграциялау идеясы еуразиялылық идеологиясына қол жеткізу мен іске асыруда айтарлықтай тірек және жігерлендіру болып табылады. Қазақстанда түрік және славян, әрі қарай басқа этностармен үйлесімдегі этноәлеуметтік топтардың алғашқы синтезіне негізделген бірегей полиэтникалық қоғам қалыптасты. Бұл жерде еуразиялық қоғамның негізін қалаушы сәттерінің бірі байқалады, еуразиялылықтың негізін салушылар осыған – бір аумақта бірлесіп өмір сүретін халықтардың көп түрлілігіне сүйенді.

Біздің республикамыздың Тұңғыш Президентінің геосаяси көрегенділігіне тиісті баға беру керек, осының арқасында Қазақстан егемендігін алысымен, саяси, діни басымдықтар және ұлттық белгілерге қарамастан аймақтық интеграцияны өзгеріссіз және табанды түрде жақтайды. Ел

Президентінің еуразиялылық мәселе жөнінде айтқан пікірлеріне орай, осы принциптердің субъектісі – ерекше өмір салты мен менталитет тән еуразиялық қауымдастық бар екенін атап өткен жөн.

Еуразиялылық идеялар университеттер ынтымақтастығының сенімді және құнарлы негіздері ретінде, қазіргі кезде 98 университетті, оның ішінде ТМД елдерінің 43 жетекші университеттерін біріктіріп отырған Университеттердің еуразиялық қауымдастығы қызметінде толық көлемде байқалды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Еуразия ұлттық университетіне, этногенез дамуында пассионарлықтың ролі туралы теорияның авторы, еуразиялылық идеяның ғылыми негіздемесіне маңызды үлес қосқан көрнекті этнолог-тарихшы Лев Николаевич Гумилёв аты берілді.

Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық идеяларымен Қазақстанның жаңа астанасының пайда болуын байланыстыруға болады. Президенттің іске асқан ойы арқасында еліміздің жүрегі - Астана стратегиялық тұрғыда қолайлы, қауіпсіз және маңызды жерде орналасқан және өркендеу үстінде. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенттерімен кездесуінде, еуразиялық идеяға «рухани, ғылыми база қажет, ал осы ғылыми база Еуразиялық университет болуы тиіс. Еуразияның жүрегі біздің астанамыз – Астана қаласы болуы мүмкін» - деп атап көрсетті.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев еуразиялық стратегияны іс жүзіне асыруы оның Еуразиялық Одақ құру туралы идеясынан да көрінеді. Ол, еуразиялық кеңістікте бізді тарих, ортақ стратегиялық мүдделер мен халықтар бірлігі жақындастырады дегенді бірнеше рет атап өтті. Бұл халықтардың тарихи бірігуі және бүгінгі күні Еуразиялық Одақ құру үшін қажетті алғышарт болып табылады. Оның ойынша Еуразиялық Одақ посткеңестік кеңістіктегі әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды, тұрақтылықты және қауіпсіздікті нығайту мақсатында егеменді мемлекеттерді интеграциялау нысаны болып табылады. Тәуелсіз мемлекеттерді жақындастырудың негізі экономикалық мүдделер болып табылады.

Еуразиялық Одақ құру кезіндегі негізгі принциптер және механизмдер тепе-теңдік, бір-бірінің ішкі жұмыстарына қол сұқпау, егемендікті құрметтеу, аумақтық тұтастықты сақтау және мемлекеттік шекараларға қол сұқпау, адамдар және капиталдың еркін жылжуы және ортақ рыноктың болу принциптері болып табылады.

Еуразиялық Одақ құру тұжырымдамасы әлемдік практикада интеграция түріндегі басқа аналогы болмаған мүлдем жаңа болса да сол кездегі әлемдік тәжірибені, әсіресе КСРО бұрынғы республикаларының тарихи даму ерекшеліктерін ескереді. Ол посткеңестік кеңістіктегі интеграцияның стратегиялық мақсатын айқын анықтады және оны жүзеге асыру үшін әрекет ету механизмін іске қосты. Еуразиялық Одақ идеясының жобасын алға тарту тек таза экономикалық дәлелдерге ғана бола мәжбүрлемейді. Ол бәрінен бұрын, «өркениеттің белгілері бойынша посткеңестік кеңістіктегі күйреуді болдырмау» үшін қажет.

Еуразиялық Одақ құру идеясы, тұтас алғанда, посткеңестік кеңістікте интеграцияның барынша перспективалы жобалары болып табылады. Оның

көптеген ережелері интеграцияның нақты механизмдерін құруда пайдаланылды. Мемлекеттер арасындағы теңдік, тәуелсіздік және егемендік принциптеріне интеграцияны ұсына отырып, Еуразиялық Одақ құру тұжырымдамасы принципті жаңа негіздерді сол бойынша интеграциялауды ұсынады, яғни қазіргі өмір шындығына, қазіргі заманғы саяси процестер шеңберінде мемлекеттік және мемлекет аралық қатынастарды дамыту логикасына жауап береді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана от 28 февраля 2007 г. // Казахстанская правда. 2007. 1 марта.
2. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы, 1999.
3. Назарбаев Н.А. Евразийский союз: идеи, практика, перспективы. 1994-1997. Москва, 1997.
4. Вавилов А.Н. Геополитические доминанты национальной безопасности России в XXI веке и евразийская интеграция» // <http://www.e-journal.ru/besop-st4-20.htm>
5. Дутбаев Н. Региональная безопасность // Мысль. 2003. № 6.



## Қазақстан және ұлттық қауіпсіздік мәселелері

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Мақалақов Т.Ж.*

Ұлттық қауіпсіздік мемлекет саясатының негізі болып табылады. Сондықтан кез келген мемлекеттің басты құндылықтарының бірі ұлттық егемендік, тәуелсіздік және аумақтық тұтастықты қорғау болып табылады. Осы мағынада Қазақстан Республикасының негізгі мақсаттары да осылар болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздік мәселелері қазіргі күні өзекті тақырып болып табылады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін және халықаралық құқық субъектілігінен туындайтын барлық өкілеттіліктерін мойындағаннан кейін, жаңа тәуелсіз мемлекет алдында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы тұрды. Бұл проблеманы шешу негізгі стратегиялық басымдықтар ретінде мойындалған. Осыған байланысты республикада қазіргі заманғы халықаралық-құқықтық қатынастар да өздерінің ұлттық мүдделерімен анықталуы тиіс. Мұндай жағдайда Қазақстанға уақыттың саяси және құқықтық талаптарына аз жауап беретін бұрынғы КСРО құрылған қауіпсіздік жүйесіне сүйену қажет еді немесе қолданыстағы халықаралық тәжірибені пайдалану қажет немесе оның геосаяси жағдайының ерекшелігіне байланысты мүлдем жаңа тәсілдер пайдалану қажет болды. Қазіргі күні қалған екі элементті пайдалана отырып, көрегенділікпен үшінші жол таңдап алынды деп айқын атауға болады. Бұл Қазақстан халықаралық қауіпсіздіктің барлық жүйесін қамти алатын ажырамас бөлігі ретінде өзін тани білді, бірақ осы жүйе шеңберінде басқа мемлекеттерге залал келтірмей саяси, экономикалық, әлеуметтік және басқа меншікті қажеттіліктер жиынтығын іске асыратын егеменді мемлекет ретінде екендігін куәландырады.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында еліміздің қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету жүйесін құру бойынша үлкен жұмыстар атқарды. Қазақстандық дипломатияның күшімен Қазақстанның сыртқы қауіпсіздігіне негіз бола білген көп векторлы сыртқы саясаты белгіленді. Бұл саладағы біздің негізгі активтеріміз - ядролық державалардан Қазақстанның қауіпсіздігіне кепілдік және ядросыз мәртебені жариялау, «Шанхай» келісім-шарты, Қытаймен шекараны межелеу, Каспий теңізі бойынша Ресеймен келісім, АӨСШК идеясын практикалық іске асырудың басталуы, көршілес және әлемнің басқа елдерімен достық пен конструкциялық қатынастарды дамыту. Қазақстанда әскери және ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері құрылды: қарулы күштер, құқық қорғау органдары,



арнайы қызмет. Еліміздің ішінде ішкі саяси тұрақтылық, этникааралық түсіністік сақталған. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларының бірі тиісті құқықтық негіздерді құру болып табылады. Бұл мағынада арнайы заңнамалық базаны әзірлеу және қабылдау, республиканың халықаралық келісім-шарттарға қатысуы, жеке түрде де және оның ұлттық қауіпсіздігінің ішкі және сыртқы аспектілерін қамтамасыз етуге тиесілі кешенді түрде реттелуі тиіс. Ұлттық мүдделерді және ұлттық қауіпсіздіктің мүмкін қатерлерін анық танып-білмей, нақты сыртқы саясат құра алмаймыз.

Осы жылдар ішінде «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңға негізделген қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін құқықтық база, басқа маңызды заңды және нормативтік актілер құрылды. Ұлттық қауіпсіздік үшін 1997 жылы «Қазақстан – 2030» Стратегиясының қабылдануы ең үлкен маңызға ие болды. Бұл құжатта ұлттық қауіпсіздік еліміздің ұзақ мерзімді дамуының ең алғашқы басым бағыттары жарияланды. 1999 жылы Қазақстанда ең алғаш рет 1999-2005жж. арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы бекітілді. Осы құжатты әзірлеу және қабылдау келесі маңызды сәттерге сүйенді.

Біріншіден, алдымыздағы жылдары еліміздің қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс тәжірибесін байыту қажет және осы негізде «Қазақстан – 2030» Стратегиясының бірінші басымдығының негізгі ережелері нақтыланды.

Екіншіден, қауіпсіздік мәселелері бойынша стратегиялық құжатты әзірлеу аймақтағы күрделенген ахуалға байланысты. Бұл ретте осы үндеулерге қарама қарсы тұру үшін құралдар мен күштерді тиімді бөлу үшін барынша өзекті жағдайларды атап өту қажет. Ұлттық қауіпсіздік Стратегиясы қабылданғаннан бергі уақыт ішінде мемлекеттің қажетті ресурстарын қазіргі жағдайда барынша қауіпті бағыттарға, мысалы, терроризмге, экстремизмге, нашакорлықты таратуға қарсы тұруға шоғырландыратын ықпалды шараларды қабылдау қажет.

Үшіншіден, әлем қауіпсіздіктің жаңа, неғұрлым масштабты шақыруларына іліккен жағдайда Қазақстан алдында қазіргі заманғы әлемде өзін жаңа сәйкестендіру міндеті, өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер өндіру міндеті тұр. Жекелеген елдер мен әлемнің дамуы өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұғымы қаншалықты маңызды күрделі екенін тұтастай көрнекті түрде көрсетті. Бұл қарапайым әскери-саяси категория емес. Қазіргі күні экономикалық әлеуетке, әлеуметтік дамуға, ақпараттық кеңістікке, экологияға, жеке елдердің басқа салалары және мемлекеттің тұтас топтарына мақсатты әсер етуге байланысты қауіпсіздікке төнетін қатерлер кездеседі. Сондықтан ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2000 ж. басында айтылған ұжымдық халықаралық қауіпсіздік туралы пікірлері бұрынғыша өзекті болып қалуда.

Осылайша, қазіргі заманғы жағдайда ұлттық қауіпсіздік геосаяси және аймақтық, экономикалық-саяси, этникалық, мәдени, ақпараттық және экологиялық, сондай-ақ басқа өлшемдері бар бірқатар тұтас факторларға байланысты екенін көрсетеді. Демек, қауіпсіздік проблемасын шешу қазіргі күні сол немесе басқа елдердің әскери және қорғаныс әлеуетін ұлғайтудан ғана тұрмайды. Бәрінен бұрын, ұлттық қауіпсіздік қауіпсіздіктің әлемдік және

аймақтық жүйелерінде еліміздің нақты интеграциялау процестерінен, экономикалық даму тұрақтылығын қамтамасыз ету, ішкі саяси процестер тұрақтылығын сақтау, ақпараттық салалардағы қатерлерге қарсы тұру және т.б. байланысты. Өңірлік және еліміздегі қауіпсіздік жүйесінің тұрақтылығы тұтастай алғанда көптеген факторларға байланысты.

Мұның барлығы 1999-2005жж. кезеңіндегі Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздік Стратегиясында көрініс тапқан. Бұл құжатта болуы мүмкін қатерлер талданған және олардың барынша маңызды алты сала – сыртқы, әскери, экономикалық, әлеуметтік-саяси, экологиялық және ақпараттық қауіпсіздік бойынша алдын алу шаралары қарастырылған. Еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне мұндай тұтас кешенді түрде келу осы саладағы мемлекеттік органдардың қызметіне жүйелі және бірізді сипат беруге мүмкіндік береді. Ұлттық қауіпсіздік Стратегиясын қабылдау ХХ ғасырдың 90-жылдары аяғындағы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда жаңа кезеңнің нүктесін қабылдау болып табылады. Қазіргі күні қойылған басымдықтардың дұрыстығы туралы сенімді түрде айтуға болады.

Бұл бағытта келесі қадам 2000 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Әскери Доктринасын әзірлеу мен қабылдау болып табылады. Қазақстанның алғашқы Әскери Доктринасы, негізінен, 1993 жылы қабылданды. Сол жағдайлар кезінде егеменді мемлекетті қалыптастыру кезеңінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қалыптастыруға бағытталған. Басқа заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілермен қатар Қарулы Күштерді құруда және еліміздің әскери-саяси қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзінің оң үлесін қосты. Еліміздің ұлттық қауіпсіздік жүйесін әрі қарай дамыту және жетілдіру үшін жаңа әскери доктринаны құру қажет. Оның басты міндеттері мыналар:

1. Соңғы жылдары әлемде болған әскери әрекеттердің әдістері мен сипатындағы, құралдарындағы ұтқыр өзгерістерді талдау. Қазақстанға тек әлемдік өзгерістерді талдау ғана емес және соған бейімделу қажет.

2. Геосаяси сипаттағы жаһандық өзгерістер есебі. Бұл, ең бірінші кезекте, әлем бойынша жергілікті дау-дамайлардың өскенін байқатады. Кейбір қарулы жанжалдар біздің шекарамыздан тікелей жақын жерде орын алуы ерекше қауіп төндіреді. Әлемде, Қазақстан шекарасына жақын жерлерде жаппай қыратын қару-жарақтардың таратылуы бойынша әлемдік қауымдастықтың күшіне қарамастан, әрекет етудің алыс радиусын жеткізу құралдарын меңгерген жаңа ядролық мемлекеттер пайда болды. Мұның барлығын жаңа Әскери доктринада ескеру қажет және еліміздің қолданыстағы күштерінің әрекет етулерінің анық тактикасын әзірлеу қажет.

3. Мемлекеттердің әскер ұйымдарының жаңа нарықтық жағдайларға бейімделуі аталған құрылымдағы өзгерістерге де әсер етті.

Көрсетілген жайлар 1999-2005жж. Әскери Доктринасын әзірлеу кезінде ескерілуі керек. Бұл ретте шетел мемлекеттерінің әскери құрылысындағы тәжірибесі жан-жақты талқыланып, әрі пайдаланылды. Әскери доктринада нақты әскери қатерлер сипаты бар Қарулы Күштерді дамыту әскери өнердегі негізгі үрдістерге және мемлекеттік экономикалық мүмкіндіктердің қажеттілігіне байланысты. 2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы ірі

масштабты, командалық-штабтық және әскери жаттығулар өткізді, онда басқа күштік ведомстволармен бірге заңсыз әскери құрамдармен күрес мәселелері айқындалды. Соңғы кезде басқа елдермен бірлескен әскери жаттығулар жүргізіледі.

2001 ж. бастап еліміздің қорғанысы үшін бөлінетін бюджет қаражаты маңызды түрде ұлғайды. Бұл Әскери доктринаны іске асыруға, қазақстандық әскердің әскери әлеуетін маңызды түрде нығайтуға бағытталған қажетті түрлендірулерді жүргізуге мүмкіндік береді. Қазіргі күні елімізді техникалық жарақтандыру әлемдік аналогқа жол берілмейді, бірқатар аспектілер бойынша көршілес мемлекеттерді басып озады.

Экстремизм және терроризмнің алдын алу бойынша бірыңғай мемлекеттік саясаттың жүргізілуі Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы Ведомстволық комиссиясы шеңберінде үйлестіріледі. Елімізде, тұтастай алғанда, осы қауіп-қатерлерге қарсы тұруға бағытталған шаралар кешені іске асырылған. Бұл кешенді төрт тармаққа шартты түрде бөлуге болады.

**Бірінші.** Қазақстан Республикасы халықаралық деңгейде экстремизм және терроризммен күресте басқа мемлекеттермен бірге күштерді біріктіруге бағытталған алғашқы қадамдар жасады. Әрине, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ТМД қатысушы мемлекеттердің Терроризмге қарсы орталығы құрылды. Достастық елдерінің қауіпсіздік органдары және арнайы қызмет басшыларының кеңесі, Ішкі істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлері кеңесінің бірқатар мәжілістері өтті, онда терроризм және экстремизммен күрес жөніндегі проблемалар қарастырылды. 2000 жылы сәуірде Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы арасында «Терроризм, саяси және діни экстремизммен, трансұлттық ұйымдасқан қылмыспен және Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне төнген басқа қатерлермен күрес бойынша бірлескен әрекеттер туралы» келісім-шартқа қол қойылды. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шартты (ҰҚК) жетілдіру, оны қауіпсіздік саласында көп жақты ынтымақтастықтағы әрекет ету механизміне айналдыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Аймақ қауіпсіздігіне төнетін қатерлермен күресте «Шанхай форумы» әлеуетін пайдалану бойынша жұмыстар жалғасуда. Аймақтағы халықаралық терроризм және экстремизммен бірлесе күрес жүргізуге бес мемлекеттің бірлесуінің үлкен саяси маңызы бар, бұл туралы 2000ж. жазда Душанбе қаласында өткен мемлекет басшыларының кездесуі барысында талқыланып ортақ шешімдер қабылданды. 2000ж. тамызда Бішкек қаласында Орталық Азия елдерінің басшылары кездесуінде Қазақстан Өзбекстан мен Қырғызстанның халықаралық терроризмге бірлесе соққы беруді ұйымдастыру бойынша бірқатар бастамаларын қолдады. 90-жылдардың соңы мен 2000жж. басындағы қабылданған базалық келісімдер осы күнге дейін табысты жұмыс істеуде. Осыған байланысты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қосқан үлесі зор.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының алыс шетел мемлекеттермен халықаралық терроризм және экстремизм саласындағы күресте

халықаралық ынтымақтастығы елеулі түрде нығайды. 2008-2009 жж. қазақстандық мамандар Ұлыбритания, Египет, Израил, Испания, АҚШ және Франция елдеріндегі осы саладағы тәжірибе алмасып оқып қайтты.

**Екінші.** Мемлекеттік шекараны жедел қорғау бойынша іс-шаралар іске асырылды. Мысалы, оңтүстік жақ шекараға ҰҚК Шекара қызметінің қосымша бөлімдері мен бөлімшелері жайғасқан, ондаған жаңа бақылау-өткізу пункттері, сондай-ақ қосымша блок бекеттер ашылды. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында 30 жаңа кеден пункттері ашылды. Қазақстанның мемлекеттік шекарасын қорғау үшін оңтүстік бөлікте Оңтүстік әскери округі құрылды. Әскери бөлімшелерді байланыстың және әскери жабдықтардың қазіргі заманғы түрлерімен, радиотехникалық барлаудың жаңаша аппаратурамен жабдықтау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

**Үшінші.** Құқық қорғау органдарының жедел-іздеу қызметі, сондай-ақ терроризм және экстремизммен күрес бойынша мемлекеттік органдар жұмысы күшейтілді. Осы мақсатта оңтүстік облыстағы ҰҚК аумақтық органдары нығайтылды. ІІМ-де терроризмге қарсы арнайы бөлімшелер жасақталды, шекара маңындағы аудандарда көші-қон және жол полициялары нығайтылды. Құқық қорғау органдарымен өнеркәсіптік кәсіпорындардың, тіршілік әрекетіндегі объектілердің, көліктік коммуникациялардың, аэропорттардың, әуе кемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілді. Барлық сауықтыру кешендері, пансионаттар және демалыс орындары есепке және бақылауға алынды. Құқық қорғау органдары заңсыз түрде сақталған атыс қару-жарағын анықтау және алу, оның заңсыз айналымын болдыртпау бойынша операциялар жүргізеді. 2008 ж. мемлекет халықтың атыс қаруларын тапсыруға амнистия жариялады, ол осы бағыттағы оң нәтижелерін берді.

Соңғы жылдары Қазақстан қалаларында әрекет еткен экстремистік бағыттағы бірнеше заңсыз діни ұйымдар анықталды және құрықталды. Кейбір діни бірлестіктердің қызметі заңды түрде тоқтатылды. Сол кезде мемлекеттің және діни бірлестіктердің конструкциялық өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету мақсатында Республика Үкіметі жанындағы ақыл-кеңес беру органы ретіндегі діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес құрылды. Өңірлерде, Алматы және Астана қалаларында, облыс әкімдері жанында осыған ұқсас органдар құрылды.

**Төртінші.** Төлқұжаттық және визалық бақылау, сондай-ақ халықаралық қатынас көліктерінің барлық түрлерін бақылау бойынша шаралар қабылданды. Демек, 1999 ж. қарашада ҚР Үкіметі Қазақстан Республикасы аумағына кіру-шығу тәртібін реттеу туралы қаулы қабылдады, онда Қазақстан аумағына шетел азаматтарының келуін ІІМ тарапынан бақылауды жүзеге асыруды қарастырады. Заңсыз көші-қон арнасын және есірткі тауарлары контрабандасын шектеу мақсатында Қазақстан азаматтарын «қатерлі топтағы» елдерге оқу визасын рәсімдеу уақытша тоқтатылды. Бір уақытта еліміздегі оқу орындарының оқушылары, студенттері және оқытушыларымен халықаралық алмасуды реттеу бойынша шаралар қабылданды. Заңсыз көші-қон арнасын қию бойынша бірнеше туристік фирмаларға тексеру жүргізілді. Бұдан басқа, теңіз, теміржол, автомобиль көліктерінде төлқұжаттық-визалық бақылау

нығайтылды, жеке бағыттағы Чартерлік рейстерге шектеу қойылды. 2000 ж. басында Қазақстан Үкіметі тарапынан мәжбүрлі акция түрінде болды.

Қазақстанның «Қазақстан – 2030» даму Стратегиясын қабылдағанына 12 жыл өтті. Жоғарыда айтып өткендей, оның алғашқы басымдығы ұлттық қауіпсіздік болып табылады. Ел Президенті белгілеген бес міндеттің көбісі өмірде жүзеге асырылды. Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттермен ғана емес, сонымен бірге алыс шетел мемлекеттерімен тату көршілік қатынастар жолға қойылған. Мемлекеттік шекараны жарактандыру және қорғау мәселелері тиісті деңгейде шешімін тапқан. Қазір ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет бірізділікті сипатта өтуде деп айтуға болады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет негізінде жүйелі тәсіл жүктелген. Ол қоғамның барлық тіршілік әрекетінің маңызды салаларындағы ахуалды нақты бағалауды және барынша қауіпті қатерлерді анықтау және оларды жоюды қарастырады. Бұл жас тәуелсіз мемлекет ретінде өзінің даму тарихында жауапты орында тұрған Қазақстан үшін тым маңызды. Бүгінгі күні атқарылған жұмыстардың барлығы біздің он жыл бұрын дамуымызды анықтайды. Сондықтан біз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өз қадамымызды берік және көрегенділікпен алдыға қарай басатын боламыз, біздің еліміздің болашағына қатысты шараларды прагматикалық және тиімді түрде іске асыратын боламыз.

Сыртқы жағдайды талдау, оның өңірлерде дамуын болжау, Қазақстанға қарсы жоғары қарқындылықтағы жанжалдарды орташа мерзімді перспективада ықтималдығы аз, бірақ Қазақстан Республикасы кез келген күтпеген соққылар мен катаклизмге дайын болулары тиіс және қырағылықты әлсіретіп алмау керек. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» Стратегиясында «қауіпсіздік және тұтастық мәселесі бойынша, біз әрдайым қырағы болуымыз керек. Біздің қонақжайлығымыз бен жылы шырайлығымыз сақтала береді, бірақ ақкөңілдік пен көнгіштік синонимі бола алмайды» деді.

Осылайша, біздің мемлекетіміздің шекарасын қорғауға міндетті органдардың қызметін бағалай отырып, көбінесе ұлттық қауіпсіздікті тұтастай, олардың дайындығының жоғары дәрежеде екенін сенімді айта аламыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Арын Р. З. Национальные интересы и национальная безопасность Казахстана // Евразийское Сообщество. 1998. № 2.
2. Ахметғалиев. Б. 10 лет: Казахстан и интеграция. Алматы, 2001.
3. Бакаев Л. Национальная безопасность Казахстана. Астана, 2000.
4. Бжезинский З. Великая шахматная доска. М.: Международные отношения, 1999.
5. Гаджиев К.С. Введение в геополитику. М.: Логос, 1998.
6. Назарбаев Н.А. Казахстан - 2030. Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы: Білім, 1997.
7. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. Алматы: Өнер, 1996.
8. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. Алматы: Атамұра, 2003.



**Қазақстан халықаралық  
және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде.  
Ұжымдық қауіпсіздік туралы  
келісім-шарт ұйымы (ҰҚКҰ)  
және Азиядағы өзара ықпалдастық және  
сенім шаралары жөніндегі кеңесі (АӨСШК)**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.  
Нұрман Б.Ғ.*

Орталық Азия өңіріне бүгінгі күні жақын және одан географиялық жағынан алшақ орналасқан геосаяси ойыншылар қызығушылық танытуда. Маңызды ресурстық әлеуетке, діни идеяларды қозғау, ұлттық басымдылықтар және оның әр түрлі аспектілеріндегі қауіпсіздік, саяси әсерлерге негізгі басымдықтар берілген. Сондықтан Қазақстан және Орта Азияның басқа елдерінің ұлттық қауіпсіздігі халықаралық құрылымдармен ынтымақтастық деңгейіне және осы құрылымдардың өзара қарым-қатынастарының жай-жапсарына тікелей байланысты.

Халықаралық қатынастарды дамытудың қазіргі заманғы жаһандық үрдістерін талдау қандай да бір құрылымдағы ынтымақтастыққа басымдық беру іс жүзінде мүмкін екенін айғақтайды. Баламалы жолдардың бірі аталған жағдайда стратегиялық полярлы құрылымдар арасындағы саяси диалогты ретке келтіру, ол келешекте консенсус және ынтымақтастық тарапына қарай әкелуі мүмкін. Халықаралық қатынастарды жаһандандырудың қазіргі заманғы үрдісінде, сондай-ақ халықаралық қауіпсіздік қатерлері мен шақырулары стратегиялық қажеттілік болып табылады.

Қазіргі заманғы кезеңде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде әрбір мемлекет халықаралық қауіпсіздіктің үш жүйесіне сүйенуі мүмкін.

**Бірінші жүйе** – бұл әмбебап халықаралық қауіпсіздік жүйесі, оның басы 1945ж. БҰҰ Жарғысында қабылданған болатын, онда қазіргі заманғы және келешектегі жастарды соғыс конфликтерінен сақтап қалу тұжырымдамасы бекітілген. БҰҰ Жарғысы халықаралық дау-дамайларды бейбіт шешу, жалпы және максимум қарусыздану принциптерін таңдады.

Бұл ретте халықаралық құқықтың қалған принциптері толықтай сақталуы тиіс. БҰҰ Жарғысы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүмкіндіктерін қарастырады және әлемге қауіп төнген жағдайда немесе агрессия актілері болған да БҰҰ мүше елдердің бірлесе әрекет етуін ұйымдастыруға міндеттейді.

**Екінші жүйе** өңірлік қауіпсіздік жүйесіне сүйенеді, оны құру БҰҰ Жарғысында (VIII тарау) қарастырылған. Бұл жүйедегі негізгі талаптар мынадай:

- 1) оған мемлекет тек саяси-географиялық ауданынан ғана қатыса алады;

2) өңірлік келісімдерге байланысты іс-әрекет осы ауданның шегінен шыға алмайды;

3) бұл іс-әрекеттер БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне, БҰҰ қабылдаған шараларға қарама қайшы келмеуі тиіс.

Өңірлік ұжымдық қауіпсіздік негізін өңірлік дау-дамайларды бейбіт түрде шешу құралдары құрайды. БҰҰ Жарғысының ұжымдық өзін-өзі қорғау туралы 51-бабына сәйкес әскери шаралар тек тікелей агрессияны тойтару үшін қолданылуы мүмкін, олар БҰҰ СБ әзірше тиісті нормалар қабылдамайынша жалғаса беруі мүмкін.

**Үшінші жүйе**, ол мемлекет қауіпсіздігінің жеке жүйесі. Халықаралық құқықтың негізгі принциптерінен туындайтын өз қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мемлекеттің құқығы – мемлекеттік егемендік принципі мемлекеттің тәуелсіздігінің жарқын көрінісінің бірі болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттері өз күштерін біріктіріп аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты бірлесе, ішкі және сыртқы шақырулар мен қауіп-қатерлерге қарсы тұруға қабілетті өңірлік қауіпсіздіктің сенімді жүйесін жасау арқылы қолдауға ұмтылады. Бұл жағдайда өңірлік қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру өзекті міндет болып табылады.

Орта Азия мемлекеттеріндегі діни экстремизм және терроризмнің таралуы ұзақ мерзімді сипатта. Бұл процесс бірқатар ішкі және сыртқы себептерге байланысты. Бірінші категорияға кедейшілік пен жұмыссыздықтың өсуі, халықтың көп бөлігінде әлеуметтік-тұрмыстық қолайсыздық, билік органдары тарапынан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзудың жоғары деңгейі, халықтың елеулі бөлігіндегі сана мен мінез-құлықтың маргиналдануын жатқызуға болады. Мұның барлығы азаматтар арасында мемлекеттің ресми саясаты қатынасына наразылықтың дамуына әкеп соғады.

Сыртқы факторларға келетін болсақ, Орталық Азия өңірінің геосаяси жағдайына байланысты. Өңір елдері саяси тұрақсыздық және жанжалдар аймағының ортасында қалды. Экстремизм мен терроризмнің өңірде ұзақ мерзімді сипат алуына әсерін тигізетін факторлардың бірі есірткі бизнесі болып табылады. Қазіргі күні есірткінің заңсыз айналымы Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігіне де, тұтастай өңірдегі қауіпсіздікке де төнген негізгі қатерлердің бірі болып табылады. Орта Азия Ауғанстанмен көршілес болуына байланысты әлемдік есірткі трафигінің эпицентріне айналды. Бұған әлемдік рынокта есірткінің заңсыз саудасының даму процесі, өңірдегі есірткі өндірудің тарихи тәжірибесі, өткен ғасырдың соңындағы жаһандық геосаяси өзгерістер, Орталық Азия мемлекеттеріндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар әсерін тигізді.

Өңір қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық - Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан бергі тұрақты сыртқы саяси басымдығы. Біздің еліміздің ролі тұрақтылықты қолдауға мүмкіндік тудыруға танылған барлық өңірлік құрылымдарда – ҰҚКҰ, ШЫҰ, АӨСШК – сақтау бар және белсенді түрде жүзеге асырылуда. Қазақстанның өңірлік қауіпсіздігі мәселесінде терең прагматикалық көзқарастарға басшылық жасайды, оның мәні мынада: қазіргі заман жағдайында кейбір жеке елдердегі тұрақтылық оның

маңайына «қауіпсіздік жолағын» құру есебінен ғана қамтамасыз етілген болуы мүмкін. Сондықтан ол әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау бойынша бірлескен шараларды іске асыруға іргелес мемлекеттермен өзара әрекет жасауға мүдделі.

Өңірлерде халықаралық қауіпсіздіктің әр түрлі құрылымдарында болғанына қарамастан, соның ішінде БҰҰ, ЕҚЫҚ, НАТО, бүгінгі күні өзекті болып табылатын ҰҚКҰ, АӨСШК, яғни бұл құрылымдар халықаралық қатынастарда Орталық Азия құрылымында қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өз белсенділігімен барынша айқын көрінеді.

1992 ж. Ташкент қаласында ТМД елдерінің ұжымдық қауіпсіздігі туралы шарт жасалды. Осы құжатқа қол қойған елдер ҰҚКҰ ұйымдары деп аталатын болды. ҰҚКҰ жарғысында Ұйымдардың мақсаты бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті, тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты, мүше мемлекеттердің егемендігін қорғау болып табылады, оған жетуге басымдық саяси күштерге беріледі. Бұл ұйым басқа мемлекеттермен және халықаралық құрылымдармен ынтымақтастық үшін ашық. Мысал ретінде ҰҚКҰ-ның ЕҚЫҰ бірізді даму қатынастарын атап өтуге болады. ҰҚКҰ мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастық терроризм және есірткі трафигімен күресі, Ауғанстанмен шектесетін шекараны нығайту сияқты іс-әрекеттерді жүзеге асыру жатыр.

ҰҚКҰ пішімінде Қазақстан стратегиялық желіні жүргізеді, соған сәйкес ұйым айрықша қорғаныс бағытында болады, қауіпсіздік саласында басқа халықаралық бірлестіктермен ынтымақтастық жасауға дайын. ҰҚШҰ өзгешелігін ескере отырып, ондағы ынтымақтастықтың басым бағыттары халықаралық терроризм, экстремизм, заңсыз көші-қон, есірткінің заңсыз айналымымен күресті күшейту, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың, зардаптарының алдын алу және жою, әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы қол жеткізілгендерді әрі қарай дамыту және іс жүзінде жүзеге асыру, қазақстандық әскери кадрларды даярлау және т.б. болып табылады.

Бұл бағыттағы осы жұмыстардың нақты нәтижесі бар. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарт ұйымдарында ҰҚКҰ мүше мемлекеттердің басшыларымен ақпараттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру бойынша тиісті бағдарламаларды орындау туралы шешімдер қабылданды. 2005 жылы 23 маусымда Мәскеуде ҰҚКҰ мүше мемлекеттер үшін әскери кадрларды даярлау туралы келісім-шартқа мемлекет басшылары қол қойды. Аталған құжатта қарулы күштер, басқа әскери күштер мен әскери құрамалар үшін әскери кадрларды даярлаудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру және дамыту бойынша шаралар анықталды. 2007ж. Қазақстан Республикасының «Агрессия қатері туындаған немесе агрессия актілері жасалған жағдайда Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарт ұйымына мүше мемлекеттерге әскери-техникалық көмек көрсету механизмі туралы келісімді ратификациялау туралы» заңы қабылданды.

Халықаралық қауіпсіздік проблемаларын, Қазақстанның Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесін құру бастамасын



көтерді, ол келешекте алдын ала сақтандыру дипломатиясының өңірлік институтына айналуы тиіс. 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ҚР Президенті Н. Назарбаев алғаш рет Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) шақыру идеясын ұсынды. Бастаманың мәні азиялық өңірде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша тиімді және әмбебап құрылымын құру идеясынан тұрады.

АӨСШК құру идеясын алғашқы болып бірқатар азиялық мемлекеттер және континентте саяси климатты анықтайтын халықаралық ұйымдар (БҰҰ, ЕҰЫҰ, ЛАГ) қолдады. Бастаманы іске асыру барысында азия елдерінің ІІМ сарапшыларының кездесулері өткізілді, сол кездесу барысында өңірдегі қайшылықтар мен келіспеушіліктер өңірдегі қауіпсіздік пен ынтымақтастық проблемаларына шешуге кедергі бола алмайды деген пікірлер айтылды.

1999 жылы 14 қыркүйекте Алматыда Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңеске (АӨСШК) қатысушы елдердің сыртқы істер министрлерінің бірінші кездесуі болды. Министрлердің алдында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев сөз сөйледі. Кездесу барысында АӨСШК мүше мемлекеттердің өзара қатынастарын реттейтін принциптер Декларациясына қол қойылды. Бұл құжаттың шынайы тарихи мағынасы бар, өйткені азиялық қауіпсіздік жүйесін дамыту үшін заңды негізді қалайды. АӨСШК Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың континенттегі қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың көп жақты механизмін жасау бойынша бастаманы ұсынған сәтінен бастап қазақстандық дипломатияның ірі жетістігі болып табылады. Бұл құжатқа халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің базалық ережелері: қатысушы мемлекеттердің егемендігі мен құқықтарын қорғау; аумақтық тұтастықты сақтау; бір-бірінің ішкі жұмыстарына қол сұқпау; дау-дамайларды бейбіт жолда шешу; күш қолданудан бас тарту; қарусыздандыру және қарулы күштерді бақылау; әлеуметтік, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салада ынтымақтастық; БҰҰ принциптері және халықаралық құқықтарға сәйкес адамның негізгі құқықтарын құрметтеу.

Осылайша, азиялық қауіпсіздік жүйесінің заңды негіздері қаланды. Форумда сөз сөйлеген сыртқы саяси ведомстволардың басшылары Қазақстан Президентіне АӨСШК құру бастамасын көтергендегі оның дәйектілігіне ризашылықтарын білдіріп, осы процесті дамыту бойынша өз ұсыныстарын енгізді.

2002 жылы 4 маусымда Алматыда Н. Назарбаевтың бастамасымен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңестің бірінші саммиті өтті. Оған Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан мемлекеттерінің басшылары, Әзербайжан мен Үндістан премьер-министрлері, Иран, Египет, Палестина және Израил мемлекеттерінің уәкілетті ресми тұлғалары, сондай-ақ БҰҰ, ЕҚЫҰ, араб мемлекеттерінің Лигасы және 8 бақылаушы ел қатысты. Тарихи құжаттар – терроризмді жою және өркениет арасындағы диалогқа көмек көрсету туралы Алматы актісі және АӨСШК Декларациясы қабылданды. Алғашқы саммит табысты өткен және құрылтайшы құжат – АӨСШК Алматы актісіне қол

қойылғаннан кейінгі 10 жыл ішінде ұйым Азиядағы жанжалдар мен проблемаларды реттеудің компромисті жолын іздеу мақсатында диалог үшін форумды заң жүзінде екенін көрсете білді.

2004 жылы 22 қазанда Алматыда Сыртқы Істер министрлерінің кездесуі болып өтті. Н.Ә.Назарбаев қабылдауға дайындалған Сенім шараларының каталогын ұсынды, онда әскери-саяси, экономикалық, гуманитарлық және басқа салаларда шаралар кешені анықталды, кешен сенімді нығайту және келісе алмаушылықты жеңуде негізгі құрал болып табылады. Сондай-ақ маңызды құжат – АӨСШК рәсімінің ережелері қабылданды.

2006 жылы 17 маусымда форумның екінші саммиті болып өтті. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматыда өткен Азиядағы өзара ықпалдастық сенім шаралары жөніндегі Кеңестің екінші саммитінің (АӨСШК) жұмысына қатысты. Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде АӨСШК мүше-мемлекеттердің барлығына Қазақстан бастамаларын іске асыруда белсене қатысқанына және қолдағанына алғыс айтты, өзге дау-дамайларға ұшыраған барлық Азия елдерінің келісім процесі негізінде қауіпсіздік, тұрақтылық, бәрін қамти алатын әлем жетістіктерінің жолына түсуге шақырды. Саяси құжат екінші саммиттің Декларациясы қабылданды, сондай-ақ Кеңестің практикалық құрылымы бойынша негізін қалаушы құжат - АӨСШК Секретариаты туралы Келісімге қол қойылды. Азияның жетекші көшбасшылары 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ҚР Президенті Н. Назарбаев алғаш рет Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) шақыру идеясымен танысқан күнді - 5 қазанды АӨСШК күні деп жариялады.

Мемлекет басшылары және АӨСШК басшылығы Қазақстан Республикасының АӨСШК дамыту және диалогты нығайтуда Кеңес Төрағасы ретіндегі маңызды ролін атап өтті, ортақ мақсаттарға жету үшін осы процестерді алға жылжытудағы көрегенділігі мен табандылығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағында АӨСШК Секретариаты мекемесінің орналасуын атап өтті, ал бұл форум прогресі жолындағы негізгі кезеңі болып табылады.

Кеңес қызметі және мақсаттары өткен уақыт ішінде әлемдік қауымдастық тарапынан кең қолдауға ие болды, өңірдің осындай беделді елдері Таиланд (2004 жылы) және Корей Республикасы (2006 жылы) сияқты тең құқықты мүшелерінің енуі осыған куә. Кейбір бақылаушы елдер сондай-ақ осы процеске тең құқықты қатысу туралы мәселені байыпты қарастырады. Осылайша, диалог үшін АӨСШК форумы Азия континентінде барынша сұранысқа ие.

АӨСШК Азиядағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін көп жақты тәсілдерді өңдеу арқылы ынтымақтастықты нығайту мақсатында консенсус негізіндегі шешімдерді қабылдау, шараларды жүзеге асыру, кеңес беру, диалог үшін мемлекет аралық форум болып табылады. 2006 жылы Кеңестің бас әкімшілік органы – Қазақстан аумағында Алматы қаласында АӨСШК секретариаты құрылды. Бірақ 2010 жылға қарай Астана қаласындағы штаб-пәтердің ғимаратын салу жоспарлануда. Форумның құқықтық базасы және секретариаттың қалыптасуы АӨСШК институционалдау

процесінің негізгі кезеңі болып табылады. ҚР Үкіметі жанында АӨСШК нығайту мәселелері бойынша ведомство аралық жұмыс тобы жұмыс істейді. Оның маңызды көкейкесті міндеттерінің бірі АӨСШК сенім шараларының каталогын төрт өлшемде жүзеге асыру болып табылады. Қазақстан адам өлшемдерінің үйлестірушісі болып табылады. Осыған байланысты қазақстандық сарапшылар осы саладағы ынтымақтастық бойынша әрекет ету жоспары мен тұжырымдамасы жобаларын әзірледі. Перспективада Кеңес болашақ шақыруларға бейімделудің ең жақсы жолдарын ұжымдық іздеу алаңына айналуы мүмкін. Алдағы уақытта Форум шеңберінде Азия субконтинентінде қарусыздандыру бойынша келісімге келу жоспарлануда.

Қазіргі заманның геосаяси және геоэкономикалық бейнесі бұрынғыша күрделі және қайшылықты болып қалуда. Қазіргі әлемнің геосаяси жағдайы жаһандану жағдайында ұшқыр түрде өзгеруде. Әлемді мұндай реттеу тек бір жаһандық орталықпен қамтамасыз етілмейді. Мұндай кезде АӨСШК және ҰҚКҰ идеясы жаңа белеске көтеріледі. Н.А. Назарбаев: «Қазақстан өзінің тәуелсіздігі жылдары әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі болды, оның бастамалары іс жүзінде барлық жерде қолдау тапты және іс жүзінде жүзеге асырылды. Аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін салудың негізін қалаушы АӨСШК, ШЫҚ, ҰҚШҰ халықаралық бірлестіктердің, Қазақстанның тікелей араласуымен бастамалардың қажет екенін дәлелдеді» деп атап өтті.

Қазіргі кезде біздің еліміз халықаралық мойындаудың сапалы жаңа деңгейіне шықты. Бұған айғақ ретінде Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Об утверждении Положения о Полномочном представителе Республики Казахстан в Постоянном Совете при Организации Договора о коллективной безопасности. Указ Президента РК // Казахстанская правда. 2005. 29 октября.
2. Внешняя политика: главные приоритеты //Казахстанская правда. 2008. 9 декабря.
3. Лаумулин М. Судьба казахстанского проекта. СВМДА в новых геополитических реалиях/ ИМЭП. Алматы, 2008.



## Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) қатысуы

*Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы*  
**Тілеузабылова Қ.С.**

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) – субаймақтық халықаралық ұйым, оған 6 мемлекет енеді: Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан. ШЫҰ енетін мемлекеттердің жалпы аумағы Еуразия аумағының 61% құрайды, оның жиынтықты демографиялық әлеуеті – Жер шарындағы халықтың төртінші бөлігі, ал экономикалық әлеуеті АҚШ-тан кейін ең қуатты Қытай экономикасын құрайды. Ресми жұмыс тілдері – орыс және қытай. Штаб-пәтері – Пекинде.

ШЫҰ символикасы ұйымның елтаңбасының ортасына салынған ақ туды білдіреді. Елтаңбаның екі жағында лавр гүлтәжі, ортасында – Жер құрлығының, Жердің оңтүстік жарты шарының символикалық кескіні бейнеленген, жоғарғы және астыңғы жағында қытай және орыс тілдерінде «Шанхай ынтымақтастық ұйымы» деп жазылған.

ШЫҰ негізін салушылар «Шанхай бестігі» (Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай және Тәжікстан) деп аталады, шекара аудандарындағы әскери салада сенімді нығайту туралы Келісімге (1996) және мемлекет басшылары шекара аудандарында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы бес жақты Келісімге (1997) қол қою нәтижесінде пайда болды. Бұл мемлекеттердің жақындасуына ең бірінші кезекте Орта Азиядағы тұрақсыздықтың басты ошағы және Солтүстік коалиция мен Талибан қозғалысы әскерлері арасындағы азаматтық соғыс жүріп жатқан – Ауғанстан тарапынан шекаралас аумақтардағы қауіпсіздік қатерінің алдын алу мәжбүрледі. Осы екі келісімнің алғашқысына Шанхайда қол қойылды, сондықтан «Шанхай бестігі» терминінің пайда болуына негіз салды. Алматы (1998), Бішкек (1999), Душанбе (2000) саммиттері «Шанхай рухы» деп аталатын – өзара сенім ахуалын қалыптастыру, алғашқы өзара кеңес беру тәжірибесі арқылы консенсусқа жету механизмі, келісімде қол жеткізілген ережелерді ерікті түрде орындау келісіміне келу мүмкіндіктерін берді. Мәселелер шеңбері біртіндеп сыртқы саясат, экономика, қоршаған ортаны қорғау, су ресурстарын, мәдениетті және т.б. пайдалану салаларына дейін кеңейді. Мұның барлығы жаңадан өңірлік бірлестіктерде саммиттер және кеңестер жүйесін ресімдеу қажеттілігіне әкелді.

2001 жылы 14-15 маусымда Шанхайда алты мемлекет - Ресей, Қытай, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан басшыларының кездесуі болып өтті, онда ШЫҰ құру туралы пікірлер айтылды. Саммитте қабылданған

Декларацияда негізгі мақсаттар ретінде Орта Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қолдау және қамтамасыз ету, сондай-ақ саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, білім, энергетикалық, көлік, экологиялық және басқа салаларда ынтымақтастықты дамыту қабылданды. Маңызды тағы да бір құжат – халықаралық деңгейде алғашқы рет терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы Конвенция қабылданды. Оған қол қою Орта Азияға жақын шекараларда тұратын ұйғыр және түркі тілдес мұсылмандардың сепаратистік ұйымдарының пайда болуы себепті Қытайдың алаңдаушылығына байланысты болды. Орта Азиядағы барлық мемлекеттердің ішінен ең көп халқы бар және өңірде ислам халифатын қалпына келтіруде радикалды күйдегі жақтастары тарапынан сепаратизмнің пайда болуынан ең үлкен дәрежеде зақымданған Өзбекстан осы құжатқа барынша мүдделі болды.

2001 жылы Конвенция негізінде терроризм, сепаратизм, экстремизммен және есірткі мен қару-жарақтың заңсыз айналымымен, сондай-ақ заңсыз көші-қонмен күресте өзара әрекеттесуді жақсарту мақсатында 2002 жылы ШЫҰ тұрақты қолданыстағы орган мәртебесін алған Аймақтық терроризмге қарсы құрылым (АЛҚК) құрылды. Оның функциясына ШЫҰ құқық қорғау органдары және арнайы қызметтердің іс-әрекеттерін үйлестіру жатады.

2002 жылы маусымда Санкт-Петербургте ШЫҰ мүше мемлекеттердің басшыларының екінші кездесуі болып өтті, онда үш құжат – Шанхай ынтымақтастығы ұйымының Хартиясы, Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы ШЫҰ мүше мемлекеттер арасындағы келісім және ШЫҰ мүше мемлекеттердің басшыларының Декларациясы қабылданды. Хартияда бұрынғы жылдары айтылғандар және Декларацияда ШЫҰ даму бағыттары заңды түрде белгіленді. Бұл жарғы «алтылыққа» халықаралық ұйым мәртебесін берді және ынтымақтастықтың негізгі бағыттарымен қатар, ішкі құрылымын, жалпы курсты қалыптастыру механизмін, басқа елдермен және ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасауды анықтайтын базалық құжат болып табылады.

2003 жылы мамырда Мәскеуде ШЫҰ тарихында жоғары деңгейде үшінші түйінді кездесу болып өтті. Онда ШЫҰ негізгі органдарының жұмыс тәртібін, бюджетті қалыптастыру механизмі және ШЫҰ әр түрлі бөлімшелерінің ағымдық жұмыстарымен байланысты басқа мәселелерді анықтайтын құжаттарға қол қойылды. Ұйымның елтаңбасы мен туы қабылданды. ШЫҰ бірінші атқарушы хатшысы ҚХР Ресейдегі елшісі Чжан Дэгуан тағайындалды.

Хартия мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін ШЫҰ шеңберінде келесі органдар құрылтайшы болды: Мемлекет басшыларының кеңесі (МБК); Үкімет басшыларының кеңесі (ҮБК); Сыртқы істер министрлерінің кеңесі (СІМК); Министрліктер мен ведомстволар басшыларының кеңесі; Ұлттық үйлестірушілер кеңесі (ҰҮК); Аймақтық терроризмге қарсы құрылым (АЛҚК); Секретариат — Бас хатшы басқаратын тұрақты қолданыстағы әкімшілік орган (2007 ж. бастап — Қазақстан өкілі Б. К. Нұрғалиев).

Жоғарыда баяндалғандай, ШЫҰ алғашқы қызметі Орта Азияда терроризм актілерін, сондай-ақ сепаратизм және экстремизмнің жолын кесу бойынша өзара өңірлік әрекеттер саласында басталады.

2001 жылы 11 қыркүйекте Нью-Йорктегі терактіге байланысты алты мемлекеттің үкімет басшылары терроризммен тоқтаусыз күресті әлемдік қауымдастықтармен бірге күрес жүргізу туралы шешім қабылдады. 2002 жылы 23 мамырда Астанада ШЫҰ мүше мемлекеттердің арнайы қызметтері және құқық қорғау ведомстволар басшыларының кезекті мәжілісі өтті, онда «Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Келісім жобасы туралы шешімге» қол қойылды. Сондай-ақ соның негізінде ең қысқа мерзімде терроризмге қарсы құрылым жұмыс істеу үшін басқа тиісті құжаттарды әзірлеуді жеделдету ұсынылды. Сол жылдың 7 маусымында Санкт-Петербуркте Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының кездесуінде Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы Келісімге қол қойылды. 2006 жылы 21 сәуірде ШЫҰ әлемдегі терроризмнің қаржылық тірегі ретінде халықаралық есірткі мафиясымен күрес жоспары анықталды. 2007 жылы 1 қарашада ШЫҰ бас хатшысы Болат Нұрғалиев ұйымға мүше мемлекеттерді ауған бағытындағы есірткі экспансиясымен күреске баса назар аударып, есірткі құралдарының заңсыз айналымымен күресте ынтымақтастыққа шақырды.

Ұйымға мүше мемлекеттермен бірге құрылғаннан бері бірнеше бірлескен террористік жаттығулар өткізілді. Жаттығулардың біріншісі 2003 жылы тамызда болды. Жаттығулардың алғашқы легі Қазақстанда, екіншісі – Қытайда өткізілді.

ШЫҰ бастапқыда көршілес мемлекеттердің шекараларын бірлесе қорғау мақсатында құрылған болса да, оның қызметі бірден экономикалық бағытты таңдап алды. ШЫҰ жұмысы басталғанынан бірнеше айдан кейін Алматыда алғашқы кездесуде Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшылары аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастықты, ШЫҰ дамыту және т.б. проблемаларды талқылады, аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен бағыттары, сауда және инвестиция саласында қолайлы жағдайлар жасау туралы Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Меморандумға қол қойылды.

2002 жылы мамырда Шанхайда ШЫҰ мүше мемлекеттердің экономика және сауда министрлерінің алғашқы кездесуі өтті. Тараптар экономика және сауда министрлерінің алғашқы кездесуін өткізу және сауда мен инвестиция саласында қолайлы жағдайлар жасау механизмдерін ресми түрде іске қосты. Кеңестің қорытындысы бойынша аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен бағыттары, сауда мен инвестиция саласында қолайлы жағдайлар жасау бойынша процестерді іске қосу, сыртқы экономикалық және сыртқы сауда қызметіне жауап беретін Сыртқы істер министрлерінің алғашқы кездесуінің қорытындысы бойынша бірлескен өтініш туралы Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы Меморандум хаттамасына қол қойылды.

2003 жылы 23 қыркүйекте Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттердің үкімет басшылары 20 жылға арналған Көп жақты сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына қол қойды. Осы бағдарламаға

сәйкес ұзақ мерзімді мақсаттар ретінде ШЫҰ еркін сауда аймағын жасау, ал ең қысқа мерзімде - өңірдегі тауар айналымын ұлғайту қарастырылды. Ынтымақтастық энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, телекоммуникация, қоршаған ортаны қорғау және т.б. салаларды қамтуы тиіс. 2004 жылы 23 қыркүйекте ынтымақтастықты дамыту бойынша әрекет ету жоспарына қол қойылды.

2005 жылы 26 қазанда ШЫҰ Мәскеу саммитінде Ұйымның Бас хатшысы Чжан Дэгуан ШЫҰ бірлескен энергетикалық жобаларға, әсіресе мұнай-газ секторын дамыту, көмірсутегі қорларын барлау, су ресурстарын бірлесе пайдалануға басты назар аудару керек деп мәлімдеді. Осы саммитте сондай-ақ келесі жобаларды қаржыландыру мақсатында ШЫҰ банк аралық бірлестіктерін құру туралы келісімге келді. 2006 жылы 21-22 ақпанда Пекинде ШЫҰ алғашқы кездесуі өтті. 2007 жылы шілдеде Астанада ШЫҰ саммитінде Президент Н.Ә. Назарбаев «түрлі-түсті» революциялар бойынша өз пікірлерін білдірді. Ол: «Егер «түрлі-түсті» революцияларды байқап отырсақ, біз билікке келгендердің экономиканы қайта бөлуге, қайта жекешелендіруге және өзін қамтуға тырысатынын байқаймыз. Егер осылай жалғаса беретін болса, халықтың әлауқаты, оның жағдайы туралы қамқорлық болашақта та болмайды» -деп атап көрсетті.

2008 жылы Н.Ә. Назарбаев ШЫҰ Атқарушы хатшысына хат жіберді, ол хатта Қазақстанның Шанхай ынтымақтастығы ұйымына үлкен маңыз беретіні атап өтілген. ҚР Президенті беделді халықаралық ұйым ретінде ШЫҰ жылдам қалыптасуы Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытындағы басым стратегиялық бағыты болып табылады. Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше барлық мемлекеттердің белсенді құрушы жұмысы аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, көп жақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуда салмақты фактор болуы тиіс.

Қазақстан Президенті ШЫҰ басты перспективалы міндеттерінің бірі БҰҰ арнайы комитеттерімен, басқа аймақтық және субаймақтық ұйымдармен іскерлік байланыстарын кеңейтулері тиіс. Шанхай ынтымақтастығы ұйымы БҰҰ Контртеррорлық Комитетінің мәжілісінде ұсынылған, АСЕАН және ЕҚЫҰ байланыс жасайды, ал бұл аймақтық ынтымақтастықтың жаңа жүйесін қалыптастыру және теңдік пен өзара мүдделілік негізінде аймақтарда мемлекеттердің тығыз әрекет жасауларын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

2007 жылы қазанда Мәскеуде Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер кеңесінің мәжілісі өтті. Онда Қазақстанның экс-премьер-министрі Даниал Ахметов 2007 жылы жазда Астанада өткен саммитте жасалған келісімдерді табысты орындау үстінде екенін атап өтті. Оны табысты іске асырудың кепілі тұрақты экономикалық өсім және мемлекет аралық аймақтық ынтымақтастық болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы «ШЫҰ аймақтағы тұрақтылықты, экономика және сауда салаларында маңызды қадамдарды орындауды қамтамасыз етеді - деп атап көрсетті. Біз ұзақ мерзімді бағдарламаны жоғары бағалаймыз. Сол кезде оны қабылдаған уақыттан бастап оның алға жылжуы байқалмайды. Аталған министрліктер мен

ведомстволардың әлеуеті толықтай пайдаланылмайды». Кездесу барысында әр түрлі деңгейдегі ұйым шеңберінде көлік, көлік тасымалы, халықаралық көлік коридорын құру салаларында ынтымақтастық мәселелері бірнеше рет талқыланды. Алайда нақты құжаттар толықтай әлі іске асырылған жоқ. Сондықтан, Қазақстанның Премьер-министрі Ташкенттегі ШЫҰ мүше мемлекеттердің көлік министрлерінің кездесуінде бірыңғай ортақ шешімге келу қажет деді. Қазақстан Үкіметінің басшысы сондай-ақ ШЫҰ дамыту қорын және банк аралық бірлестіктерді құру мәселелеріне тоқталды, арнайы жұмыс топтары мен сарапшылардың жұмыс нәтижелерін талқылау қажеттілігін атап өтті.

2009 ж. 15-16 маусымда Екатеринбургте (Ресей) Шанхай ынтымақтастығы ұйымының кезекті саммитінде Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев радикалды жанару деп аталатын жоспарды іске асыру үшін ЕурАзЭҚ, ШЫҰ және Еуроодақтарының бірігуін ұсынды. Қазақстанның сыртқы саясаты осындай одақ құруға деген талпынысты қолдайды. Келесі жылдан бастап республика ЕҚЫҰ төрағалық етеді. ҚР Президенті халықаралық ұйымдар шеңберінде өз саясатының негізгі басымдықтарын атап өтті: ең бірінші, Қазақстан Еуразия арқылы көлік коридорының жобасын іске асыруға ұмтылады, ал екіншіден, ЕҚЫҰ төрағасы ретінде Қазақстан НАТО және ШЫҰ, ЕҚЫҰ және АӨСШК араларындағы қауіпсіздік саласында диалогты орнына келтіруге мүдделі. Бұдан басқа Қазақстан Президенті валюталы-қаржылық бірлестіктердің мәселелерін талқылауды ұсынды. «Қазір ЕурАзЭҚ елдерінде ШЫҰ сияқты гендік ақаулы әлемдік валютаның біздің еліміздің экономикасына дағдарысты жүктемесін барынша азайту үшін барлық негіздер бар - деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев. – Біз валюталы-қаржылық интеграциялық бірігуді құруға іс жүзінде кірісуіміз керек. Оның ішіне өзінің меншікті бірыңғай мемлекет аралық ұлттық ақшасыз есеп айырысудың тұрақты есептік төлем бірлігі енгізілуі мүмкін».

Н.Ә. Назарбаев «Постиндустриалды қоғамды қалыптастыру стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» атты соңғы кітаптарының бірінде ШЫҰ қызметін және ондағы Қазақстанның ролін талдайды. Президент халықаралық қауіпсіздікті, терроризммен, сепаратизм және экстремизммен күресті қамтамасыз етудегі ұйымның маңызын ерекше атап көрсетеді, сондай-ақ өндірістік циклі бар ұлтаралық кластер құру және тұтас аймақтық-көліктік жүйе құрудың жаңа мүмкіндіктерін көрсетеді. Қазақстанның көшбасшысы ШЫҰ ислам, христиан және конфуциялық өркениетті өзара байытуға мүмкіндік беретініне сенімді.

Осылайша, Қазақстанның Шанхай ынтымақтастығы ұйымына қатысуы қазіргі кезде неғұрлым жемісті түрде іске асуда. ШЫҰ біздің еліміздің сыртқы саясатында маңызды орын алды. Бұл Қазақстан басшылығы қазіргі кезде Қазақстанның әлемдік аренада маңызды ролін сезініп, Еуропа мен Азия арасындағы және энергетика саласында да, геосаясатында да өзгеше көпір болып табылатындығына байланысты.

Қазақстан өзара сенім, өзара пайда, теңдік, өзара кеңестер, көп түрлі мәдениетті құрметтеу, бірлесе дамуға ұмтылу сияқты «Шанхай рухы» принциптеріне негізделген Еуразия кеңістігін бейбітшілік, тұрақтылық және



жайлылық аймағына айналдыру перспективалары, жана үндеулер ретінде сәйкес келетін немесе жақын түсінісе алуға негізделген аймақтық интеграцияның бірізділікті жақтастарының бірі болып табылады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы, 1999.
2. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. Алматы, 2003.
3. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. Алматы, 1996.
4. Назарбаев Н.А. Идейная консолидация общества как условие прогресса Казахстана. Алматы, 1993.
5. Назарбаев Н. А. Казахстан – 2030. Послание Президента страны народу Казахстана. 1997.
6. Далаева Т.Т. Из истории международных связей Казахстана // История Казахстана в школе и в вузах. Астана, 2002. № 4.
7. Арыстанбекова А. Десять лет в ООН // Международная жизнь. 2002. № 5.
8. Сарсекеев М. Национальные интересы и внешняя политика Казахстана // Евразийское сообщество. Алматы, 2002. № 1.
9. Шаймаков Г. Внешнеполитическая деятельность Республики Казахстан в международных организациях. Алматы, 2002.
10. Токаев К. Казахстанско-российские отношения в контексте внешнеполитического курса Казахстана // Казахстанско-российские отношения в 1991-1995 гг. Алматы-Москва, 1996.
11. Токаев К. Под стягом независимости: очерки о внешней политике Казахстана. Алматы, 1997.
12. Внешняя политика Казахстана: Сборник статей. Алматы, 1995.
13. Актуальные проблемы внешней политики Казахстана. М., 1998.

## Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен ролі

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Тілеуғабылова Қ.С.*

Халықаралық қатынастар факторы және тең құқықты субъект болып қалыптасқан тәуелсіз жас Қазақстан Республикасы үшін сыртқы саясатты жүргізуі өте маңызды, халықаралық жүйелерді қоршаған үндеулерге дер кезінде еліміздің ұлттық мүдделерін алдыға тартып сенімді түрде жауап бере алады. Қазіргі кезде де «Саясат реалистік тұрғыда болуы тиіс» деген принцип өзекті болып отыр. Сыртқы саясатты жүргізу қоршаған ортаның заңдылықтарын білуді, әлемдік дамудағы және халықаралық қатынастардағы үрдістерді білуді талап етеді. Халықаралық ортаның перипетиясын ескеретін сыртқы саяси курс бірінші қажеттілікте біздің мемлекетімізді «турбулентті халықаралық қатынастардың» кез келген жағдайына бейімдей алуы мүмкін.

Мемлекет егемендікті жариялағаннан кейін ел басшылығы алдында, бәрінен бұрын, халықаралық аренадағы жаңа мемлекетті БҰҰ және басқа әмбебап халықаралық ұйымдар қатарына енуі арқылы конструкциялау міндеті, сондай-ақ Орталық Азияда үлкен Қытаймен шекаралас өңір ретінде және экономикалық, саяси және мәдени жағынан тығыз байланысты Ресеймен көршілес күрделі өңірде геосаяси және экономикалық реалия есебінен және мазасыз ислам әлемінің бірі бөлігі болып табылатын Қазақстанның халықаралық қатынастары жүйесіндегі орнын анықтау міндеті тұрды. Бұдан басқа, бұрынғы Қазақ КСР аумағында болған кеңестік ядролық потенциал сияқты күрделі проблеманың шешімін табу қажет болды.

Республиканың геосаяси жағдайы, экономикалық және әскери-саяси мүдделері өзара қауіпсіздікті, егемендікті және аумақтық тұтастықты құрметтеу принциптеріне негізделген шекаралас елдерде тату көршіліктің өзара қатынастарын құруға мүдделі мемлекет ретінде Қазақстанның халықаралық қатынастары жүйесіндегі орнын анықтады.

Қазақстанның тәуелсіздіктің алғашқы таңында пайда болған көп векторлы сыртқы саясаты егемендік пен мемлекеттілікті нығайтуға, елімізді халықаралық қатынастары және әлемдік шаруашылықты байланыстарға шығуына алғышарт бола білді. Қазіргі күні ол республикамызға әлемдік қауымдастықтар қолдауы мен мадақтауында көрінетін дивидендтер әкелуде.

Қазақстан соңғы жылдары оның сыртқы саясатында болып жатқан өзгерістерге, әсіресе 2006 жылдың аяғы мен 2007 жылдың басында айқын көрінген өзгерістерімен өзіне назар аудартуда. Сыртқы саяси курстың «көп векторлығы» осыдан ондаған жылдар бұрын ресми жарияланған мәлімдемелерін Орталық Азия өңірінде және жаңа дербес субъект -

посткеңестік кеңістіктің барлығында пайда болған құбылыстарды растайтын тәуелсіз және балансталған саясатты шебер жүргізетін нақты мазмұнмен толықтырылды.

Қазақстан өзінің тәуелсіз мемлекет ретіндегі жылдары ішінде халықаралық қатынастар жүйесіне берік енді, меншікті сыртқы саясатты өңдеді, сыртқы саяси доктринаны тұжырымдады. Елбасымыз 1990-жылдардың алғашқы жартысында «Еуразиялық көпір» тұжырымдамасын ұсынды, Қазақстанның Еуропаға да Азияға да географиялық, мәдени, тарихи және өркениетті құрамына енуді белгіледі. Әрі қарай, 1990-жылдардың екінші жартысында бұл тұжырымдама Орталық Азия, ТМД, Еуропа, Азия-Тынық мұхиты өңірлерін, мұсылман әлемін және индустриалды державаларды қоса алғанда республика үшін барынша маңызды барлық бағыттарда сыртқы саясатты жүргізуде өз мақсатын қоя білген «көп векторлы дипломатия» доктринасында тұжырымдалды.

Бұл күні Қазақстан үшін түйінді аспект өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Республикамыз осы саладағы өз қызметін тек екі жақты емес, сонымен бірге көп жақты деңгейде де - ШЫҰ, БҰҰ, ЕҚЫҰ және НАТО сияқты ұйымдар шеңберінде жүргізеді.

Қазақстан үшін аймақтық халықаралық жүйе бірнеше өңірлік бағыныңқы жүйелерді біріктіруді білдіреді. Бұл жағдайда Орталық Азия өңірі субөңірлік жүйе ретінде енеді. Қазақстанның посткеңестік (еуразиялық) аймақтық кеңістікке қатыстылығы басты маңызы бар. Сондай-ақ еліміз біртіндеп азиялық макроөңірлік жүйеге кірігеді. Қазақстан Республикасының өркениетті параметрлері бойынша түркілік мезоөңірге және ислам макроөңірге жатады. Республиканың өңірлік саясатын іске асыру кезінде осы кластерлік ескерілуі тиіс, Қазақстанның қатысуымен интеграциялық процестердің алдыға қарай жылжуы мүддесінде тең бағыттары арасында басымдылықтарды тура анықтау керек.

Өңірлік Қазақстан сияқты жаңа субъектілерге халықаралық қатынастар береді, әлемдік процестер елеусіз қалмайды, халықаралық жаңалықтардың қалың ортасына қарай тартылу керек. Қазақстан мұнай-газ ресурстары үшін әлемдік геэкономикалық бәсекелестік объектісіне айналған Каспий маңындағы геэкономикалық өңірде орталық орынды алады. ТМД және ОАР шеңберінде нақты экономикалық интеграция қатысушы мемлекеттерге ресурстар үшін геэкономикалық соғыс құрбаны болмаудың, әлемдік экономикаға өз «шикізат салымдары» үшін дивидендтер және әлемдік табыстан өз үлесін алу мүмкіндігін береді.

Біздің республикамыздың халықаралық байланыстарының географиясы барлық континенттерді қамтиды. Қазақстанда Ресеймен берік және сенімді қатынастар орнады, ал бұл ҚР және РФ Президенттерінің жеке қатынастарына мүмкіндік береді. Ресей посткеңестік кеңістіктегі (ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ) және екі жақты қатынастарда ынтымақтастық құрылымдарындағы Қазақстанның жалғыз әріптесі. Қазақстан және Ресей халықаралық аренада бірге мәлімдеме жасайды, ең күрделі мәселелерді бірге шеше алатынын іс жүзінде көрсетуде. Қазақстан және Ресей күшімен «Каспий проблемасының» шешімін табуға мүмкіндік

берді. Қазақстан Ресеймен отын-энергетикалық кешенде, ғарышта, әскери-техникалық салада, ғылымда, жоғары технологиялар салаларында ынтымақтастық жасайды.

Қазақстан Еуропа және АҚШ-пен тұрақты және жан-жақты қатынастар жасайды. Қазақстан – батыс экономикалық және саяси салаларда тең дәрежедегі әріптес ретінде қабылдайтын Орталық Азиядағы жалғыз мемлекет. Республикада шетел инвесторларының жұмыстары сенімді жағдайлармен қамтамасыз етілген, халықаралық ұйымдармен, ең бірінші кезекте БҰҰ, ЕҚЫҰ-мен жан-жақты қатынастар қалыптасқан. Қазақстан Қытаймен қалыпты қатынастар орнатты. Мемлекеттер арасында шекаралық мәселелер шешімін тапқан, экономикалық байланыстар қалыпты дамуда. Бұдан басқа, Қазақстан мен Қытай - өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі серіктестер. Қазақстан ШЫҰ белсене қатысуда, ҚХР «үш күл» (сепаратизм, экстремизм, терроризм) қатынасындағы саясатты қолдайды. Қазақстанның оңтүстік бағыттағы жағдайы көбінесе аймақта тұрақтылықты қамтамасыз етумен байланысты. Республика дәстүрлі түрде көршілес Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстанмен тату қатынасты ұстайды. Сонымен қатар, Қазақстан Ауғанстанның жаңа үкіметіне қолдау көрсетеді, Иранмен арадағы қатынастарды дамытады. Қазақстанның Орталық Азиядағы орналасу жағдайы және посткеңестік кеңістіктегі ерекше орны, саяси және экономикалық өмір тұрақтылығы, халықаралық экстремизммен күрес көбінесе Ресеймен, Батыс әлемімен, Қытаймен, Оңтүстік Еуразия елдерімен қатынастарындағы көп векторлы жүйе құрудағы табыстарына байланысты. Қазақстан өз тұрақтылығын және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы Орталық Азиядағы саяси процесте түйінді орын алатын мемлекет болып табылады және Еуразияның осы бөлігіндегі негізгі ойыншылардың мүдделерінің медиаторы болып қалады.

Осылайша, Қазақстанның халықаралық қатынастар жүйесінде орны мен роліне баға бере отырып Қазақстан Республикасының көп векторлық доктринасына негізделген сыртқы саясатын белгілеуге болады. Мемлекетімізге әлемдік қауымдастыққа жылдам енуге және әсер ететін аймақтық көшбасшыға айналуына мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстанға саясаттағы «шалғайлықты» болдырмауға және дүниежүзілік сыртқы саяси бастамалар деңгейіне көтерілуге, ірі әлемдік державалар, сондай-ақ халықаралық және өңірлік ұйымдар тараптарынан мойындауға мүмкіндік туды.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. А. Критическое десятилетие. Алматы, 2003.
2. Далаева Т. Т. Из истории международных связей Казахстана // История Казахстана в школе и в вузах. Астана, 2002. № 4.
3. Сарсекеев М. Национальные интересы и внешняя политика Казахстана // Евразийское сообщество. Алматы, 2002. № 1.
4. Шаймаков Г. Внешнеполитическая деятельность Республики Казахстан в международных организациях. Алматы, 2002.



## **Н.Ә. Назарбаевтың қарусыздандыру және ядролық қаруды таратпау бойынша бастамалары**

*А.О. Жетпісбаев,  
Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы*

Қазақстанның қарусыздандыру және жаппай жою қаруын таратпау саласындағы саясаты сыртқы саяси бағытпен анықталады, оның негізінде ядролық қарудан бас тартуға, халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, халықаралық ұйымдардың жаһандық проблемалар мен дауларды реттеудегі ролін арттыруға бейімділік жатыр.

КСРО ыдыраған соң, мамандар пайымдағандай, Қазақстан әлемдегі 4-ші ядролық арсеналдың иеленушісі болды. Бұл уақытқа қарай әлем ядролық қарудың талқандаушы күшін және оны иеленген елдердің әлемдік мәртебесін жақсы білген. Әрине, жаңа құрылған мемлекетте өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін соншалықты қуатты құралды өзінің қарамағына алуға күшті азғырушылық болуы мүмкін. Біздің Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінде шетелдік эмиссарлардан тоқтату болған жоқ, олар Қазақстанға орасан зор қаржылай сыйақымен және «ядролық қаруы бар бірінші және жалғыз мұсылман елі» ретінде беделмен дәмелендіріп, ҚР Президенті Н. Назарбаевты осы жойқын салатын қаруды сақтауға иландырды.

Қазақстанда қаруды сақтаудың қарсыластары да, жақтаушылары да болғанын атап кету керек. Бірінші кезекте, арсенал, мұнымен келіспеу мүмкін емес, ықтимал қарсыластың әлеуетті кеудемсоқтығын ұстап тұрудың тиімді құралы болар еді. Қазақстанда ядролық ракеталардың бар болуының өзі ғана кез келген басып алушының есін бірден жиғызар еді, арсенал кәдімгі қаруландыру және Қарулы күштер саны саласындағы әскери әлеует дисбалансының орнын толтырар еді – бұл дәлел де сол қиын кезең үшін қисынды. Үшіншіден, ядролық қарудың өзі Қазақстанға өңірлік астам держава мәртебесін беретіндігі туралы тезис кеңінен қолданылды. Төртіншіден, ғылыми-техникалық әлеуетті, іргелі және қолданбалы ғылымды дамыту үшін ядролық кешенді сақтаудың жоғары маңыздылығы аталды. Бесіншіден, бүтіндей қызықтырарлық идея - әлеуетті ядролық ұстап тұру үшін жеткілікті көлемдерге дейін қысқарту ұсынылды. Сонымен бірге 20-30 жыл ішінде, осы проблеманың шешімімен асықпай анықталу керек.

КСРО ыдыраған соң Қазақстанның ядросыз аймақты таңдауы төтенше күрделі жағдайларда жасалды. 1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы жарлық шығарылды. Жылдар өткен соң дәл осы

күннің Қазақстанның бастамасы бойынша Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы әрекеттер күні болып жарияланған фактісі терең символдық болды.

Қазақстанның ядролық қаруды таратпайтын болашақ саясатының негізін қалаған бірінші қадам 1991 ж. ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың № 409 Жарлығымен Семей ядролық сынақ полигонын жабу болды. Бұл әлемдік практикадағы ядролық полигонды ерікті жабудың бірінші өнеге боларлық жағдайы, жана қалыптасып келе жатқан жас мемлекет үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл әлемдік қауымдастық үшін де айрықша маңызды шешім. Семей ядролық полигонының жабылуы басқа алаңдарда да байқалды: Невададағы, Лоб-Нордағы, Жаңа Жердегі полигондардың үні өшті. Муруроа атоллдында сынақтар жүргізген Франция халықаралық қауымдастықтың қысым көрсетуімен олардан бас тартуға және барлық сынақтарды мерзімінен бұрын қысқартуға мәжбүр болды.

1991 жылы Беларусь, Қазақстан, Ресей, Украина басшылары Стратегиялық ядролық күштерге қатысты Алматы декларациясында бұрынғы КСРО ядролық арсеналының жұмыс істеуін бірлесіп бақылау, ядролық қауіпсіздіктің лайықты деңгейін қолдауда қандай да бір жаңылысуға жол бермеу механизмін анықтады және стратегиялық шабуылдық қару-жарақты қысқарту саласындағы КСРО халықаралық міндеттемелеріне бейімділікті растады.

1992 жылғы 23 мамырда Лиссабонда берілген елдердің және АҚШ өкілдері төрт мемлекеттің аумағында орналасқан Стратегиялық Ядролық Күштерге қатысты стратегиялық шабуылдық қару-жарақты (СШҚ) қысқарту және шектеу туралы Шарт ережелерін іске асыру үшін олардың жауапкершілігі сферасын нақтылаған бес жақты Хаттамаға қол қойды. Лиссабон Хаттамасында сондай-ақ Беларусьтің, Украинаның және Қазақстанның ядролық қаруды иеленбейтін елдер ретінде ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа қосылу міндеттемелері болды. Қазақстан Лиссабон хаттамасы бойынша міндеттемелерді бірінші болып орындады, оған 1992 жылғы 23 мамырда қол қойды, сонымен қатар стратегиялық шабуылдық қару-жарақты қысқарту және шектеу туралы КСРО және АҚШ арасындағы Шартты белсенділендірді.

1992 жылы Қазақстанда Қауіпті Бірлесіп Қысқарту (ҚБК) бағдарламасы іске асырыла бастады, сондай-ақ ол “Нанн-Лугар бағдарламасы” деп аталды, оның шеңберінде 1991 жылы тәуелсіздік алған соң Қазақстан аумағында қалған ядролық, химиялық және биологиялық қарудың инфрақұрылымын және объектілерін жою және зарарсыздандыру бойынша жобалар кешені, стратегиялық шабуылдық қару-жарақ демонтажын, экспорттық бақылау жүйесін құру, ядролық материалдарды басқару мен бақылауды жақсарту, қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау жүзеге асырылды.

1993 ж. 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Ядролық қаруды таратпау шартын (ЯҚТШ) ратификациялады.

ЯҚТШ ядролық қаруды бақылау саласындағы жалғыз көп жақты келісім болып табылады, ол қатысушы-мемлекеттерді ядролық қарусыздандыру бойынша шаралар қабылдауға міндеттейді.

Қазақстанның бұл ұйымға қосылуы еліміздің сыртқы саяси бағытын іске асырудағы маңызды кезең болып табылды.

1994 жылғы 5 желтоқсанда ЕҚЫҰ Будапешттік саммиті кезінде Ресей, Ұлыбритания Қазақстанның, Беларусьтің және Украинаның ядросыз мемлекеттер ретінде ЯҚТШ-ға қосылуына байланысты оларға қауіпсіздік кепілдіктерін беру туралы Меморандумға қол қойды. Осы құжатқа қол қою халықаралық қауымдастықтың Қазақстанның өз аумағынан ядролық қаруды шығару бойынша міндеттемелерін толық және бұлжытпай орындау фактісін мойындағанын білдірді. Кейінірек Қазақстанға осындай түрдегі кепілдікті Қытай мен Франция ұсынды.

Ядролық арсеналды шығару бойынша өз міндеттемелерін орындап, Қазақстан қазақстандық жерде ядролық қарудың инфрақұрылымын жою және бұрынғы әскери өндірістерді азаматтық мақсаттарға конверсиялау проблемасымен айналысты. Осы мақсатта ХАТЭАГ қамқорлығымен ядролық материалдарды есепке алудың және бақылаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру, АЭС пайдалану, ядролық материалдар мен қондырғыларды физикалық қорғау бойынша Қазақстанға техникалық көмек көрсету бойынша Координациялық жоспарды әзірлеген болатын, оған Ұлыбритания, АҚШ, Швеция және Жапония қатысты.

1994 ж. 14 ақпанда Қазақстан Халықаралық Атом Энергиясы Агенттігінің (ХАТЭАГ) мүшесі болды. ЯҚТШ ережелеріне сәйкес 1994 ж. 26 шілдеде Алматыда Қазақстан Үкіметі және ХАТЭАГ арасындағы кепілдіктер туралы Келісімге қол қойды, ол ҚР Президентінің 1995 ж. 19 маусымдағы Жарлығымен ратификацияланды. Барлық ядролық объектілер ХАТЭАГ кепілдігінде және Қазақстанның бүкіл ядролық қызметі Агенттіктің ережелері мен стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1996 ж. қыркүйекте Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының 51-ші сессиясы кезінде Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу шарты (ЯСЖТШ) қол қойды және Шарт шеңберінде анықтау режимін нығайтуға елеулі үлес қосып, Жаһандық Мониторингтік Желіні құру тұрғысында ЯСЖТШ Дайындау комиссиясымен белсенді ынтымақтасып, 2001 жылғы 14 желтоқсанда оны ратификациялады.

1994-1996 жж. ядролық қарусыздандыру саласындағы белсенді қызметінің арқасында Қазақстан 1996 ж. бақылаушы мәртебесін иеленді, ал 1999 ж. 5 тамызда консенсуспен Қарусыздандыру жөніндегі конференция мүшелігіне қабылданды.

2002 ж. 13 мамырда Қазақстан Ядролық жеткізушілер тобының (ЯЖТ) 40-шы мүшесі болды. Біздің ЯЖТ-ға қатысуымыздың мақсаты терроризммен күрес, жаппай жою қаруын таратпауға қарсы әрекет ету, екі жақты тағайындалған ядролық материалдар мен өнімнің пайдаланылуы және тасымалдануы үшін бақылауды күшейту бойынша шараларды белсенділендіру болып табылады.

2004 ж. 6 ақпанда Қазақстан Республикасы кепілдіктерді қолдану туралы Қазақстан Республикасы және ХАТЭАГ арасындағы Келісімге арналған

Қосымша хаттамаға қосылды және 2007 жылғы 19 ақпанда оны ратификациялады.

2005 ж. шілдеде Қазақстан «Краков бастамасы» ретінде белгілі жаппай жою қаруын таратпау саласындағы қауіпсіздік бойынша Бастамаға қосылды. Бастаманың мақсаты – барлық елдерді күмәнді әуе және теңіз кемелерін, сондай-ақ ОМУ-мен байланысты материалдарды тасымалдайтын жер бетіндегі көлікті тосқауылдау процесіне қатыстыру.

2006 ж. 8 қыркүйекте Қазақстан Орталық Азияның басқа елдерімен қатар Семейде өңірде ядролық қарудан бос аймақты құру туралы Шартқа қол қойды, бұл жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға маңызды ұжымдық үлес болып табылады. Өңір мемлекеттері қарусыздандыру және таратпау принциптеріне, қазіргі заманның аса маңызды проблемаларының бірін шешу бойынша ашық ынтымақтастыққа өзінің қатты бейімділігі туралы мәлімдеді. ХАТЭАГ Шартты ЯҚТШ-ға, жаһандық қарусыздандыру мен ядролық таратпау процесіне қосқан нақты үлес деп атады.

Қазақстан сондай-ақ 2006 жылғы шілдеде Ресей мен АҚШ Президенттерімен шығарылған ядролық терроризм актілерімен күрес бойынша Жаһандық бастамаға белсенді қатысады. 2007 ж. маусымда Астанада Жаһандық бастаманың сыртқы істер министрлері орынбасарларының Үшінші кездесуі жүргізілген болды.

2008 жылы Қазақстанда Жаһандық бастама шеңберінде келесі шаралар өткізілді:

- 6 маусымда Алматы қаласында Ұлттық ядролық орталықтың Ядролық физика институтының базасында «Атом-Антитеррор–2008 халықаралық антитеррористік оқулары болды.

- 2008 жылғы 11 қыркүйекте Өскеменде Ұлбі металлургия зауытының базасында «Жобалық қауіп» екі күндік семинары өткізілді.

Бүкіләлемдік қарусыздандыру процесіндегі тоқырауды есепке алып, ҚР Президенті Н. Назарбаев Жалпыға ортақ ядролық қаруды көлденеңінен және тігінен таратпау туралы жаңа шартқа қол қою бастамасымен сөз сөйледі.

2009 ж. 18 маусымда жарияланған Мемлекет басшысының бастамасы бойынша оның Семей полигонындағы сынақтарды тоқтатудың 20 жылдығына арналған салтанатты шарада және 2009 ж. 1 шілдеде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезінің ашылуында сөз сөйлеуі барысында, 2009 ж. 2 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясы 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы әрекеттер күні деп жариялау туралы Қазақстан ұсынған қарарды қабылдады. Қазақстан ұсынған қарардың қосымша авторлары 26 мемлекет, соның ішінде Армения, Беларусь, Бразилия, Қатар, Қырғызстан, Монғолия, Сауд Аравиясы, Тәжікстан, Түркіменстан және Жапония болды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2010 ж. желтоқсанда Астанада өткен ЕҚЫҰ саммитінде сөйлеген сөзінде Жалпыға ортақ ядролық қарусыз әлем декларациясын қабылдау туралы шақыруы айтылды. Саммит шеңберінде біздің мемлекетіміздің басшысы Арал теңізін сақтау, бұрынғы Семей ядролық полигоны аумағын жандандыру сияқты



экологиялық проблемаларды шешуге жәрдемдесетін, ЕҚЫҰ Экологиялық форумын құруды ұсынды. ЕҚЫҰ басқарушы үштігінің құрамында биылғы жылы Қазақстан ЕҚЫҰ экологиялық өлшемінің мазмұнын белсенділендіру бастамасын ұсынды. Ядролық қарусыз бастамаларды нығайтуда Қазақстан ХАТЭАГ-пен, Ядролық қаруды жеткізушілер тобымен, Краков бастамасымен, Цангер Комитетімен және Ядролық терроризм актілерімен күрес бойынша жаһандық бастамамен сәтті ынтымақтасады.

Қазақстанның осы бітімгершілік бастамалары бүкіл әлемде танылды, оларды БҰҰ және халықаралық қауымдастықтың үлкен бөлігі қолдады. ЕО жоғарғы өкілі атап өткендей, ЕО сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі жоғарғы өкілі, Еуропа комиссиясының вице-президенті К. Эштон былай деді: «...мен әрқашан Қазақстанның халықаралық аренаға шығатын ерекше рухани бастамаларының тізбесіне таң қаламын».

2011 ж. қазанда Астана Ядролық қарусыз әлем үшін белсенділердің халықаралық форумын өткізеді, ол Семей ядролық полигоны жабылуының 20 жылдығына арналған.

ХАТЭАГ-пен ынтымақтастықтың маңызды бағыты ядролық қауіпті қысқарту (NTI) бойынша Бастама Қорының жобасы шеңберінде Агенттік қамқорлығымен өткізілетін Халықаралық ядролық отын банкі (ХЯОБ) Қазақстан аумағында орналастыру туралы мәселені алға қою болып табылды.

Банктің құрудың негізгі мақсаты - әлемдік ядролық энергетиканы дамытуды қалайтын, бірақ жеткілікті ішкі ресурстары, ядролық материалдарға қатынасы жоқ елдерді қамтамасыз ету. Сонымен бірге объект еліміз үшін қандай да бір экологиялық қауіп төндірмейді. Халықаралық сарапшылар растайтындай, Қазақстанда радиоактивті материалдарды өндірудің, қайта өңдеудің және сақтаудың қауіпсіз технологиялары бар.

ҚР Президенті Н. Назарбаев Қазақстан бейбіт ядролық бағдарламаны соғыс бағдарламасынан бөлетін шектен ешқашан шықпайтынына сендіріп, Қазақстан берілген банкті өзінің аумағында орнаталастыруға ғана емес, сонымен бірге ядролық отынның тиесілі сақталуын қамтамасыз етуге әзір екендігін мәлімдеді.

Банкті құру туралы идея бірқатар әлем мемлекеттері көшбасшыларының арасында мақұлданды. Ал АҚШ Президенті Б. Обама Қазақстанның ХАТЭАГ Басқарушылары кеңесінің құрамына кіру туралы ниетін өзінің қолдайтыны туралы мәлімдеді.

Осы және көптеген басқа еңбегі үшін Қырғызстан Парламенті Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты бейбіт өмірді құрылысына қосқан үлесі үшін 2012 жылы Нобель сыйлығын алуға ұсыну туралы идеяны қолдады.

Назарбаевты әлемнің Нобель сыйлығына ұсыну туралы ұсыныстар бұрын да болған. Тура бір жыл бұрын осы идеяны Бүкіләлемдік түркі халықтарының Ассамблеясы айтқан болатын. Жақында Шешен Республикасының басшысы Рамзан Қадыров та осыған ұқсас ұсыныс жасады. Қазақстанда оны шешен-ингуш мәдени орталығының өкілдері қолдады.

Биылғы жылдың тамызында "Bike for Peace" норвегиялық қоғамдық ұйымы Қазақстан Президентінің кандидатурасын 2012-2013 жылдарда әлемнің

Нобель сыйлығына ұсынуға ұсыныс жасады, оны бірінші кезекте Н.Ә. Назарбаевтың Кеңес Одағы ыдыраған соң ядролық қарудан бірден құтылғанымен негіздеді, бұл көптеген елдер өзінің ядролық қаруын құруға талпынған жағдайда айтарлықтай елеулі факт болып табылады.

Тоғызыншы тамызда «Ақ Орда» республикалық қозғалысы «Әлем халықтарына үндеумен» сөз сөйледі, онда Семей сынақ полигонын жабу шешімі үшін, ядролық қарусыздандыру саласындағы бастамалары үшін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын әлемнің Нобель сыйлығына ұсынуға ұсыныс жасады. «Ақ Орданың» ұсынысы Қазақстанның Ұлттық мұрағатында өткен «Жапондық дабыл» циклінен алынған шарада жарияланды.

Қазақстанның ядролық қарусыз болашақ пайдасына жасаған стратегиялық таңдауы Қазақстан үшін қауіпсіздік саясатының басымдылығын көрсетті. Оның негізінде халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға, жаһандық проблемалар мен дауларды реттеудегі халықаралық ұйымдардың ролін арттыруға, тұрақты даму принциптері мен бастамаларына бейімділік жатыр.

Сонымен, егеменді Қазақстанның қарусыздандыру және ядролық қаруды таратпау бойынша бастамалары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қызметімен тікелей байланысты. Қазақстандағы Семей полигонына келіп, БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун: «Мен Ресей Федерациясының, Құрама Штаттардың және басқа ядролық державалардың көшбасшыларын ядролық қарудан толығымен бас тартуға шақырамын, себебі ядролық қарудан бос әлемді құру, - Біріккен Ұлттар Ұйымының маңызды басымдылығы және адамзаттың ең батыл мақсаты. Мен барлық ядролық державаларды Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын. Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясын 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы әрекеттер күні етіп жариялауға рухтандырды», - дей отырып, Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа 1991 жылы әлемдегі төртінші ірі ядролық арсеналдан бас тарту, полигонды жабу және ядролық қарудан бос орталық азиялық аймақты бастау туралы көреген шешімі үшін ризашылығын білдірді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Я – «ястреб»: Воспоминания, публикации, интервью. 1988-2007 годы. Михайлов В.Н. Издательство: Институт стратегической стабильности Росатома, 2008.
2. Нурсултан Назарбаев – лидер, на которого надо равняться// Казахстанская правда. 2010, 17 апреля.



## **Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік қауымдастықта Қазақстан Республикасының ақиқатқа негізделген имиджін қалыптастырудағы рөлі**

*Қарағанды мемлекеттік  
техникалық университетінің  
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының аға оқытушысы  
Есенжолов Е.С.*

Философтардың бірі: «Заманның ұлы адамы – бұл өз заманының еркін сөзбен тұжырымдай алатын, өз заманына оның еркі қандай екенін айта алатын және осы ерікті орындай алатын адам. Оның жасағанының барлығы, – жүрек, және оның заманының мәні, ол өзінің заманын материалдандырады» - деп айтқан екен.

Мұндай адам, біздің заманымыздың ұлы тұлғасы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев біздің еліміздің көшбасшысы, жаңа дәуірдің көшбасшысы, жаңа типті көшбасшы болып табылады.

Өткен ХХ ғасырдың соңғы онжылдығы әлемнің саяси картасын және планетаның көптеген халықтарының тағдырларын түбегейлі өзгерткен оқиғалармен қаныққан болды. Ол тәуелсіздік алған, прогресс, нарықтық экономиканың қалыптасуы, демократиялық өзгерістер жолымен сенімді алға жылжи бастаған Қазақстан үшін де елеулі болды.

Қазақстан халқының және ел басшылығының үлесіне ұлы тарихи миссия тиді, ол әр ұрпаққа және әр көшбасшыға жете бермейді. Осы ежелгі және мәңгі жас жерде жаңа мемлекет - еркін, демократиялық, экономикалық мықты, бейбітшіл және бүкіл әлемге ашық мемлекет құрылады. Сонымен бірге Қазақстан адамзатқа өзін, өзінің талантты, төзімді және еңбек сүйгіш халқын, өзінің табиғи, этникалық және мәдени алуан түрлілігі бойынша қайталанбас өлкесін ашады.

Мемлекеттің қазіргі замандағы бейнесінің проблемасы саясаткерлердің ой өрісінде болмауы мүмкін емес. Әрбір ел ол туралы көбірек білуге және осы ақпаратқа жақсы резонанс иелендіруге ұмтылады. Елдің жақсы бейнесі бүкіл қоғамға пайда әкеледі, өйткені елдің халықаралық аренадағы беделін арттырып қана қоймай, сонымен бірге инвестициялар мен туристердің елеулі бөлігінің келуіне мүмкіндік туғызады. Көптеген үкіметтер қазіргі PR-технологиялардың әр түрлі әдістерін пайдаланып, өз елдерінің шетелдегі ақиқатқа негізделген бейнесін қалыптастыру үшін орасан күштер мен қаржыларды жұмсайды. Сондықтан әлемнің дамыған елдерінде сыртқы саяси PR-қызметке маңызды көңіл бөлінеді. Мемлекет бейнесін жасау міндеті экономикалық және саяси реформалау мәселелері сияқты басымдылық болып табылады.

Мемлекет бейнесінің әр түрлі факторлардың толық кешенінен қалыптасатыны белгілі, олардың арасында мемлекеттің сыртқы саяси қызметі мен экономикалық, әлеуметтік және басқа параметрлерден тұратын ішкі саяси

жағдай бар. Әлемдік қауымдастық алдында мемлекет ылғи да нақты саяси көшбасшымен сәйкестендіріледі, сонымен бірге мемлекеттің табыстары мен қателіктері де оның атымен байланыстырылады.

АҚШ-та елдің жақсы бейнесін қалыптастыру мәселелерімен Құрама Штаттардың арнайы ақпараттық агенттігі ЮСИА айналысады. Жыл сайын олар өздерінің әр түрлі шараларына 1 миллиардтан астам АҚШ долларын жұмсайды (мамандардың кейбір бағалары бойынша). 1990 жылдан бастап ЮСИА АҚШ Мемлекеттік департаментінің құрылымдық бөлімшесі ретінде әрекет етеді және 142 елдегі 190 бөлімшені иеленеді. Агенттікте 6 мыңнан астам қызметкер қызмет етеді, олардың ішінде 2,5 мыңнан астамы шетелде агенттіктің жергілікті өкілдіктерінде жұмыс істеу үшін жалға алынған. Сонымен қатар, ЮСИА мәдениет пен білім бағдарламаларын дайындаумен және іске асырумен айналысады. Тәртіп бойынша, ЮСИА қызметкерлері шетелде АҚШ елшіліктерінің баспасөз, мәдениет және қоғамдық байланыстар бөлімдерін жинақтаған.

Францияда елдің жақсы бейнесін жасау үшін үш құрылым жұмыс істейді, олар әлемде «француз тілі мен мәдениетін таратуға» бейімделген. Олардың бірі – «Француз альянсы», ол 1883 жылы құрылған және оның әлемнің 138 елінде мыңнан астам бөлімшесі бар. Екінші құрылым - 1910 жылы құрылған, «Француз институттары» желісі. Әдетте «Француз институттары» шетел мемлекеттері астаналарындағы Францияның елшіліктері жанындағы мәдени-ақпараттық орталықтар ретінде жұмыс істейді. Үшінші құраушы – мемлекеттік Халықаралық француз радиосы, оның саясаты Сыртқы істер министрлігімен анықталады.

Ұлыбританияда бұл жұмыс бірден бірнеше ұйыммен жүзеге асырылады. Олардың арасында – Британ кеңесі. Берілген органды қаржылық қолдауды шетел мемлекеттерімен мәдени байланыс жасаумен айналысатын үкімет пен ұйым жүзеге асырады. Британ кеңесінің бөлімшелері әлемнің 109 елінің 230 қаласында ашылған. Олар британдық кітапханалардың, лингвистикалық және мәдени орталықтардың жұмысын қолдайды, шетелдегі британдық көрмелерге демеушілік етеді.

«Күн шығыстағы елдің» шетелдегі жақсы бейнесін Жапония Қоры қолдайды. Берілген Қор Сыртқы істер министрлігінің басқаруымен әрекет етеді. Қордың әлемнің 17 елінде өкілеттіктері бар. Жапон елшіліктерінде, әдетте, мәдени орталықтар жұмыс істейді, ал елшіліктердің өздері келген елдің тілінде иллюстрацияланған журналдар шығарады.

Осыдан, әлемдік қауымдастықтағы маңызды рөлден үміткер елдер өздерінің жақсы бейнесін құрумен айналысады.

Қазақстанға қатысты алсақ, онда кеңес кезеңінің өзінде мұндай қызмет түріне орасан көп материалдық қаржы бөлінген. КСРО ыдыраған соң, Қазақстанда ұзақ уақыт бойы осыған ұқсас ештеңе жүзеге асырылмаған. Тек соңғы бірнеше жылда біздің мемлекетіміздің жақсы бейнесін құру бойынша бағдарламаның шеңберінде шаралар жүргізу туралы белсенді пікірталастар жүргізілуде.

Батыстың бірқатар БАҚ талдауы куәландыратындай, Батыстың Қазақстанға деген қызығушылық деңгейі ХХ ғасырдың аяғына және ХХІ

ғасырдың басына қарай біртіндеп өсті (кезеңдік құлдырауға карамастан). Бұл бірқатар себептермен түсіндіріледі.

Біріншіден, Наполеонның «мемлекет саясаты оның географиясымен анықталады» - деген ойын халықаралық қатынастардағы Қазақстанның бейнесіне де жатқызуға болады. Қазақстан Еуразия материгінің орталығында орналасқан. Республика аумағы батыстағы Жайықтың төменгі ағысынан шығыстағы Алтайға дейін 3000 км-ге, солтүстіктегі Батыс Сібір жазығынан оңтүстіктегі Тянь-Шань тау жоталарына дейін 1600 км-ге созылады.

Екіншіден, Қазақстандағы оқиғаларға белгілі қызығушылық кезеңдері оның тарихындағы түйінді бетбұрыстармен байланысты болған. Сонымен, КСРО саяси кеңістігінде Қазақстан ұзақ уақыт бойы КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясының Бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтің қызметімен байланыстырылған.

Кеңес өкіметі кезінде Қазақстан әлемде ядролық полигонның жабылуын жақтайтын, «Невада-Семипалатинск» бейресми қозғалысымен байланыстырылды. Әйгілі Байқоңыр космодромы әрдайым қазақ даласымен байланысты болды. Өнеркәсіп алыптарының арасында «Қазақстандық Магнитка» болды, онда Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің еңбек жолы басталған. КСРО ыдыраған соң, нарық жағдайларында «Теңіз-Шеврон» сияқты мұнай өндіру өнеркәсібімен байланысты ұйымдар, сондай-ақ «Қазақмыс», «Қазақойл», «Қазмұнай-газ», «Эйр-Астана» авиакомпаниясы сияқты ірі компаниялар белгілі болды.

Қазіргі әлемдік саяси кеңістікте Қазақстан бейнесінің осындай танымал құраушысы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев болып табылады.

1991 ж. аяғы - 1992 ж. басы. Әлемдік қауымдастықты әлемнің құдіретті державаларының бірі күтпеген жерден бірқатар тәуелсіз мемлекеттерге ыдырады деген жаңалық қатты толқытты. «Тарихтың бұйрығымен Қазақстан биполярлық әлем ыдыраған кезеңде әлемдік саясаттың эпицентрінде болып шықты... Біздің ақиқатымызды білмеу алдымен Қазақстанның ядролық қаруы бар және бүкіл әлемдік қауымдастыққа қауіп төндіретін ислам мемлекеті ретінде жағымсыз бейнесінің құрылуын тудырды. Осы жағымсыз бейне күшіне еніп тұрды және тек бізге емес, сонымен бірге біздің болашақ серіктестерімізге де кедергі жасады», - деп есіне алады Н.Ә. Назарбаев. Яғни Кеңес Одағы ыдыраған соң, Қазақстанның бейнесі «перденің» екінші жағында «демократиялық әлемнің» қауіпсіздігіне және ілгерілемелі дамуына тиген қауіп ретінде қабылданды.

Біздің елімізге деген қызығушылық шыңының қайта құру жылдарына және түбегейлі өзгерістердің бастапқы кезеңіне келгені даусыз. Біздің елімізде сол күрт өзгерісті кезеңде болып жатқан оқиғаларды саяси элита ғана емес, сонымен бірге қатардағы азаматтар да мұқият бақылады. «Еркін әлемнің» жаңа даму бағыттарын нығайтуда мүдделілігі туралы батыстың саяси және сараптық қауымдастығы табандылықпен еске салып отырды. Тіпті сол күрделі өтпелі кезеңде Қазақстан өзін саяси аренада дұрыс көрсете білді. Қазақстанның жақсы бейнесін құрудағы айрықша сәтті қадам еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың

алғашқы бағдарламалық мәлімдемелерінде айтылған, ядролық қарудан бас тарту және ашықтық пен халықаралық ынтымақтастыққа бағытты жариялау болды.

Осы мәлімдеменің салдарында Қазақстан сыртқы саяси аренада нақты ұстанымды құра бастады және халықаралық қатынастар жүйесінде өзінің орнын іздей бастады. Республика әлемдік қауымдастық елдерінің басым көпшілігімен дипломатиялық қатынастарды орнатты және БҰҰ және ЕҚЫҰ сияқты беделді халықаралық ұйымдарға кірді, мемлекет аралық бірлестіктер ШЫҰ, АӨСШК, ЕурАзЭҚ бастамашысы және белсенді қатысушысы болды. Осының барлығы тарихи өлшемдер бойынша қысқа уақыт аралығында болды.

Қазақстан тарихи тынышсыз Орталық Азия аймағында бейбітшілік пен тұрақтылықтың тірегі болды. Қазақстандық ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету моделін бүкіл әлем таныды. Бүгінгі күні біздің еліміз 2010 жылы ЕҚЫҰ-да Төрағалық ету постын алды. Ендеше Қазақстан ЕҚЫҰ болашақ төрағасының постысында да Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің толеранттылығы және өзара байытылуы негізінде өркениеттер диалогы деп аталатын тақырыптаманы аса терең әзірлеуге өз үлесін қоса алады және қосуы тиіс.

Қазіргі әлем жаһандық проблемаларды, жаһандық және жеке қауіпсіздік проблемаларын шешуде жаңа институционалдық амалдарды іздеу үстінде. Қазақстанның халықаралық саясаты тұжырымдамасына Нұрсұлтан Әбішұлы әуел бастан жаһандық жауапкершілік, көп векторлылық, сенім режимін және тайталастық модельдерден бас тартудың стратегиялық диалогын құру принциптерін салды. Бұл қазіргі жаһандық үндеулерге толығымен жауап беретін, теңдессіз «Назарбаев моделінің» тағы бір маңызды сипаттамасы. Қазіргі Қазақстанда берілген бейнені құру мен дамытуда ел туралы жағымды, не болмаса жағымсыз түсінікті құрай алатын, бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рөл атқарады. Жоғарыда айтып кеткендей, Қазақстан – орасан зор ел. Республикада күн сайын көптеген алуан түрлі оқиғалар болып жатады, олар да ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атымен және бастамаларымен байланысады.

Ақырында, ел бейнесі туралы ой жүгірте отырып, сөздердің оның тұрақты дамуына әкелетін нақты істермен расталуы тиістігін есте сақтау қажет. Елдің жақсы бейнесін құрумен қатар елдегі тіршілік жағдайларының өздерін де жақсарту қажет. Еңбек ақы, халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату саласындағы батыл әлеуметтік реформалар, жан-жақты жаңарту, әлемдік экономика мен қауымдастыққа сәтті кірігу – міне, бәрі болмаса да, бірақ кез келген мемлекеттің жақсы бейнесін негізгі құраушылар.

Елді дамытудың жаңа кезеңін Президент жыл сайынғы Жолдауында мына түрде белгілеген: «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». Елдің алдында жеделдетілген жаңарту, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру жобалары тұр.

Әрине, берілген даму басымдылықтарының белгілі имидждік жүктемесі де бар. Біздің еліміз әлемдік қауымдастықта, соның ішінде бизнес-элиталарда танылатын болды. Қазақстан бізбен бірігіп істер атқаруға болатынына ірі батыс бизнесінің көзін жеткізе алды және ол шетел инвестицияларын жұмылдыру

бойынша аймақтық көшбасшыға айналды. Сонымен бірге өткен уақыт ішінде бұрын қол қойылған шетелдік инвесторлармен жасалған келісім-шарттарды қайта қарау жағдайлары болмады, бұл біздің елімізде сенімнің артуына мүмкіндік туғызады. Осы жерде тағы да Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың рөлінің көрінетіні сөзсіз.

Елбасының саяси ерлігі, оның стратегиялық таланты, алдын ала болжау күші және мақсаттарына қол жеткізудегі табандылығы Қазақстанды бүкіл әлемде лайықты бағаланған табыстармен қамтамасыз етті. Жалпы алғанда, жоғарыда айтылғанның барлығы Қазақстан үшін басқалардан алған және меншікті тәжірибенің өзіндік синтезі не «түрлі-түсті революцияларды», не жылдар бойы құрылған және әлемдік қауымдастықтың алдында елдің қайталанбас имиджін жасаған тұрақтылықты бұзуға қабілетті басқа күйзелістерді қабылдамайтын, қоғамдық дамудың мықты негізі болғаны туралы айтады.

Сонымен, Қазақстанның экономикалық өсуі және саяси тұрақтылығы, плюс сыртқы саяси кіріктіру бастамалары жетекші әлемдік державалардың алдында біздің еліміздің сыртқы да, ішкі де жақсы бейнесінің едәуір нығаюына мүмкіндік туғызды. Көбінесе Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының күш салуының арқасында біздің еліміз ашық, демократиялық жүйе жағына қарай маңызды қадамдар жасады және әлемдік қауымдастықта танылуға қол жеткізді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Рахимова Г. Образ Казахстана в контексте политического развития //Саясат. 2008. № 10.
2. К. Масимов. «Модель Назарбаева». Ответ на глобальный вызов //Казахстанская правда. 2008. 5 июля.

## Мазмұны

<b>Смағұлов Н.К.</b> Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметінің қалыптасуындағы Президент Н.Ә.Назарбаевтың рөлі .....	3
<b>Смағұлов Н.К.</b> Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі принциптері.....	10
<b>Шаймұханова С.Д.</b> Қазақстан Республикасы және Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) .....	17
<b>Шаймұханова С.Д.</b> Қазақстан және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым (ЕҚЫҰ).....	24
<b>Даниярова А.Е.</b> Қазақстанның өзара әрекеттесуі және Солтүстік Атлантикалық келісім ұйымы (НАТО).....	29
<b>Даниярова А.Е.</b> Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметіндегі халықаралық экономикалық қаржы институттары .....	35
<b>Сүлейменова М.Ж.</b> Қазақстан және «Ислам Конференциясы» ұйымы.....	42
<b>Сүлейменова М.Ж.</b> Посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестер.....	46
<b>Әбдірахманова А.А.</b> Қазақстан және ЕурАзЭҚ.....	52
<b>Ошанов Н.З.</b> Еуразиялылық идея және Қазақстан.....	60
<b>Мақалақов Т.Ж.</b> Қазақстан және ұлттық қауіпсіздік мәселелері .....	64
<b>Нұғман Б.Ғ.</b> Қазақстан халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарт ұйымы (ҰҚКҰ) және Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі (АӨСШК) .....	70
<b>Тілеуғабылова Қ.С.</b> Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШҰҰ) қатысуы .....	76
<b>Тілеуғабылова Қ.С.</b> Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі .....	82
<b>Жетпісбаев А.О.</b> Н.Ә. Назарбаевтың қарусыздандыру және ядролық қаруды таратпау бойынша бастамалары.....	85



**Есенжолов Е.С. Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік қауымдастықта Қазақстан Республикасының ақиқатқа негізделген имиджін құрудағы рөлі.....91**

ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘЛЕМДІК САЯСАТ ЖҮЙЕСІНДЕ**

**2-кітап**

2-ші басылым, өңдел. және толық.

**Құрастырушы авторлар:** Байжабагинова Г.А., Матвеевкова Л.Г., Волкова А.В.,  
Сламбекова А.К., Смағұлов Н.К., Шаймұханова С.Д., Даниярова А.Е.,  
Сүлейменова М.Ж., Абдрахманова А.А., Мақалақов Т.Ж., Нұғыман Б.Г.,  
Ошанов Н.З., Тілеуғабылова К.С., Жетпісбаев А.О., Есенжолов Е.С.

31.03.2004 ж. берілген № 50 мемл.баспа лиц.  
Басуға 15.12.2011 ж. қол қойылды. Тапсырыс 1921  
Пішімі 60x84x16. Есептік баспа табағы 6.1. Таралымы 3 дана.  
Бағасы келісімді.  
ҚарМТУ баспасы. 100027. Қарағанды. Бейбітшілік бульвары, 56